

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

**КАЗАХСТАНСКО-АМЕРИКАНСКИЙ СВОБОДНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ**

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ КОНГРЕСС

**МЕЖДУНАРОДНОЕ ПАРТНЕРСТВО: ИССЛЕДОВАНИЯ,
ИННОВАЦИИ И ОБРАЗОВАНИЕ**

Сборник докладов международного научного конгресса
(25-26 сентября 2015 года)

Часть 3

Усть-Каменогорск
2015

УДК 37.0 (063)
ББК 74.04
М 43

Редакционная коллегия: Е.А. Мамбетказиев
А.Е. Мамбетказиев
Д. Бэлласт
Г.А. Конопьянова
Г.А. Мензюк
Г.А. Гаврилова
Н.М. Шефер
Т.В. Левина
А.Н. Нурланова
Ж.К. Саданова

М 43 «Международное партнерство: исследования, инновации и образование»: Сб. докл. междунар. научного конгресса (25-26 сентября 2015). – Усть-Каменогорск, 2015. – В 3-х частях. – Ч. 3. – 225 с.

ISBN 978-601-7334-67-3

Сборник публикуется по материалам международного научного конгресса «Международное партнерство: исследования, инновации и образование». Тематика статей на казахском и русском языках проблемы педагогики и психологии, вопросы казахской филологии, вопросы юриспруденции

Материалы третьей части конференции включают доклады, представленные в секциях, посвященных данным вопросам.

Материалы сборника адресованы научным сотрудникам, профессорско-преподавательскому составу вузов и студентам, работникам образования.

УДК 37.0 (063)
ББК 74.04

ISBN 978-601-7334-67-3

© Казахстанско-Американский
свободный университет, 2015

ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

«АҚИҚАТ СЫЙЫНДАҒЫ» ДАСТАНЫНДАҒЫ ГУМАНИСТІК ИДЕЯЛАР

Нұрланова Ә.Н., Бөкенова Д.

Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан

Тоталитарлық жүйенің кезінде атеистік бағыттағы дүниетаным басымдылық еткені белгілі. Соңғы кезде елімізде демократиялық үрдістерге бетбұрыс негізінде Қожа Ахмет Яссауи, Ахмет Йүгінеки сияқты діни философияның өкілдеріне деген көзқарасты өзгертіп, олардың іліміндегі адамгершілік құндылықтарды, тәлімдік-тәрбиелік қағидаларды, даналықтың үлгілері бар екендігін мойындатты.

Ахмет Йүгнеки – түркі тілдес халықтардың орта ғасырлардағы көрнекті ақыны, есімі ислам әлеміне машһур болған ойшыл қайраткер. Ол – мұсылман қауымның дәстүрлі қағидаларын жырлаған сопылық әдебиеттің түркі халықтары арасындағы мейлінше танымал ірі өкілдерінің бірі болған.

Ахмет Йүгнекидің «Ақиқат сыйы» дастаны қазақ әдебиеті тарихының орта ғасырдағы өз бағасын алған. Халықты рухани тазалыққа шақырып, олардың санасын ояту, түйсігін ашуда осындай көркемдік қыры жоғары шығарманың әсері болған. Ол өзіне дейінгі көне түркілік өлең дәстүрін шығыстық өлең жазу үлгісімен ұштастыра білген шебер ақындардың бірі болып саналады.

«Ақитат сыйы» түркі халықтарының тіл тарихын, әдебиет тарихын, ондағы жанрлар мен басқа да ерекшеліктерін, негізін, мысалы, дидактикалық әдебиет көздерін ашып, олардың тамырын талдау ісінде таптырмайтын құнды дерек болып табылады.

Дидактикалық тақырыптың негізін салушылардың бірі Ахмет Йүгнеки - әдебиеттің мазмұнын жаңартып, тың тақырыпты көтерген ақын. Өзі өмір сүрген уақыттағы келеңсіз жағдайларды, арман-тілегін суреттеген «Ақиқат сыйы» сияқты шығарма бір ғасырдың еншісінде ғана емес. Одан кейінгі де, одан бұрынғы да көркем туындыларды алып қарасақ, әр заманның ақындары бұл мәселелерді өздігінше жырлағанын айқын аңғаруға болады.

«Ақиқат сыйы» дастаны өзінің барлық болмыс-бітімімен бүкіл көне түркілік әдебиетінің шоқтығы биік, мәуелі әдебиеттің көркем үлгісі саналады. Бұл әдеби мұра бүгінгі әдебиетке өзінің танымдық, насихаттық сипаттары жағынан да, түр-құрылысы, көркемдік жағынан да толыса, кемелдене түсуіне жол салды.

Гуманизм – Қайта өрлеу дәуіріндегі прогрессивті қозғалыс. Негізгі мағынасында адамды сүю, ізгілік ұғымдары жатыр.

Гуманизм - өрлеудің негізі болды. «Гуманизм» терминінің қазіргі мағынасымен салыстырғанда («адамды сүю», «ізгілік» т.б.) әуел бастағы мәні кең.

Гуманизм Қайта Өрлеу дәуірінде философиялық - өнегелілік танымның ерекше бір кешені ретінде танылды. Ол адамды тәрбиелеуге, оған діни схоластикалық, «құдайшыл» емес, гуманитарлық пәндер: филология, тарих, мораль бойынша білім беруге тікелей қатысты болды. Табиғат, антикалық философия, риторика, поэтика мен поэзия туралы гуманистік, антикалық іліммен қайта жаңғырды. Гуманитарлық білім ол кезде ең универсалды білім саласы ретінде бағаланса, адамның рухани кейпін тануда оның сөз байлығы басты орында тұрды.

Орта ғасырдағы түркі ақындарының тағы бір ортақ жырлаған тақырыбы - жомарттық пен сараңдық, кішіпейілділік пен тәкаппарлық.

Мінез-құлықты жақсарту, білім алу, кішіпейіл болу - бұлар жомарттықтың бір көрінісі. Адам бойындағы асыл қасиеттердің ең бастысы жомарттық екенін көркем сөзбен бейнелей келе ақын жомарттық пен сараңдықты қатар қойып, шендестіре суреттейді.

Шығыс әдебиетінің ірі өкілдері Омар Хайям, Низами, Хұсам Катиб, Науаи сынды шайырлар шығармаларында адамның жағымсыз қылықтарын суреттегенде жансызға жан, тілсізге тіл бітіреді. Сол арқылы патшалардың, хандардың тойымсыздығы мен жауыздықтарын бейнелі сөзбен әшкерелейді. Йүгнеки де тойымсыз ашкөздіктің арты үлкен қайғы екенін ескертеді. Дүниеқор көрге жалғыз кебінмен кіріп, көзін су топырақ жалмағанда ғана тоятынын батыл суреттейді.

Адамгершілікке, ізгілікке үндеу - адамның мінез-құлқын өзгерту үшін қажет нәрсе. Йүгнеки жақсы қасиетке толы адамды жапырағы жайқала өсіп тұрған мәуелі ағашқа теңейді. Жамандыққа жақсылық жасау, зәбір-жапа шеккендерді қамқорлыққа алу, дұшпандықтың тамырына балта шабу - сауабы мол істердің бірі екенін атап өтеді. «Қайырымсыз кісі жеміссіз ағаш сияқты, жеміссіз ағашты кесіп алып өрте», - деп жамандықты жоюға шақырады. Өр түрлі тақырыптарға арналған тарауды ақын көп ойланып, аз сөйлеудің пайдасы зор екенін үгіттеумен бастайды.

Ақын өзі өмір сүрген тұста адал адамдар азайып, залымдар көбейгеніне қатты қапаланады. Адамдардан мейір кетіп, мінез-құлық өзгерді, жаман әдеттер молайды, бір сөзбен айтқанда, ел өзгеріп, адамгершілік қасиеттер жоғалды дейді.

Оның пайымдауынша ғалымның еңбек етуін қоюы, тақуа

сыйынғанын тастауы, бас-басына би болған басшыларға тоқтау салатын ешкімнің қалмауы ақырзаманның белгісі.

Әлеуметтік қайшылықтар, дүниенің өзгеруі, бейбастықтың көбеюі Х-ХІІІ ғасырларда кең етек алғанын көреміз. Демек, Шортанбайлар жырлаған «зар заман» тек ХІХ ғасырда емес, сонау Йүгнеки өмір сүрген тұсында да болған. «Құтты біліктегі», «Ақиқат сыйындағы» жамандықтың көбеюі, ақырзаманның орнауы, адамгершілік қасиеттердің жоғалуы туралы айтқандары кейінгі отаршылық дәуірде туған зар заман поэзиясына өзек болды [2, 75].

Демек, қазақ әдебиетінің үлкен бір арнасы саналатын зар заман поэзиясына ежелгі дәуірдегі әдеби жәдігерлер де өзіндік әсер еткен. Адамның азғырғаны, жақсы қасиеттердің жоғалғаны, оқу-білімнің қадірі кеткені, надандықтың белең алуы жайында айтып торығушылық сонау ықылым заманнан басталғаны белгілі болып отыр.

«Ақиқат сыйы» дастанында айтылған үгіт-насихаттар, дидактикалық ой-пікірлер тек орта ғасырдың өмір шындығы ғана болып қалмай, бүгінгі күндегі қоғамдық, әлеуметтік, рухани сауалдарға да жауап береді. А. Йүгнеки адамгершілік мәселелердің пайдасы мен зиянын қатар қойып, образдылық бейнелер жасайды.

Міне, дидактикалық тақырып әдебиетке жаңа мазмұн, соны пікірлер әкелгені айқын аңғарылады. Демек, ақын шығармасы көркем сөз өнеріміздің өсіп-өркендеуіне мол үлес қосқан, өзіндік із қалдырған тамаша шығарма. Осындай ақындар әр кезеңде әдебиетті жасайды да дамытады.

Егер олар болмаса, өлеңнің сырын, мәнін түсіндіретін жандар сарқылып азаяр еді. Осындай көркем сөз шеберлерінің құнды туындыларының арқасында өткен әдебиетіміз тамырын терең жайып отыр.

Әдебиеттер

1. Бердібай Р. Жұлдыздар жарығы. - Алматы: Білім, 2000. - 248 б.
2. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. Зерттеу. – Алматы, 1998. – 335 б.
3. З Келімбетов Н. Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы. - Алматы: Ғылым, 1998. - 116 б.
4. Ахмет Йүгінеки. Ақиқат сыйы (Түп нұсқаның фотокөшірмесі, транскрипциясы, прозалық және поэзиялық аудармасы. Баспаға дайындағандар: Ә. Құрышжанов, Б. Сағындықов). - Алматы: «Ғылым», 1985. - 152 б.
5. Йүгінеки Ахмет. Ақиқат сыйы. Ауд. Ә. Құрысжанов, Б. Сағындықов. – Алматы, 1985. – 156 б.

ОРАЛХАН БӨКЕЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МАҚАЛ- МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Серік І., Мұқашева М.Қ.

ДБА Жамбыл атындағы ОММГИ, Өскемен, Қазақстан

Өр Алтайдың асқақ жыршысы Оралхан Бөкей - жазушы, драматург, журналист, сөз зергері, қазақ прозасының 60-шы жылдардан кейінгі хас шебері, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының, Н. Островский атындағы Бүкілодақтық әдеби сыйлықтың иегері, қоғам қайраткері [1, 67].

Өзімізге де, өзгеге де кеңінен танылған, дауылға қарсы жүзіп, көңіл көгіндегі мұратына жеткенше талмайтын, шығармасы уақыт өткен сайын қырынан ашыла түсетін талант иесі – Оралхан Бөкей әдебиетімізге өз өрнегін сала келген жазушы.

Табиғат-ананың бойына дарытқан талантымен оқырманын баурап алған жазушы әдебиет әлеміндегі шоқтығы биік алыптардың қатарынан өз орнын тауып, өзгеге ұқсамайтын, қайталанбас болмысы мен қолтаңбасымен дараланды. Осы орайда Дулат Исабековтің: «Оралхан Бөкейдің ешкімге ұқсамайтын шығармашылық таланты оқырмандарын да, қаламдастарын да, сыншыларды да таңқалдырды. Кезінде, солақай сыншылардың сыңаржақ соққысына да тап болды. Бірақ, Алтайдай асқақ, асудай тарпаң жазушы-драматург бәрін де жеңіп шықты, әдебиет әлемін мойындатты», - деген пікірі жазушы болмысын аша түскендей [2,4].

О. Бөкей – көркем сөз өнерінің шебері. Оның туындыларының форма жағынан өзіндік ерекшелігі бар. Оның кітаптары неміс, славян, болгар, ағылшын, венгер, араб, қытай, жапон және ТМД халықтары тілдеріне аударылды [3, 180].

«Осынау талантты қазақ жігіті бүгінде тек одақ көлемінде ғана емес, шетелге де кеңінен танылған, осы замандық жас прозаик», - деп Анатолий Ким айтқандай [2, 4], талантына табындырған Оралхан Бөкей - иісі қазақ халқына ғана емес, әлем оқырмандарына да танымал болған, оқырманын селт еткізген талантты дарын иесі.

Өр Алтайдың асқақ жыршысына айналған, «Мұзтаудың Мұзбалағы» атанған жазушы, драматург, журналист, сөз зергері Оралхан Бөкей шығармалары - саф таза, сұлу, айрықша орны бар, өмірлік мәселелерді көтерген, күллі адамзаттық туындылар. Азғантай ғана ғұмырында қаламынан кесек, өзек жарды туындылар тудырған Оралхан Бөкей - әдебиет әлемінде өзінің өрнегімен, қолтаңбасымен танылып, қаламынан «Қалай өмір сүру керек?» деген өмірлік адам проблемасы туындаған өзекті туындылардың авторы.

Жазушы әлемінің басты ерекшеліктері:

- Шығармаларының басты нысанасы - Адам тағдыры, табиғат, олардың тұтастығы, бірлік әлемі.. Қарапайымдардың өзін рухы, ары, жан дүниесі таза характер тағдырына көтеруі. Олардың «Қалай өмір сүру керек?», «Неге біз осы?» деген бүкіл адамзатқа тән өзекті сұрақтар айналасында өзін-өзі қамшылауы. Характер сомдау шеберлігі; ішкі тебіреніс, толғаныс, монолог, психологиялық иірімдер шебер беріледі.

Туындыларында реализм, натурализм, символизм, романтизм бағыттары өріле беріледі. Адамдар арасындағы «теңсіздік» арқылы қоғам шындығын ашып, оқыс та батыл шешім жасайды. Кейіпкерлері өмірден, шындықтан алынған [1, 68].

«Оралхан өзінің табиғат берген зерде, зейіні, сөзге, сөз өнеріне деген бейімділігі арқасында жастайынан өнерге, әдебиетке, сұлулыққа кұштар болып өседі...», - деп жазушы, сыншы Тұрлыбек Мәмесейітов айтқандай [4, 3], қаламгердің қай шығармасын алмаңыз, тіл көркемдігі, тіл шеберлігі ерекше, халқымыздың бай ауыз әдебиетін, соның ішінде мақал-мәтелдерді тиімді қолданып, өзінше өрбіте білген жазушы. Төменде Оралхан Бөкейдің мақал-мәтелдер кездескен біраз шығармалары туралы қысқаша талдау ұсынып кеткенді жөн көрдік.

Шығармаларын талдау. Оралхан Ұлы Отан соғысы жылдары дүниеге келген ұрпақтың өкілі. Сол бір алапат соғысты көзімен көрмесе де анасының құрсағында жатып, тылдағы ауыр еңбектен қабырғасы қайысып, күрсіне-күңірене жүріп күн кешкен қамкөңіл жандармен бірге тыныстап, бірге қиналып дүниеге келген бұл ұрпақтың да жанына соғыс салған жара аз болмаса керек [4, 4].

«Бәрі де майдан» романы.

- Жазушыға тән тың проблема, тың шешім. Бас кейіпкер Ақан қарт арқылы: «Адамды бағалайық, оның еңбегін бағалайық» деген ащы шындық, ащы шақыру жатыр.

- Айтар ой Ақанның ішкі толғанысы, тебіренісі арқылы беріледі.

- Ардагер қатарында жоқ Ақан қарттың таза еңбегі, арлы өмірінің шынайы берілуі. Оған қарсы соғысқа қатысқанын күнде бұлдап, оны саудаға салып жүрген Құмырайдың алынуы. Екі әлем.

Ақан – адалдықтың, таза еңбектің әлемі болса, Құмырайдың – ашкөзділіктің, рухы арамдардың әлемі екендігі. Екі бейнедегі типтік белгілер [1, 69].

Жалпы, О. Бөкей заман тынысын, замандас бейнесін, әсіресе рухы күшті адамдар туралы, мөлдір махаббат, рухани тазалық жөнінде, жан сұлулығы жайында талмай ізденіп өткен жазушы. Оның «Жетім бота», «Мынау аппақ дүние» аталған повестері де бұл

ойымызды дәлелдей түскендей [4, 13].

Жалпы, О. Бөкей заман тынысын, замандас бейнесін, әсіресе рухы күшті адамдар туралы, мөлдір махаббат, рухани тазалық жөнінде, жан сұлулығы жайында талмай ізденіп өткен жазушы. Оның «Жетім бота», «Мынау аппақ дүние» аталған повестері де бұл ойымызды дәлелдей түскендей [4, 13].

«Қар қызы» повесі. Автордың адам жұмбақ, ғалам-жұмбақтың тереңіне үңілген ізденісін танытатын шығармасының бірі – «Қар қызы» [4, 11].

- Повестегі сөз болатын басты мәселе – ізгілік пен зұлымдық, жауыздық арасындағы мәңгілік тартыс.

- Оны жазушының басқа қырынан көрсетуі. Бір таудың екі жағында тіршілік етушілерді екі жақты тау ғана бөлмейтіні, бірі – күнгейдегілер, екіншісі – көлеңкедегілер екендігі.

«Қар қызының» зарлы әні. Жер бетіндегі тазалар мен жақсылардың (сол үшін жапа шегіп жүрген) зарлы әніндей жан жүректі тербете білуі [1, 68].

Бірыңғай бүгінгі заман тақырыбына, замандас өміріне қалам тартқан О. Бөкей творчествосы шығарма сайын күрделеніп отырады. Ол – өз заманы, өзі бірге жүріп, біте қайнасқан замандастары алдындағы қарыз-парызды терең түсінген қаламгер [4, 7].

«Сайтан көпір» повесі 1980 жылы жазылған. Ол 1994 жылы басылып шықты.

«Сайтан көпір» повесінде Жақсылық әлемінің көрінісі, үлгісі - Аспан бейнесі арқылы берілсе, жамандық дүниесі – Жаңғырық, Айқай, Анау. Повесте нақты адам – Аспан бейнесінде көрініп отыр.

Аспан өз өмір жолында осы Айқаймен, Анаулармен күресіп-ақ келеді. Байқап отырса, Жаңғырық, Айқай, тіпті мұның қыр соңынан қалмайтын сияқты. Бірақ Жамандық қанша қыр соңына түскенмен Жақсылықты құрта алмады. Аспан рухы асқақ күйінде қалды [4, 7].

Осы өмірде «Сайтан көпірге» итермелейтін адамдар да көп. Ал егер осы өмірде Аспан, Аман, Ерік сияқты ақ ниетті, ізгі жүректі адамдар болмаса, жер беті айқайға айналар еді-ау.

«Ер кезегі үшке дейін» («Сайтан көпір» 217 б.)

Жасырынбақ ойнаған күнді қимаған Аспан буыны дірілдеп алғаш рет кеудесін көтеріп еді, көп шыдауға дәрмені жоқ, қайтадан құлап түсті. Тұрмаққа тағы да әрекет жасады. Ер кезегі үшке дегенде ғана – басы қалқайып отыруға шамасы келді.

Қазақта дәл осындай мақал бар.

«Ер кезегі үшке дейін» («Қазақ мақал – мәтелдері»).

Мақал-мәтелдердің қолданылуы

Шығармаларының аты	Мақал-мәтелдер	Беті
Қайдасың қасқа құлыным	Ердің белгісі-пышақ	70
	Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ	103
	Туған жерден түтінімізді сөндірмей...	104
	Өлі арыстаннан тірі тышқан артық	106
Ардақ	Өзі болған қыз төркінін танымас	137
	Аш құлақтан-тыныш құлақ	138
	Бар байлығы – бір шайлығы	138
	Ит жесе де қайтып еліңе бар	140
	Таспен атқанды аспен ат	145
Бәрі де майдан	Тек жүрсең – тоқ жүресің	95
	Еркек тоқты-құрмалдық	105
	Бес жас – Бел құрдас	109
	Көп қорқытады терең батырады	155
Қар қызы	Көретініңді көрмей, көрге кірмейсің	346
	Шешеден қыз қалмасын, түйеден тұз қалмасын	377
«Мынау аппақ дүние»	Азапсыз махаббат-арзан махаббат	423
	Ер туған жеріне ит тойған жеріне	458
«Сайтан көпір»	Ұзын сөздің қысқасы	7
	Білегі мықты бірді жығады	22
	Құлан қай жерде семірсе, қан-жыны сонда төгіледі	23
	Қанатыңмен ұшқанда, құйрығыңды да ұмытпа	25
	Аузың қышып бара жатса аритыннан сұра	32
	Шешінген судан тайынбас	36
	Алты күн аш отырсаң да ата жолын ұмытпа	39
	Арқада қыс жақсы болса, арқар ауып несі бар	45
	Сен тимесең мен тимен	75
	Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды	83
	Қырты езген жеңеді, езгенді құдайдан безген жеңеді	84
	Жақсылық тек қарызға жасалады	96
	Алтыны бардың кемтарлығы білінбейді	130
	Сіңірген еңбек табалдырықта қалады да, күдік пен күмән төрге шығады	130
	Адамдар алақандай батпақ үстінде бірін-бірі талап жеп жатқан жәндіктер сияқты	130
	Шешеден қыз қалмасын, түйеден тұз	223

	қалмасын Тышқан маядан қорықпайды. Қырық жыл қырғын болса да тек ажалды өледі «Алты күн аш отырсаң да, ата жолын ұмытпа» («Сайтан көпір»)	241 275 206
--	--	-----------------------

«Ұлылар үндестігі»

	Нақыл сөздер		Үндестігі
Қайдасың қасқа құлыным	Ақырын жүріп анық бассаң ғана алысқа барарсың	10	Ақырын жүріп анық бас Еңбегің кетпес заяға. Абай.
	Өлсем орным қара жер болар ...	103	Өлсем орным қара жер сыз болмай ма... Абай
	Заман менікі, сұраған сен ақымақ па, сұратқан жан ақымақ па	103	Сұраған сен ақымақ па, сұратқан хан ақымақ па... Жиренше
	Ханнан бір рет туғанша, Қарадан мың рет тусамшы Халықтың кегін қусамшы	103	Махамбетпен үндестігі Ханнан қырық туғанша Қарадан біреу тусайшы Атаның кегін қусайшы.

Алтайдың асқақ жыршысына айналған Оралхан Бөкейдің күллі оқырманын селт еткізер туындылары тұрғанда есімі мәңгі ұмытылмақ емес. Ә. Кекілбаев сөзімен айтсақ, ол «XX-ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең сүйікті, ең сүлей суреткерлерінің бірі ретінде әлемдік танымалдыққа ие болды. Алыс-жақын елдерден аты «қазақ» деген сөзбен қабаттаса айтылатын азғантай тұлғалардың біріне айналды... Оралхан азғантай ғұмырында сондай асқарлы биікке өзін де, елін де, туған әдебиетін де шығарып үлгерді...».

Мұзтаудың Мұзбалағы сынды сүйікті жазушыларын оқырманы шарқ ұрып іздейді, сағынатыны сөзсіз... Осы орайда Раушан Мұқышеваның: «Алтайдың асқар шыңындай О. Бөкей мұрасы біз жақындамақ болған сайын қашықтай, асқақтай, нағыз заңғарға тән қасиетпен биіктей түсетіндей. Талант қасты орданың сырығында өзінің бүкіл дара болмысымен қазақ сөз өнерінің қасиетті тірегіне айналды...», - деп айтқандай [5, 5], жазушының бітім-болмысын, тіл шеберлігін танығыңыз келсе, туындыларын оқыңыз дер едік.

Әдебиеттер

1. Бітібаева Қ.О. Қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту. - Семей, 2007.

2. Талантына табындырған. // Дидар, 1996, 28 қыркүйек.
3. Оралхан Бөкей. Қайдасың, қасқа құлыным? - Алматы: «Олжас кітапханасы» Баспа үйі, 2012.
4. Оралхан Бөкей. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Бірінші том. Повестер. - Алматы: «Жазушы», 1994.
5. Мұқышева Раушан. Оралхан Бөкей және Абай. // Дидар, 1996, 28 қыркүйек.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КЕЛЕШЕГІНЕ НАҚТЫ 100 ҚАДАМ

Едилбаева Г.Б.

Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан

Қазақстан-Американдық еркін университетінің профессорлық - оқытушылық құрамы және білімді жастары, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «100 нақты қадам» жоспарының жалпы жұрттық деңгейде бірден қолдау тауып, халықтық реформа деген лайықты атқа ие болуын құптайды.

«100 нақты қадам» – бұл жаһандық және ішкі сын - қатерлерге жауап және сонымен бір мезгілде, жаңа тарихи жағдайларда ұлттың дамыған мемлекеттердің отындығына кіруі жөніндегі жоспары. Жоспардың негізгі мақсаты «Аурулардың сыртқы белгілерін» сылап-сипап қою емес, оларды «жүйелі емдеу» болып табылатын қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертуге негіз қалайды", - делінген маңызды құжатта. Жоспар негізіне 5 институционалдық реформалар кіреді: кәсіби мемлекеттік аппарат құру; заңның үстемдігін қамтамасыз ету; индустрияландыру және экономикалық өсім; біртектілік пен бірлік; есеп беретін мемлекетті қалыптастыру.

Бұл жаңа ұлттық жоспардың 100 қадамы еліміздің өсіп-өркендеуіне зор үлес қосатынына сенімдіміз. Осы жүйелі жоспарда мемлекет тарапынан халықтың рухани-мәдени дамуына да баса назар аударылған. Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 5 институционалдық реформа негізінде жүзеге асырылатын мемлекетті әрі қарайғы дамытудың 100 нақты қадамынан құралған Ұлт жоспары Қазақстанның жаһандық дамуына, сондай-ақ, дүниежүзінің озық елдерінің қатарына қосылу жоспарына жауап беретіндігін баса айтқан болатын.

Осы реформа аясында жоғары оқу орындарына нақты 7 қадам арналған. Бұл Елбасының білім мен ғылымға, тәрбие саласына зор мән беретінін дәлелдейді. Мәселен, 78-қадамда көрсетілгендей, Назарбаев Университет тәжірибесін ескере отырып, «ЖОО-лардың

академиялық және басқарушылық дербестігін кезең-кезеңімен кеңейту. Коммерциялық емес ұйымдардағы жекеменшік ЖОО-ларын халықаралық тәжірибеге сәйкес трансформациялау» мәселелері болашақ ұрпақ үшін бағалы болмақ. Бұл қадамды әсіресе, біздің университет қуана қолдайды. Себебі, еліміздің шығысындағы өндірістік аймақта орналасқан Қазақстан-Американдық еркін университеті осы саясат бағытында екінші онжылдық бойы жұмыстар атқарып келеді. Қазақстан-Американдық еркін университеті білім беруді халықаралық дәрежеде жүзеге асыру мәселесімен жоспарлы түрде жұмыс істей отырып, академиялық мәселелер және ғылыми өзара іс-әрекет тестік саласында 37 шетелдік жоғары оқу орындары және білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық жүргізеді. Бүгінгі Қазақстан-Американдық еркін университеті – заманауи материалды-техникалық базасы, біліктілігі жоғары профессорлық-оқытушылық құрамы бар, республиканың халықаралық серіктестіктегі мемлекеттік емес ірі оқу орындарының бірі.

79-шы қадамда «Білім беру жүйесінде – жоғары сыныптар мен ЖОО-ларда ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшу» туралы айтылған. Оның басты мақсаты – даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру және білім беру секторының экспорттық әлеуетін көтеру. Осы бағытта біздің университет қарышты қадамдар жасап үлгерді. Көп тілділікті жүзеге асыру міндетіне сәйкес университеттің оқу үрдісін ұйымдастыру 3 бағдарлама бойынша жүргізіледі: қазақстандық бағдарлама (оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде), американдық бағдарлама (оқыту мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде), педагогикалық, инженерлік-техникалық және жаратылыстану-ғылыми бағытында көптілді кадрларды даярлау бағдарламасы (оқыту мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде). ҚАЕУ-дің профессорлық-оқытушылық құрамды сапалы қалыптастыру саясаты, халықаралық серіктестіктегі және екітілді, көптілдік бағдарламасы бойынша мамандар даярлайтын жоғары оқу орны ретінде, тілдік емес мамандықтарда ағылшын тілінде сабақ беретін, ағылшын тілін меңгерген профессорлық-оқытушылық құрамды жұмылдыру болып табылады. Университеттің біршама оқытушыларында шетел ЖОО магистрі академиялық дәрежесі бар.

Ұлттық реформаның 85-қадамында көрсетілген «Мәңгілік ел» патриоттық актісі бойынша көптеген жұмыстар жүзеге асырылады.

«Мәңгілік ел - ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу

шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргесін қаладық. Мен қоғамда «қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек» деген сауалдың жиі талқыға түсіп жүргенін естіп жүрмін, біліп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол - мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ - мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы - Мәңгілік ел», - деді Президент.

Қазіргі уақытта Мәңгілік Ел болу үшін азаматтарымыз, әсіресе, жастар білім, ғылыммен мықты қаруланған болуы қажет. Себебі, кез келген мемлекеттің басты байлығы ол халқы, адам капиталы. Сондықтан Мәңгілік Ел болу үшін білім ордамыздағы әр азамат осы бағытта жұмыс жасауда.

86-қадамда Қазақстан халқы Ассамблеясының «Үлкен ел – үлкен отбасы» кең көлемді жобасын әзірлеу және жүзеге асыру туралы айтылған, ол қазақстандықтардың біртектілігін нығайтады және азаматтық қоғамның бүтіндігін қалыптастыру үшін жағдай туғызады.

Елбасы саясатының арқасында біз бірлігімізбен мақтана аламыз. Көп ұлтты елімізде татулық, рухани келісім, бір-бірімен үндескен мүдде жасампаз болашаққа кедергісіз жетелеп келеді. Осыған орай, университетіміздің көпұлтты студент жастары да халықаралық қауымдастыққа үлгі болып отырған ел ішіндегі татулық, достық қарым-қатынас, діни түсіністікті құрметтеп, елімізді өркендету жолында өз үлестерін қосып келеді.

87-қадамда азаматтық біртектілікті нығайтудың «Менің елім» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру, оның аясында технологиялық жобалар серияларын іске асыру қарастырылған. Соның бірі – «Қазақстан энциклопедиясы» кең көлемді ғаламтор жобасын құру. Мұндағы басты мақсат – әрбір азаматқа және шетелдік туристке ел туралы көбірек білуге көмектесу. Біздің оқу орнының оқытушылары мен студент жастары да шетелге барған іссапарларында және шетелдік қонақтармен байланыс жасағанда, елімізді таныстыру мақсатында көптеген нанымды ақпараттар беріп, жағымды көзқарастар қалыптастыру бағытында біршама жұмыстар атқарып жатыр.

Елбасының бұл ұлттық реформасы бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Президентіміздің мемлекет тұғырын биіктетіп, Отанымыздың гүлденуіне, білім ордамыздың өркендеуіне жаңа сенім беретін мүмкіндікті бәріміз қуана қолдаймыз.

Бұл күнде жастарға жоғары білім беруде, көшбасшыға айналған білім ордамызға Елбасының өзі қолдаушы болғанын мақтан тұтамыз. Бұдан жиырма жыл бұрын басталған бұл қадам құтты болып, қазір алыс-жақынға, тіпті басқа құрлықта орналасқан алпауыт ел Америкаға да танымал іргелі оқу орны болып саналамыз. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының қамқорлығы арқасында және көреген басшымыз Ережеп Әлхайырұлының басқаруымен білім ордамыздың беделі жылдан жылға өсіп, көшбасшы жастарымыздың саны артып келеді.

Біз бүгін ұлтымыздың киесіне, ардақтысына айналған Елбасымен мақтана алатын дәрежеге жеттік. Ұлт көшбасшысының білім мен ғылымды қолдауға бағытталған әрбір саясаты кемел болашаққа бастар жол деп білеміз.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар
2. Үздік отыздыққа апарар «100 нақты қадам» жоспарының толық мәтіні. 20 мамыр 2015 жыл

ОРЫС МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА Қ.О. БІТІБАЕВАНЫҢ «ОЙ ТАСТАУ, ОЙЛАНТУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Митанова А.Е.

№37 орта мектебі, Өскемен, Қазақстан

Қазіргі таңда білім беру жүйесін модернизацияланған заманында білім ордаларына әлемдік білім беру жүйесіне ену сынды жаңа талаптар қойылып отыр.

Осы орайда Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты халыққа Жолдауында: «Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек» - деген сөзі мұғалімдер қауымына жас ұрпаққа сапалы білім беруде аса жауапкершілікті жүктейді [1, 3 б.]. Бүгінгі білім ордаларының негізгі ұстанымы сапалы білім беріп қана қоймай, қоғамға бейім, жан-жақты дамыған, дарынды, құзырлы шығармашылық тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Яғни, әлемдік, отандық озық ойлы білім беру іс-тәжірибесін пайдаланудағы тың ізденістерді тәжірибеге енгізіп, сондай-ақ заман талабына сай сапалы білім беруде

акпараттық технологиядан іздене отырып, дарынды тұлғаны, шығармашылық ізденістегі тұлғаны тәрбиелеу - бүгінгі күндегі басты мақсаттардың бірі.

Әлемдік педагогикада есімдері жарқыраған Ю.К. Бабанский, Ш.А. Амонашвили сынды педагогтармен қатар аталынған Қ. Омарғалиқызының шығармашылық тұлғаны дамытудың көзіне айналған «Ой тастау, ойланту» технологиясының маңызы өте зор.

АҚШ-тағы Аризона штаты, Тусон қаласының құрметті азаматы, ШҚО Тарбағатай ауданының құрметті азаматы атанған Қанипа Омарғалиқызы – «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, бірнеше оқу орнының құрметті профессоры, әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясын, әдістемесін ұсынып, бірнеше ғылыми еңбектер жазған ғалым ұстаз.

«Қанипа-ұлы ұстаз, ұлы әйел. Кеңестік дәуірдің өзінде Қазақстанда бірінші болып СССР Мемлекеттік сыйлығын алу деген - нағыз батырлық», - деп Роллан Сейсенбаев айтқандай [2, 267] бүкіл ғұмырын туған тілі мен әдебиетіне, ұстаздық еңбек жолына арнап, қаншама дарынды шәкірттерді, ғалым шәкірттерді баулудағы ұстаздың еңбегі өлшеусіз еді. Оған дәлел ғалым Зәки Ахметовтің мына бір пікірін келтірсек: «Қанипаның әр шәкірті Абай мен Мұхтарды терең біліп тұр. Егер де еліміздегі әр ұстаз баланы Қанипадай оқытса, қазақ тілінің болашағына күмән келтіруге болмас», - деген сөзі ұстаздық болмысының, азаматтық тұлғасының дәлелі іспеттес [2, 267].

Ұстаздың «Ой тастау, ойланту» технологиясына еліміздің түкпір-түкпіріндегі әр ұстаз зәру десек, артық айтқанымыз емес. Ең бастысы, оқушы іс-әрекетін шығармашылық деңгейге көтеру, қырлылыққа бағытталған тапсырмалар жүйесін ұсыну, әдебиетті шетел әдебиеттерімен байланыстыра отырып оқыту сынды тәжірибесі - ұстаздарға шамшырақтай. Сөзіміз дәлелді болу үшін академик, құрметті профессор Қанипа Омарғалиқызының мына бір пікіріне тоқталуды жөн көрдік: «Біздің «Ой тастау, ойланту» технологиямыз: бүгінгі сөз болып жүрген оқушыға субъект ретінде қарау; құзыреттіктерді қалыптастыруға негізделген шығармашылық тапсырмалар; оқушылардың сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін дамыту; білімді оқушылық деңгейден өнімді, шығармашылық деңгейге дейін көтеру; дарын көздерін ашу; ғылыми-іздендіру жұмыстарына баулу мәселелеріне негізделген», - дегендей [3, 2], жеке тұлғаны дамытуда өте маңызды.


Алайда бұл технологияның өзіндік ерекшелігі, күрделілігі мен жауапкершілігі, құндылығы туралы: «Ой, ойлану, ойланту барлық пәндерге де керек. Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бірақ бұл жердегі ерекше бір еске алатын мәселе - өзіндік ойлау, өзіндік пікірде жатыр.

Әдебиетті оқытуда мұғалім оқушыларға көркем туынды туралы оқулық авторы, не ғалымдар пікірін қайталауда, не соны қаз-қалпында мазмұндануды мақсат етпеуі керек, ең бастысы, сол көркем туынды туралы оқушы пікірі, ойына ерекше көңіл бөлген жөн. Бұл пәннің басқа пәндерді оқытудан өзгешелігі де, күрделілігі де осында», - деп атап кеткендей, ең бастысы оқушының пікірі, ойлауына, шығармашылық әрекетіне назар аудартады [4, 5].

Ұстаз әр еңбегінде әдебиетті оқытудың тың жолдарын көрсетіп, «Әдебиетті оқытудың әдістемесі» атты республикада тұңғыш оқулығын жазды және ол еңбегі «Жылдың үздік оқулығы» атанды.

«Әдебиет – жан – дүниені, он екі мүшені, алпыс екі тамырды түгелдей жайлап, еш уақытта да көзге көрінбейтін сезім қылдары арқылы ақыл иесі – адамды өз ырқына жетелеп алатын қасиетті дүние. Оны оқытудың қызықтығы да, күрделілігі де осында жатса керек», - деп Қанипа Омарғалиқызы айтқандай [4, 11 б.], әдебиет пәні – ұлттық құндылықтың, даналықтың бастауы десек, сол ұлылықтың әр сағатында оқушыларды шығармашылық жұмыстарға жұмылдыру мұғалімнің де шеберлігін талап етеді.

Өз іс-тәжірибемізде ғалым ұстаз Қанипа Омарғалиқызының «Ой тастау, ойланту» технологиясын өзге ұлт мектептерінде қазақ тілін, әдебиетін меңгертуде қолданып келеміз. Ұстаз технологиясынан туындаған төмендегідей шығармашылық бағыттағы тапсырмаларды қолданамыз.



Тиімділігін төмендегідей саралауымызға болады:

- оқушының өз беттерімен білім алуларына жол ашады;
- алған білімдерін тәжірибеде қолдана отырып, жаңа өнім жасау-

ларына түрткі болады;

- шығармашылық ойлауларына, ғылыми-зерттеу ізденістеріне жол ашады;

- ауызекі сөйлеу стиліне, көркем сөйлеу, мәтінмен жұмыс жасауға түрткі болады;

- алдын-ала берілген тапсырмалар арқылы өзіндік ізденіске жаттығады;


- салыстыру, модель, жоба қорғау, идеялар презентациясын жасау сынды шығармашылық жұмыстарға төселеді, дағдыланады;

- сауатты жазуларына, көркем сөйлеулеріне түрткі болады.

- Пәнге деген қызығушылықтары артады.

Сондай-ақ ұстаз технологиясында қолданылған бірнеше әдіс-тәсілдерге тоқталып өтсек. Өзге ұлт мектебі болғандықтан балаларға әсіресе әдебиет пәні ауыр тиеді. Осындай сәттерде модельдерді, КЖТ-ның әдебиет сабағында қолдану көп септігін тигізді. Оқушыларға оқыған материалды жинақтап, КЖТ арқылы беру олардың қызығушылығын, таным-белсенділіктерін, білімге деген ынталарын оятты.

Төменде өз іс-тәжірибемізде қолданған КЖТ үлгісін ұсынып отырмыз.




Мәселен, Абай Құнанбаевтың «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңін талдау барысы сабағында төмендегідей шығармашылық бағыттағы тапсырмалар ұсынылды.

Шығармашылық бағыттағы тапсырмалар жүйесі:

I Кезең. «Абай аулына саяхат.»

- Ақынның шыққан тегі, өмір жолы жайлы қысқаша ғылыми хабарлама.
- «Жидебайдағы Абай музейіне саяхат» бейнетаспадан көру.
- «Абай дана, Абай дара қазақта». «Абай кім?» моделін толықтыру.



II Кезең. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...» (Ақын шығармаларындағы ағартушылық үн).

-Аннотациялық талдау.

-Ақынның эстетикалық талғамына, өлеңге берген бағасына талдау.

Өлеңге қояр талабы	Ақынға қояр талабы	Өз көңіл-күйі

Аннотациялық талдау үлгісі:

Өлең аты	Негізгі ойды ашатын шумақтар	Ақын стилі

III Кезең. Іздендіру бағытындағы шығармашылық жұмыстар.

-Ақын өлеңдерінен ақыл-нақылдарды теріп жазып, түсінік беру.

Өлең аты	Даналық сөздер	Өз түсінігімде
Ғылым таппай мақтанба Әсемпаз болма әрнеге	Сөзіне қарай кісіні ал, Кісіге қарап сөз алма... Пайданы көрсен, бас ұрып, Мақтанды іздеп, қайғы алма...	

-Баламасын жазу. Асты сызылған жолдардың синонимдерін тауып жазыңдар.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы.

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп.

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Қорытындылай келгенде, қазіргі таңда оқушылардың көркем әдебиетке деген ынтасын туғызып, шығармашылық жұмыстарға жетелеуде, өзін-өзі, бірін-бірі оқыту әрекеттерін жүзеге асыруда Қ. Омарғалиқызының технологиясының, ғылыми еңбектерінің маңызы зор. Ондағы ізденді, зерттеу бағытындағы, құзырлылық қалыптастыруға негізделген тапсырмалар – құзырлы тұлға қалыптастырудың көзі. Ұстаздың «Ой тастау, ойланту» технологиясы өзге ұлт мектептерінде де қолданылып, нәтижелі өн емге қол жеткізуімізге түрткі болып отыр. Сондықтан да ұстаздың жаңашыл ізденістері, озық идеялары, еңбектері біздерге асыл шамшырақтай. Тек қана оқу, ізденді, тәжірибеде қолдану, оны көкейге тоқу өз еншімізде дегіміз келеді.

Әдебиеттер

1. Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан. Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Өскемен қ., 15 наурыз, 2007 ж.
2. Әбішева С., Құдайбергенова Г. Қазақтың Қанипасы. - Астана, 2004.
3. Бітібаева Қ.О. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. – А., 2009.
4. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – А., 1997
5. Бітібаева Қ., Аханова Б., Жанабілова А., Мұқашева М. Технология, тәжірибе, ізденіс. - Өскемен, 2007.

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Каирбаева Р.М.

*Қазақстан-Американдық еркін университеті колледж, Өскемен,
Қазақстан*

Еліміздің тәуелсіздік алып, дербес мемлекет болып, нарықтық қатынастар заңымен өмір сүруге бет бұрып, шетелдік мемлекеттермен терезесі теңесіп тұрған кезеңінде, білім беру жүйесі де өз алдына бөлек дамып, күрделене түсуде. Бұл өз кезегінде қазіргі таңдағы педагогика саласындағы оқу үрдісінің басты мақсаттары мен міндеттерінің жоғары деңгейде қойылуына өз әсерін тигізуде. Білім беру жүйесінде білім алушылардың білім сапасын арттыру мәселесінде ғылым мен тәжірибенің бір-бірімен өзара байланысқан, көптен қалыптасып келе жатқан қарама-қайшылықтарын шешу басты мәселелердің бірі болып табылады. Сол мәселелердің ішіндегі ең бастысы оқыту үрдісіндегі оқытудың әдістері мен формаларының мазмұнының сәйкес келмеуі. Осы орайда, әлі де жаңа инновацияның бірі болып табылатын, өте қызықты және алдынан үміт күттіретін оқыту әдісінің бір түрі – ойын арқылы оқыту әдісі.

Ойын – эмоциялық және ақыл-ой күшін талап ететін ерекше ұйымдастырылған сабақ. Ойын – адам іс-әрекетінің негізгі түрінің бірі. Ол адам іс-әрекет жүйесінің негізгі құрамдық бөлігіне кіреді. Ойын іс-әрекетін сіз адамдардың, қоғамның, жеке адамның дамуы мүмкін емес. Қоғамдағы ойын іс-әрекетінің объективті маңыздылығын білімді, шеберлікті, дағдыны қалыптастыру бағытынан көрінеді.

Біз ойын теориясының қалыптасуы мен дамуы және ойын түрлері жөнінде бірнеше философ, психолог, педагог ғалымдардың еңбектерін қарайтын болсақ, орыс педагогы А. Макаренконың ойын технологиясы жөнінде айтылған сөздері орынды: «Оқушы өмірінде ойынның

маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Жеке адам ойында қандай болса, өскесін жұмыста да көп жағынан сондай болады. Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу алдымен ойында басталады. Ойын оқушылар үшін – айналадағыны танып-білу тәсілі» - деп тұжырымдайды.

Педагогикалық үрдісті жетілдіруде ойынның маңыздылығын қазақстандық ғалым Н. Құлжанова да зерттеп, «ойын бала үшін еліктеу, инстинкт, күнделікті басты әрекет және оның жеке өмірі болып табылады» деп дәлелдеген. Н. Құлжанованың айтуы бойынша ойын әрекетіндегі басты педагогикалық мақсаттары – баланың алдағы өміріне түзу жол салу, үлкендерге еліктеуі және өмірдің талаптарына сай бейімделуі ойынды әдептілік, тәрбиелік мақсатта пайдалануды көздейді. Осы тұста ғалым бала ойын әрекетінде ғана тынығып, жұмыс жасап, өсіп жетіледі, оның ойлау қабілеті жетіліп, қарым-қатынас жасау мүмкіндігі артады деген пікірді білдірген.

Қазіргі уақыттағы ғылыми түсінік бойынша ойындарды халықтық, спорттық, кәсіптік немесе іскер, стратегиялық, дидактикалық, коммуникативті деп классификациялайды. Ойындарды классификациялау оқыту ойындары теориясының ең маңызды мәселесі болып табылады. Ойындарды классификациялауға әр түрлі жағынан келген зерттеу нәтижелері бар. Солардың кейбіреулеріне тоқтала кетсек.

А.А. Выготский ойындардың үш негізгі топтарымен: драмалық, спорттық, өрнектік деп көрсетеді.

П.И. Пидкасистый – табиғи және жасанды ойындарды әрі қарай классификациялай келе ойындардың төрт тобын жинақтайды:

1) мазмұны бойынша: шығармашылық ойындар, білімді үйрену жаңа тәжірибелер мен әдістерді қалыпсыз іс-әрекетке қолдану, зерттеушілікке байланысты ізденіс елестету және ізденіспен байланысты;

2) түрі бойынша: сюжетті, рольдік, орталықтанған, ақыл-ойды қажет ететін, компьютерлік;

3) ойынға қатынасушылардың ұйымдастыру формасына байланысты: жеке, екі адамдық, топтық, көпшілік;

4) әсер ету орнына байланысты: ойын алаңындағы, столдағы, эстрададағы, сценадағы, залдағы, үйдегі ойындар.

Шетел тілі сабақтарында ойын технологиясын қолданудың бірнеше маңызды себептері бар:

1. Тілдік ойындарды қолдану оқушылар бойынан қажетті қызығушылықты тудыра алады.

2. Ойын технологиясы уақытты үнемдеп, үлкен жұмыс көлемін

еш қиындықсыз тамамдауға мүмкіндік береді.

3. Ойындар мазмұнды мағыналы қарым-қатынаспен қамтамасыз етеді. Ойын тек дискреттік түрде болғанның өзінде, қарым-қатынас орын алады себебі оқушы ойынның ережелерін түсінуге ұмтылады және де ойын жайлы өз пікірлерін білдіргеннің өзі де толыққанды қарым-қатынасқа жатады.

4. Меңгерілуге тиісті тілдік материал оңай әрі жағымды жолмен беріледі.

5. Ойын қолданған кезде ең маңызды деген төрт бірдей іскерлікті дамытып отырады.

6. Ойынның білім беру қызметімен қатар тәрбиелік мәні де бар. Мысалы, оқушылар топта, ұжымда жұмыс істеуді үйренеді, сыныптастарын құрмет тұтып, өзгенің еңбегін бағалауды үйренеді.

Дәстүр бойынша ойындар сабақты бастамас бұрын, не болмаса сабақтың арасында қолданылатын амал болып табылатын, алайда қазіргі таңда ойын технологиясы сабақтың бір маңызды бөлігі бола алады. Әрине ойын толығымен оқытудың дәстүрлі формалары мен әдістерін алмастыра алмайды, алайда орынды түрде толықтырып, белгілі бір сабақтың және толық бір оқу процесінің алдына қойған мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге болысады. Оқытудың осы бір түрі білім берудің маңызды міндеттердің жүзеге асыруға көмектеседі:

- қызығушылық пен мотивацияны арттырады;
- берілген ақпаратты бекіту;
- сыни көзқарасты және талдай білуді дамыту.

Сабақ үстінде түрлі ойын түрлері пайдаланады. Оған қатысушылардың алдын ала жасайтын еш дайындығы болмайды, сондықтан да ойын әрқашан қызықты және спонтанды болады. Ойын технологиясының бұл қасиеті оқушылардың бойынан жағдаятқа деген жылдам реакцияны дамытады. Ойын технологиясын тек оқушыларды қызықтыратын ермек қана деп қарастыру бұрыс. Оны жаңа материалды енгізген кезде де, пысықтау кезінде де, бекіту де, тіпті тексеру барысында да қолдануға болады. Мұндай көпқырлылық мұғалімге уақытты үнемдеп жұмсауға, үйілген жазба жұмыстарын тексеруге күш жұмсамауға мүмкіндік береді. Оқушылар мұғаліммен ақылдаса отырып сынақ пен бағалаудың өздеріне ыңғайлы формасын таңдауларына болады. Әрине, ақтық бақылауларды және емтихандарды мұндай формада өткізуге болмайды, себебі ойын әрдайым эмоциямен қатар жүреді, ал ақтық сынақта салқын қандық таныту қажет. Оның үстіне маңызды сынақтар ұжымдық тексеру шектеулеріне еш үлеспейді, бұл көбіне әркімнің индивидуалдық білімін, іскерліктерін және потенциалын сынау болып табылады.

Шетел тілі сабағында қолданылған ойын – тіл дамыту жұмысының нәтижесінде оқушының сөз байлығын молайтып, олар тілдің фонетикалық жүйесін меңгереді, сөйлеу мәдениетін меңгеріп, қалыптастыратыны анық. Себебі, сөздерді дұрыс айту, дұрыс жаза білу – тіл мәдениетінің басты талаптарының бірі. Мұғалім мәңгі ізденіс үстінде болып, сабағының қызықты да тартымды болуына жағдай жасайды. Бұл дегеніміз мұғалімнің шығармашылық қабілетін шыңдай түседі, әрі өз алдына қойған мақсатына жетуге ықпал етеді.

Қорытындылай келе, сабақта ойын элементтерін пайдалану сабақтың формалары мен әдістерін жетілдіру жолындағы ізденістердің маңызды бір бөлшегі. Ойын элементтерін оқу үрдісін пысықтау, жана сабақты қорытындылау кезеңдерінде, қайталау сабақтарында пайдаланған өте тиімді. Ойын элементтерінің материалдарды сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сәйкес таңдалынып алынса, оның берер пайдасы мен танымдық, тәрбиелік маңызын күшейте түсері анық. Оны тиімді қолдану мен іске асыру сабақтың әсерлігін, тартымдылығын дамытып, балалардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады.

Әдебиеттер

1. Макаренко А.С. Коллектив и воспитание личности. – М., 1972.
2. Құлжанова Н. Ойын мақсатын талдау және ойын мәні. Қазақстан мектебі. - 2001. - №1.
3. Пидкасистый П.И. По фундаментальным дисциплинам // Вестник высшей школы, 1985. Т. 7
4. Мартыненко Л.С. Ролевые и деловые игры на уроках английского языка. – М., 1997.
5. Ахметов Н.К., Хайдаров Н.Ж. Игра как процесс обучения. - Алма-Ата: «Знание», 1985.

ОҚУШЫЛАРДЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚҚА БАУЛУ ЖОЛДАРЫ

Калиаскарова А.Г.

*«8 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ, Ақтоғай стансасы,
Аягөз ауданы, ШҚО*

Әлемдік бәсекеге қабілетті мемлекет болып, 30 елдің қатарына ену үшін сауаттылыққа аса назар аударуды көздеген Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың

функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды», - деген еді. Әлемнің алпауыт елдерімен тереземізді тең ұстауда ең басты назар еліміздің рухани байлығы мен сауаттылығына қойылып отыр. Сондықтан да білім ордаларына мектеп қабырғасынан бастап оқушыларды функционалдық сауаттылыққа баулуды міндет етті. Осы тұғырлы мақсаттардың биігінен көріну үшін елбасымыздың салиқалы саясатының арқасында жоспарлар құрылып, бұл бағыт елімізге ерекше бір өзгерісті, жаңа бағытты ұсынды.

Атап көрсетсек, мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары ҚР Үкіметінің Қаулысымен бекітілді.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы өткен ғасырдың 60-жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен қолданысқа енді.

«Функционалдық сауаттылық дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Функционалдық сауаттылық – білім берудің жеке тұлғаны қалыптастырудағы әлеуметтік бағдарлануы. Қазіргі тез өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық – оқушының әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор.

Бұл – әсіресе білім ордаларына жүктеліп отырған жауапкершілігі мол міндет. Өйткені заман талабына сай сауатты елге айналып, әлемдік стандарт талабына сай болуымыз үшін бізге ең алдымен құзырлы тұлғаны қалыптастырып, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қажет.

Қазақстандық оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту тетіктері:

- Білім стандарттарын оқу бағдарламалары мен жоспарларын жаңарту.

- Мектеп оқушыларын оқыту нәтижелерін бағалау жүйесін да-

мыту.

- Ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

- Қосымша білім беруді дамыту.

Оқушы «Функционалдық сауаттылық» ұғымы білім беру саласында келедегідей жаңа басымдықтарды айқындайды:

- мектепте алған білімдерін өмірлік жағдаяттарда қолдана білу;
- әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білу;
- алынған ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай білу;
- өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу;
- өзінің ойын негіздей білу т.б. қабілеттерін қалыптастыру болады.

Функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Бұл деңгей өмірдің әр түрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді. Сондықтан, қоғамдағы өмірлік пен практикалық іс-әрекеттердің дағдылары мен әлеуметтік іс-тәжірибені меңгеру үшін оқушылардың білім алу барысында негізгі және пәндік құзыреттіктері қалыптасуы тиіс.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту нәтижесі:

1. Басқарушылық /проблеманы шешу қабілеті.
2. Ақпараттық / өзіндік танымдық қызметке қабілеті немесе өмір бойы білім ала білуі.
3. Коммуникативтік /қарым-қатынас жасау қабілеті.
4. Әлеуметтік /әлеуметтік топта жұмыс жасау қабілеті.
5. Тұлғалық / өзін-өзі жетілдіру,төзімді болу қабілеті.
6. Азаматтық / Жауапкершілікті сезіну қабілеті.
7. Технологиялық /сандық технологияларды пайдалану қабілеті.

Осынау көрсетілген дамыту нәтижесіне сүйенсек, мектептегі басты тұлғаны, яғни оқушы-субъектіні жан-жақты етіп баулуға, құзіреттілікке аса назар аударылған. Пән мұғалімдері дәстүрлі оқытудан алшақтап, технологияландырылған оқыту жүйесін тәжірибеге енгізді. Бүгінгі қоғамға ғана емес, кез-келген ортада, тіпті әлемдік кеңістікте еркін самғайтын тұлғаны тәрбиелеу мақсатымыз.

«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез-келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады. Осылай тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйымдастыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі», - деп Қазақстан Республикасының Пре-

зиденті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында ай-тылғандай, оқушыларды функционалдық сауаттылыққа баулуда қазақ тілі мен әдебиетінің маңызы зор.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында: «ана тілінде ауызекі және жазба тілде сауатты сөйлеу дағдыларын жетілдіруді, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды, оқудағы және жазудағы функционалдық сауаттылығын дамытуды», - деп көрсетілген.

«Тіл және әдебиет» білім саласында оқушылардың функционалдық сауаттылығы олардың қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілі мен шетел тілін ұлтаралық қатынас ретінде сөйлесу дағдыларын игеру; мемлекеттік тілді, өзінің халқының мәдениеті мен әдебиеттік мұралары мен ұлттық құндылықтарын өзін-өзі дамыту мен өз мүмкіндігін іске асыруда шығармашылықпен пайдалану дағдыларын игеру; ана тілін грамматикалық нормаларға сай оқу, дұрыс жаза алу дағдыларын игеру; тілдік тұлғаның әлеуметтік-қоғамдық ортада сөйлесі әрекетінің түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім) өзінің мақсатына қарай еркін қолдана алу; сөздерді шынайы қарым-қатынастық жағдаятта қолдана білу; сөзді басқа сөздермен үйлестіру; сөз құрау; өмірлік жағдайларда іс-әрекеттер жөнінде нақты және қысқаша сөйлесу қабілеттерімен анықталады.

Қазақ тілі – мемлекетіміздің болашағы, сондықтан да оны меңгерту әдістемесінде жалаң бір әдіспен, дәстүрлі оқытумен шектеліп, сабақ жүргізудің мүмкін емес екендігі белгілі. Оқытудың тәжірибеге енгізіліп жатқан тың жолдарын қолдана отырып, технологияландырылған сабақ барысында құзырлы тұлғаны, оқушы – субъектіні баулуды өз тәжірибемізде мақсат етеміз. Ең бастысы функционалдық сауаттылыққа аса назар аударуды көздеген пәнаралық байланысқа негізделген сабақ түрлерін тиімді қолдану өнімді нәтижеге жеткізетініне көз жеткіздік. Пәнаралық байланыс оқушылардың жан-жақтылығына, ізденушілігіне, дүниетанымына, терең біліміне жол ашады. Өз іс-тәжірибемізде қазақ тілін, әдебиетін өткенде міндетті түрде пәнаралық бағыттағы шығармашылық тапсырмалар береміз.

Шығармашылық тапсырмалар – оқушы қабілетінің, өнімді әрекетінің қазығы. Сондықтан да сабақта үнемі шығармашылық бағытты ұстанып, оқушылардың өз әрекеттері арқылы білімді оқушылық деңгейден шығармашылық деңгейге жеткізулеріне аса назар аударамыз. Сондай-ақ ақпараттық-құзіреттіліктерін, зерттеушілік, коммуникативтік құзіреттіліктерін дамыту мақсатындағы шығармашылық тапсырмалар беру арқылы функционалдық сауаттылықтарын дамытуды

міндет еттік. Төменде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы өз іс-тәжірибемізден туындаған шығармашылық бағыттағы тапсырмаларды ұсынып отырмыз.

Қазақ әдебиеті. 8-сынып

Сабақтың тақырыбы: Қағаздың түсіп бетіне. Әбунасыр Әл-Фараби өлеңдері.

Деңгейлік тапсырмалар.

I деңгей.

1. «Кел, ізденейік, табайық...» Әл-Фараби өміріне саяхат (тарихи хабарлама)
2. Әл-Фараби өлеңдерінің тақырып бойынша талдап, жазу.


Өлең аты	Негізгі тақырыбы	Ойды ашатын шумақтар

II деңгей.

1. «Кел, даналықтан ізденейік...» өлеңдердегі даналық сөздерді теріп жазу.

Өлең аты	Даналық сөздер	Өз пікірім

2. «Адал дос» төмендегі моделін толтыру. Өлеңді оқып шығып, өз ойыңды сауатты жазуға талаптаныңдар.



3. «Өрге жүзем өнегелі ісіммен...» шағын ой толғау жазуға талаптан.

III деңгей.

1. Өлеңдегі етістіктердің маңызын дәлелдендер.
2. «Кел, аударайық...» өлеңнің негізін, мағынасын сақ ай отырып, аудармасын жасауға талаптаныңдар. (Өлеңмен, немесе қара сөзбен жазуға болады)

Әл-Фараби	Орысша	Ағылшынша

Өрге жүзген өнегелі ісімен, Таңда адал дос өз теңіңнің ішінен Жүргендер көп достық атын малданып, Алайда тек қалма оған алданып.		
---	--	--

3. Іздендіру зерттеу жұмысы. «Ұлылар үндестігі»

Ә.Насыр	Әлем әдебиеті

Қорытындылай келгенде, оқушыларды шығармашылық бағытқа жетелейтін және функционалдық сауаттылыққа баулитын тапсырмалар олардың жас ерекшелігіне сай, бағдарламадағы тақырыпқа сай ұсынылады. Ең бастысы оқушылардың шығармашылық жұмыстарына, жұмысты өздері орындап, қызығушылықтарын оятуларына назар аудардық. Сондай-ақ пәнаралық байланысты тиімді қолдана отырып, олардың ізденушілік, зерттеушілік қабілеттеріне түрткі болдық. Тапсырмалар бергенде көмек-нұсқаулар беріліп отырылды. Топпен де, жұппен де жұмыс жасауларына, өзіндік ізденістеріне де жанжақты жол ашылды. Ең бастысы өзі шешім жасап, өзі ойлай алатын, өз ойын көркем тілмен жеткізе алатын құзырлы тұлғаны баулуды мақсат еттік.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2007.
2. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2012 ж. 27.01.). – Астана, 2012.
3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 ж. 25.06 №832 Қаулысымен бекітілген.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Президентінің 2010ж.07.12. №1118 Жарлығымен бекітілген.

5. Култуманова А.Ж. Оқу әдебиеттерін әзірлеу, сараптама, апробация, мониторинг жүргізу және басып шығару жүйесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жаңғырту. – Астана, 2013 (30 қазан). – Б. 31-33.
6. Бітібаева Қ.О. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. – А., 2009.

ДЖОРЖ КЕННАННЫҢ «СІБІР МЕН АЙДАУЫ» - АБАЙДЫҢ ШЕТЕЛДЕГІ РЕЦЕПЦИЯСЫНЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

Тургумбаева Н.К.

Қазақстан-Американдық еркін университет, Өскемен, Қазақстан

Абайды танудағы қазіргі күндегі өзекті саты – оның әлем әдебиетіндегі рецепциясын қарастыру. Демек, Абай мұрасы арқылы қазақ әдебиетінің әлемдік әдеби процесте алатын орны мен рөлін анықтауға, қазақ әдебиетінің халықаралық маңызын тереңірек таныту. Осы тұста профессор Н.О. Джуанышбеков анықтағанындай, рецепцияның алғашқы элементі – өзге ұлттың әдеби шығармаларын белгілі бір елде тарату болып табылатынын еске салғанымыз дұрыс (1).

«Сібір мен айдау» еңбегіндегі ақын туралы шағын диалогты әрине рецепцияға жатқызуға болмайды, алайда бұл - ақынның шетелде таныла бастауының алғышарты, ақын тұлғасына берілген алғашқы баға. Сондықтан Абайтану тарихы үшін бұл диалогтың мәні мен тарихы жоғары маңызды болып табылады. Сонымен Джорж Кеннанның «Сібір мен айдауындағы» диалог тарихына шолу жасап көрейік.

Абайдың өмірі мен шығармашылығының шетел саяхатшылары мен этнографтарының естеліктеріндегі бастапқы іздері сол тұста жаппай белең алған «сібірге айдау» үрдісіне байланысты.

Абай білімі мен дүниеге көзқарасын кеңейту жолында көптеген шетел зиялыларымен танысты. Сондай адамдардың бірі - саяси айдауда жүрген поляк заңгері Северин Северинович Гросс пен заң факультетінің студенті Александр Викторович Леонтьев. Абайдың әділ билік қағидаларына, оның дүниетанымы мен басқа ел алды «қырғыздарынан» ерекшеленетін сауатына тәнті болған Александр Викторович Леонтьев бұл ерек тұлға туралы Алтай мен Сібірді зерттеуші американ саяхатшысы, корреспондент Джодрж Кеннанмен бөлісіп, ол өз кезегінде Абай туралы, оның айналасы, Семей кітапханасы туралы «Сібір мен айдау» еңбегінде ашып жазады. Бұл еңбектегі қазақ халқы мен Абай туралы біз төменде тоқталып өтпекпіз. Ал осы тұста Джорж Кеннанның қазақ жері мен халқы туралы сөз қозғауының себебіне

тоқталған дұрыс.

1864 жылдың күзінде он тоғыз жасар телеграфист Джорж Кеннан кайдан хабардар болғаны белгісіз, «Вестер Юнион телеграф» компаниясының үлкен коммерциялық шара – жер үсті кабельді Аляскадан Сібір мен Иркутскіге дейін созуда сапар жоспарлап отырғанын біледі. Американдық мінезге сай хикаяға әуес Джорж Кеннан басшылығынан сол сапарға сұранады. Ол кездің ұлттық қаһарманы Самюэль Морземен анасы жағынан туыс болып келуінің себебінен бе – бұл өтінішке рұқсат берілді.

Осылайша, Кеннан 1865 жылдың 1 қазанында «Ольга» сауда кемесіне отырып, алдағы екі жылын Камчатка мен Сібірде өткізеді. Осы екі жылдың жемісі болып «Сібірдегі көшпенді өмір және Камчатка мен солтүстік Азияның коряктар мен басқа руларының хикаялары» кітабы басылып шығады. Бұл кітап Кеннанға атақ әкеліп, осыдан былай саяхат оның өмірлік әрекетіне айналады. Осы ұзақ сапарында Джорж Кеннан айдауда жүрген орыс қуғындарымен жол-жөнекей танысса да, 1882 жылы Нью – Йорктың географиялық қоғамында «Сібір – қуғын – сүргін жері» атты баяндамасымен көпшіліктің алдына шығады. Бұл баяндаманың тарихтағы ерекшелігі сол – ол Сібірдегі өмір бақилық айдауды өзінің туған жеріндегі (Огайо штатындағы) абақтыдағы бес жылдық бас бостандықтан айырумен ғана тең деп кесіп айтады. Оның себебі бүгінгі күнге дейін белгісіз. Алайда атап өтетін жайт - осыған дейін Генри Ленсдел «Сібірде» атты еңбегінде де осы дерек ашық, көлемді түрде суреттеледі. Бірақ оның себебі бар - Сібірде діни әдебиетті таратып жүрген ағылшындық филантропты жергілікті әкімшілік «тәп- тәуір күтіп – ақ шығарып салады». Сібірдегі қуғындардың тұрмысы мен өмірі туралы жағымды естеліктің қалуы да осыдан.

Бұл айтылғандарға Англиядағы орыс эмигранттары (С.М. Степняк-Кравчинский мен князь П.А. Кропоткин) қарсы шығады. Олар Сібірде айдауда жүргендердің өмірін терең зерттеген орыс ғалымдарының деректері бұл пікірді жоққа шығаратынын және фактінің негізсіз екенін айтады. Осы айтылғандар Джорж Кеннанның намысына тимей қоймай, оның 1880 жылы екінші сапарға шығуының себебі болды. Алайда осы жолғы сапар Кеннанға мүлдем басқаша әсер етті (барар жолда «Записки из мертвого дома» кітабын оқып, Ядринцевпен жақын танысқаннан басталды). Осыдан кейін саяхатшы «Сібір мен айдау» кітабын жазды. Бұл еңбегінде ол қуғыншылықта жүрген орыс адамдарына тиесілі бағасын береді. Әйеліне жазған хаттарында қуғын құрбандары туралы жылы лебізін танытып: «Олардың арасында рыцарьлық романдарда ғана кездесетін сияқты мықты, абыройлы

адамдар бар. Ондайларды күнделікті өмірде кездестіру өте сирек кұбылыс. Бұл адамдармен кездесуден кейін ерекше күй кешіп, бір-неше сағат ұйықтай алмай жатамын. Осы алты айдың ішінде мен он жылда таба алмайтын, өзіме жақын достарды тауып алдым» (1, 206-207) - дейді.

Сонымен «Сібір мен сүргін» еңбегі орыстың айдауда жүрген азаматтарының көңілінен шығып, олар ашық та еркін басылымы бар американдық азаматқа Ресейде болып жатқан саяси әділетсіздікті жариялағаны үшін шексіз алғыстар болды.

Міне, Абай туралы айтылған бағалы жарты беттік сөзі бар «Сібір мен сүргін» кітабының жазылу тарихы осындай. Айтып отырған диалогымыз Омбыдан Семейге жеткен Кеннан (қасында суретші Джорж Фрост пен студенттер бар) мен жергілікті құғын – сүргін құрбаны Александр Леонтьев арасында болыпты. Екеуінің арасында жергілікті кітапхананың батыс әдебиетінің классикасына бай екені туралы хабар таңдана айтылды. Ал енді осының барлығын айтуға түрткі болған диалогтың өзіне қарайық:

- Тіпті қырғыздардың өздері оны кейде пайдаланады. Мен жергілікті Ибрагим Конобай деген кісіні танымын. Ол кітапханаға жай барып қана қоймай, Бокль, Милль мен Дрейпердің шығармаларын оқиды.

- Сонда сіздің айтайын дегеніңіз, – деп таңданды студенттердің бірі,- Семейде Милль мен Дрейперді оқитын кәрі қырғыз бар ма?!

- Иә, дәл солай. Мен оны ең алғаш рет көргенімде, ол мені индукция мен дедукция арасындағы айырмашылықты көрсетші дегенімен таңғалдырады. Содан кейін мен оның ағылшын философиясымен жақын таныс екенін, аталмыш авторлардың еңбектермен жақын таныс екенін білдім.

- Сіз оның оқығанының барлығын түсінді деп ойлайсыз ба? – деп сұрады студент.

- Мен екі күн кешқұрым уақытта одан Дрейпердің «Еуропа ойының даму тарихынан» емтихан алдым. Оның барлығын жақсы түсінгеніне көз жеткіздім (3).

Абайдың атын Америкаға алғаш рет таныстырған осы үзінді еді. Николай Анастасьев оның атының бұл жерде қате айтылуын Леонтьевтің емес, Кеннанның қателігі болу керек дейді. Өйткені Леонтьев ол кезде Абаймен жақсы таныс болып, оның атын айтуда қате жіберуі мүмкін емес дейді.

Шынымен- ақ, Абай Дрейпердің «Еуропа ойының даму тарихын», Бокльдің «Англиядағы өркениет тарихын», Милльдің «Еркіндік туралы эссесін» оқып, олардағы сүбелі ойларды өз туындыларында

жалғастырады (2).

Әдебиеттер

1. Сәтбаева Ш.Қ. Бес томдық шығармалар жинағы. I том. - Астана: «Елорда», 2007.
2. Анастасьев Н. Абай. Самғау биігі. – Алматы: «Аударма», 2010.
3. Кеннан Дж. Сибирь и ссылка. Т 1.– СПб., 1906.

АНА ТІЛІ САБАҒЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМУ

Назарбаева М.Қ.

*«А. Байтұрсынов атындағы № 20 орта мектебі» КММ, Өскемен,
Қазақстан*

Дамыған қоғамда еліміздің ұрпаққа білім беру саласында түбірлі өзгерістер жасауда. Ең бастысы – әлемдік білім кеңістігіне өту мақсатындағы алғашқы қадамдар. Қай заманда да, қандай реформа болсын білім беру, адамның жеке тұлғасын қалыптастыру басты назарда тұрады. Білімге білімділік, дүние танымдылық және дамытушылық тұрғыдан қарауға көшу, яғни білім сапасын басқару үрдісінде өзектенді, жетілдіру қажеттігі туындады. Қоғамдағы қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Бүгін мектеп қабырғасында жүрген оқушылар еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы екені даусыз. Елбасының «Қазақстан экологиялық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты жолдауында «Бәрі де мектептен басталады, сондықтан білім беру үрдісінің сапасын арттыруға тиіспіз» деп көрсеткен болатын.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңына сәйкес «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуын, жеке тұлғаның дарындылығын, талантын, қабілетін дамыту, сияқты өзекті мәселе енгізіліп отырғаны белгілі. Қазіргі басты міндеттердің бірі – жеке тұлғалы қазіргі өмірге тез бейімделіп кетуіне көмектесетін біліммен, икемділікпен қамтамасыз ету, өз ана тілінде дұрыс таза сөйлеуге машықтандыру. Бір қатар ғалымдардың сөздік қорын дамыту жөніндегі пікірлеріне сүйенетін болсақ, тілі білімінің атасы А. Байтұрсынов «Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты кескінді сурет болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп,

суреттеп көрсетуге, танықтауға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді. Ал басқа өнердің бәрінің де қызметін сөз өнері атқара алады» деген. К.Д. Ушинскийдің ізбасары, оқу құралдарының авторы, белгілі әдіскер Н.Ф. Бунаковтың «Бастауыш мектептің негізгі пәні деп, шынын айтқанда ана тілін есептеу керек» деп көрсеткен. Ұлы ағартушы, педагог-ғалым Ы.Алтынсарин: «Сөздік қорын дамыту – оқушыны мектеп қабырғасына келгендегі сөз қорын одан әрі дамыту, байыту» десе, психолог Н.И. Жинкин: «Сөйлеу – интеллектінің даму каналы» деп тұжырымдайды. Белгілі әдіскер ғалым С.Рахметова ана тілі сабақтарында оқушының тек тіл заңдылықтарын біліп қана қоймай, сонымен бірге тіл мен ой бірлігіне сүйене отырып, тілді ауызша және жазбаша дамыту қажеттігін атап көрсеткен. Осы ғалымның бастауыш мектептегі оқушылардың сөздік қорын дамытудың негізгі үш бағытын басшылыққа алуға болады. Олар:

1. Оқушылардың сөйлеу қорын дамыту (жаңа сөздер үйрету, мақал-мәтел, жаңылтпаштар, жұмбақтар үйрету).

2. Сөз тіркесі, сөйлемдермен жұмыс.

3. Байланыстырып сөйлеуге үйрету: ауызшы, жазбаша әңгіме, мәнерлеп оқу, мазмұндама, шығарма жазу.

Ғалымдардың С. Жиенбаев, Қ. Жұбанов, Ш. Кәрібаев, М. Әуезов тіл дамыту жөніндегі пікірлеріне сүйенетін болсақ, ана тілі сабақтарында оқушылардың сөздік қорын дамыту үшін ең алдымен мынандай талаптарды орындау қажет. Олар:

- Сөздің мәнеріне, көңіл-күй әсеріне көңіл аударта отырып, оқушының сөздік қорын байытуға көңіл бөлу;

- Сөйлеу тілінің мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету;

- Көркем сөздерді пайдалана отырып, байланыстырып сөйлеуге үйрету;

- Ауызша сөйлеуге мән бере отырып, ойын әсерлі жеткізуге дағдыландыру;

- Жазбаша дұрыс, сауатты жазуға үйрету;

- Мәнерлі оқу дағдыларын қалыптастыра отырып, мәтін мазмұнын әсерлі жеткізе білуге үйрету;

- Мәтін мазмұны бойынша оқушының өзіндік көзқарасын білдіруіне аса көңіл бөлу.

Тіпті тарихи деректерге сүйенсек, ежелгі патша сарайларында балаларды оқытқанда, ең алдымен өнерге –көркем сөз өнеріне баулыған екен. Ондағы түпкі мақсат балалардың ақын, суретші болуы емес, өз ұлтының тілін білетін, құрметтейтін, мемлекетін өркендететін тұлға қалыптастыру үшін, баланың сезімталдығын ойын, тілін дамыту болған. Ана тілін оқытуға, аталған мақсат талаптарды көзделген А.

Байтұрсынов, Ы. Алтынсарин, Н.Ф. Бунаков, С. Рахметова, Н.И. Жинкин ойлары біздің көңілімізге, ойымызға сай келген сияқты. Осы ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, бәсекеге қабілетті жеке тұлға дайындауда ана тілі пәнінің маңызы зор екенін атауға болады. Аталған ғалымдардың пікірлері негізінде, ана тілі сабағында жеке тұлғаның сөздік қорын дамыта оқыту, оның тиімді жолдарын жүйелеу мүмкіндігіне ие болдық. Бастауыш сыныпта ана тілін оқытудың негізгі мақсаттарының бірі – оқушылардың сөздік қорын дамыту, ауызша және жазбаша сөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Сондықтан да қазіргі кезде бастауыш сынып мұғалімдері оқушылардың сөздік қорын молайтып, сол үйренген сөздерін қолдана отырып, айтайын деген ойын анық жеткізіп сөйлеуіне зор көңіл бөлуде. Ғалымдардың пікірін сараптай келе, мынандай мақсаттарды көздеуді ұйғардым:

1. Ана тілі пәні арқылы оқушыларды өз тілінде таза сөйлеуге үйрету;

2. Олардың сөздік қорын, ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту;

3. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, шығармашылықпен еңбектенуге баулу.

Алдағы қойылған мақсаттарды жүзеге асыру үшін, ең алдымен байқау сыныбына 2А сыныбын және эксперимент алды сыныбына 2Ә сыныбын белгіліп осы сыныптарды арнайы тексеру, бақылау жұмыстарын жүргіздік. Ең алдымен 2 сыныптың да ауызша дағдыларының деңгейлік көрсеткіштері тексерілді. Ол мынандай қорытындыны байқатты:

1 кесте. Ауызша дағдылардың деңгейлік көрсеткіші:

	2А сыныбы (эксперимент)	2Ә сыныбы (байқау)
Мәнерлеп оқулары	40%	41%
Өз ойларын жеткізулері	51%	48%
Әдеби тілде сөйлеулері	38%	32%
Мәтінмен жұмыс істей білулері	56%	53%

Өз ана тілі сабақтарында осы ауызша деңгейлік көрсеткіштерді жоғарғы сапаға жеткізу үшін, «Тәй-Тәй» бағдарламасының әдістерін пайдаланып жұмыс істеп келемін. Бұл бағдарламаның құндылығы оқушыларды өз беттерімен ізденіп оқып үйренуге, ойларын толық

дәлелді түрде жеткізуге, ерік бере отырып тәрбиелеуге, оқуға қалыптастыру. «Тәй-Тәй» бағдарламасының басқа технологиялардан ерекшелігі:

1. Таңертеңгі жиын өткізу;
2. Орталықтарға бөлініп жұмыс істеу;
3. Кіріктірілген сабақтар жүргізу;
4. Тақырыпталық оқыту.

Сабақ алдында болатын таңертеңгілік жиынның өзі, біріншіден оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырса, екіншіден өздігінен сөйлеуге, ойын айтуға, қорытынды жасай білуге, еркін сөйлеуге жетелейтініне көзім жетті. Шағын топ орталықтарының өзінде, әр оқушының ойлауы, сөйлеуі бәсекеге түсу қабілеттері дамыды. Әр ана тілі пәндерінде: мәтінді мәнерлеп оқу арқылы оқушы ойына қозғау салу, жүрек сезімін ояту, мәтінді, өлеңді мазмұнына қарай рөлдерге бөлу, сахналау, бейнелеу, шағын мәтіндер құрау, түсіндірме сөздікпен жұмыс, сөз тіркесінің мәнін ашу, сөздің астарлы мағынасына көңіл бөлу, таспадан тындау, бейнелі материалдар көрсету сияқты әдіс-тәсілдерді тиімді, ұтымды пайдаланамын. Қай сабақта қай әдісті қолдану керектігін оқушылардың даму мүмкіндігіне және әр шығарманың жанрлық ерекшелігіне, тақырыптың ауыр жеңілдігіне қарай ыңғайластыру ең басты тиімді шартым.

Әрбір ана тілі сабағында оқушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуге, ана тілі сабақтарына қызығушылықпен белсене қатысуға бағыттаймын. Оларды бірінші сыныптан бастап ойларын айта білуіне бірін-бірі тыңдауларына, байланыстырып сөйлеулеріне ерекше назар аудардым. Сабақ барысында оқушылардың сөйлеген сөздерінде жиі кездесетін кемшіліктерді байқадым. Олар: сабақ үстінде айтайын деген ойын анық жеткізе алмауы, керексіз, орынсыз қолдануы, мәтінге байланысты мазмұнын айту да бір деректі айтып бітпей жатып, басқасына ауысып кету сияқты ауызша сөйлеу тіліндегі қателерді көптеген кездестірдім. Байқалған кемшіліктерді ескере отырып, оқушының ойлауы мен сөйлеу дағдыларын жетілдіру жолдарындағы ізденістерінде «сөйлеу тілі» неғұрлым түсінікті, жинақы, нақты болғанын талап етіп, өз ойын дәл айтуын қадағалап отырдым. Оқушының ана тіліне деген қызығушылығын жойып алмау мақсатында кез-келген тапсырманы берер кезде мына жайларды ескердім:

1. Тапсырманың бала ұғымына сәйкес түсінікті болуы, себебі баланың түсінбей қалған сөзі – топастықтың алғашқы бастамасы;
2. Тапсырманың тәрбиелік мәніне көңіл бөлу;
3. Тапсырманың бала қызығушылығын оятатындай деңгейде болуы.

Егер бала қызықса, білгенімді айтамын деп талпынса, сөйлеуге деген қажеттілігі артатынын байқадым, ал мәтіндермен жұмыс істеген кезде мәтінге байланысты нақты сұрақтар қоюға, түсініксіз сөздермен жұмыс жасауға, аяқталмаған мәтінді жалғастырып айтуға, мәтіннің негізгі идеясын таба білуге үнемі көңіл бөлу керек. Кез-келген мәтінді таныстырғаннан кейін, Әңгімеден қандай әсер алдыңдар? Әңгіме неге тәрбиелейді? Оның орнында болсан не істер едің? Өзіңі не аласың? Сен де қандай сезім туды? Неге ұнады? Не себепті? деген тағы басқа тиімді, ұтымды сұрақтарды пайдаланамын. Мысалы, «Ақ боран» деген мәтінмен танысар алдында сыныпты 3 шағын топқа бөлдім. Мәтінге толық таңдау жасағаннан кейін, бірінші топқа Авторға хат! Екінші топқа Қасым деген кейіпкерге хат! Үшінші топқа Егер мен Қасымның орнында болсам! деген шығармашылық тапсырмаларды беру арқылы, олардың өзіндік көзқарасын қағаз бетіне бейнелеу, шағын хат жазу сияқты шығармашылық тапсырмалар бердім. Бұл сабақта оқушының сабаққа толық ниеті ауып, шығармашылық әрекетке еркін ене алғанын, көңіл-күйінің көтерілгенін байқадым. Ана тілі – оқушыларды сөз өнеріне, сөйлеу техникасына үйретіп, сөздік қорын молайтып, қалыптастыратын пән. Әр оқушының өліңді немесе мәтінді дауыс ырғағын сақтай отырып, мәнерлі оқу арқылы, әдеби шығармалар арқылы ана тілінің байлығын адамның жан дүниесін тебіrentетін құдіретті күшін, эмоциялық қасиетін байқай білуге машықтаймын. Ол үшін оқушы әр дыбыстың дыбысталуына, өзінің сөйлеу стиліне баса назар аудару керектігін үнемі ескертемін, сонымен қатар сөздікпен жұмыста назардан тыс қалмауы тиіс. Ойкені, бала өз ойын жеткізуде жаңа сөзді таңдап алып, ойларын ортаға сала отырып, сөздің мәнін ашу жұмыстары ұйымдастырылды. Ана тілі сабағында халық – ауыз әдебиетінің алатын орны ерекше. Мәтінді талдауда, қорытындылағанда мақал-мәтелді көбірек пайдаланамын. Шығармашылық жұмыстардың үлгісінде өз сабақтарымда жиі қолданамын: ертегіні аяқтау, сахналау, әңгімені жалғастыру, өлең құрастыру, ұқсас әңгіме шығарып айту. Жүйелі түрде істелінген жұмыстардың нәтижесінде екі бастапқы сыныптан қайтадан сауалнамалар, тестер алынды.


Қорытынды. Екі сыныптарда алынған ауызша дағдылардың деңгейлік көрсеткіші эксперимент соңында мынандай қорытындыға әкелді.

2 кесте. Ауызша дағдылардың деңгейлік көрсеткіші:

	2А сыныбы (эксперимент)	2Ә сыныбы (байқау)
Мәнерлеп оқулары	63%	50%
Өз ойларын жеткізулері	71%	51%
Әдеби тілде сөйлеулері	56%	40%
Мәтінмен жұмыс істей білулері	80%	58%

Эксперимент соңында алынған екі сыныптың сөздік қорының салыстырмалы мониторингін мына кестеден көруге болады:

3 кесте. Эксперимент алды және байқау сыныптарының сөздік қорының салыстырмалы диаграммасы:



Эксперименталды сыныбында сөздік қорларының дамуы 80%, ал байқау сыныбында 60% көсеткішті көрсетті. Ана тілі пәні бойынша өткізілген мектепшілік, қалалық ашық сабақтарында оқушылардың сөйлеу мәдениеттілігі жоғарғы екендігін, өз ойларын нақты айтып дәлелдей білетіндіктерін, шығармашылық қабілеттері мол екендіктерін көрсеттім. 4 сыныптар арасында өткен қалалық олимпиадаларда ана тілі пәні бойынша оқушылар жүлделі орындарға ие болып жүр. Эксперимент соңында сынып оқушыларынан Ана тілі сабағы не үшін ұнайды? деген сауалнама алып мынандай қорытынды шығардым.

4 кесте. «Ана тілі сабағы не үшін ұнайды?» сауалнамасының қорытындысы:

	Өте ұнайды	Ұнайды
1. Шығармашылықпен жұмыс істеу үшін.	47%	53%
2. Мәнерлеп оқу үшін.	67%	33%
3. Мәтінді мазмұндау үшін.	56%	44%
4. Тіл байлығын дамыту үшін.	72%	28%

5. Ана тілінде таза сөйлеу үшін.	87%	13%
6. Ғылыми сөздерді пайдалану үшін.	54%	46%

Ал ана тілі пәні мен үшін ең бірінші пән, яғни өте ұнайды 58%, ал ана тілі мен үшін екінші тұрған пән ұнайды деген 42%-ды көрсетті. Сонымен өткізілген эксперименттің қорытындысына қарап оқушылар үшін ана тілі пәні өте ерекше, құнды, қазіргі заманымызға сай пәндердің бірі екенін дәлелдедік. Әрине, бір эксперимент барысында барлық мәселелерді шеше алған жоқпыз, бірақ та тиянақты білім беру нәтижесінде тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану барысында оқушылардың сөздік қорлары 80%-ды көрсетті. Сондықтан да, біз оқытып отырған әрбір оқушы жарық жұлдыз болып жанатынына, олар үнемі жұлдыз болып жанып, өз тілінің жанашыры болатынына, ана тілінде таза сөйлеп тақылдайтынына, сөздік қоры мол бәсекеге қабілеті бар өз тілінің кемеңгері, ғасыр азаматы болатынына сенімдіміз. Олай болса ұстаздық ауыр да, қиын еңбек жолындағы менің ұстаздық қағидам:

Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға.

Әдебиеттер

1. Ибрагимова Г. Оқытуда жаңа әдістерді пайдалану // Бастауыш мектеп. - 2011. - №6. - 16-18 б.
2. Игенбаева Б.Қ. Ана тілі сабағында жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыта оқыту әдістемесі. - Алматы, 2012. – 25 б.
3. Иманбекова Б. Жаңа технологияларды оқыту әдістері // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2009. - 6-9 б.
4. Қалижарова Н. Сауат ашуға арналған дидактикалық материал. - Өскемен, 2010. – 75 б.
5. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. - Алматы, 2004.
6. Мусина С., Молдағалиева Б. Оқу технологияларын енгізу жолдары // Қазақстан мектебі. - 2012. - №8. - 18-22 б.
7. Рахметова С. Бастауыш класс оқушыларының тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: п.ғ.д. дисс. - Алматы, 2004. – 291 б.

ҚАЗІРГІ БАСТАУЫШ МЕКТЕП МҰҒАЛІМІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Саданова Ж.К.

Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан

Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші – білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан, әлемдік білім кеңістігіне кірігіп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Бұл мәселені шешудің кілті ұстаз қолында. Өйткені, ұстаз елдің болашағы, ертеңгі тізгінін ұстайтын ұрпақ тәрбиелейді. Адам тәрбиелеу – ұлы міндет. Ол міндетті атқарушы – ұстаз. Ал ұстаздық еткен адам өзінің педагогикалық шеберлігін үнемі арттырып отыруы керек.

Педагогикалық шеберлік үнемі жетіліп отыруды қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу өнері. Ол өнерге балаларды сүйетін және өз қалауымен жұмыс істейтін әр педагогтің қолы жетуі мүмкін. Педагогикалық шеберлік – ұстаздық талантпен тығыз байланысты. К.Д. Ушинский: «Педагогика теориясын қаншама жетік білгенмен, педагогикалық әдептің қыр – сырын меңгермейінше бұған оның қолы жетпейтіндігін», – айтады. Педагогикалық шеберлік – күрделі құрылым. Педагогикалық шеберлікке мұғалімнің бойындағы көптеген қасиеттер мен қабілеттердің жоғары деңгейде дамыған көріністерін жатқызуға болады. Яғни, мақсатқа лайықтылық, шығармашылық, үйлесімділік, сөз сөйлеу шеберлігі, педагогикалық техника, педагогтық әдеп, педагогикалық мәдениет, педагогикалық қарым-қатынас, педагогикалық такт, шығармашылық іс-әрекеті, зерттеушілік пен ізденгіштігі, гуманистік көзқарасы т.с.с. жоғары адами құндылықтар педагогикалық шеберліктің негізін қалайды.

Көптеген зерттеушілер мұғалімнің жан-жақты және әдістемелік сауаттылығын ғана педагогикалық шеберлікке жатқызады. Дегенмен әр мұғалім өзінің оқитын пәнін жетік біліп, оны оқушыларға тиімді әрі қызықты жеткізе отырып, олардың бойында адамгершілік, моральдық нормаларды қалыптастырса, педагогикалық үрдісті басқарудың әдіс-тәсілдерін жақсы меңгеріп, оны ұтымды ұйымдастыра алса, өз бойында өмірге деген дұрыс көзқарасы пен моральды бойына сіңіріп, әдеп пен талантын ұштастырса ғана нағыз ұстаздық шеберлікке ие болары даусыз.

Мұғалімнің кәсіптік дәрежесін арттырудың жолдарын қарастыратын әлемдік педагогикалық ойларды жинақтай келе, ғалым Ш. Таубаев мынадай қорытынды жасаған: «Кәсіптік қызығушылық педа-

гогикалық қызметті бағалауда, білуге деген қажеттіліктен туындайды, ал ол жоғары кәсіптік қажеттілікке тек мұғалімнің жеке өз басының ұмтылуы арқылы ғана айнала алады». Осы бағытта қазіргі таңда мұғалімдерге мынадай әдістемелік талаптар қойылады:

1. Педагогикалық - психологиялық деңгейін көтеру.
2. Оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын, әдістемелер мен тәсілдерді зерттеп, меңгеру және оны өзінің кәсіптік жұмысына қолдана білу.
3. Өз білімін көтеруге, шығармашылық жұмыс атқаруға ынталандыру, қажетті жағдайлар туғызу, педагогтарды ақпараттық жағынан қамтамасыз ету.
4. Авторлық бағдарламалар, курстар, құралдар, мақалалар ізденістер жасауға ұмтылдыру, қызықтыру, ынталандыру және ондай мұғалімдерге қолдау көрсету.
5. Педагогтардың жұмысында еңбекті ғылыми ұйымдастыруды әр мұғалімнің күнделікті ісіне енгізу.

Олай болса әр мұғалімнің педагогикалық шеберлігін арттыру үшін жалықпай еңбек етіп, өз-өзін арттыру үшін әрекет жасау керек. Сонымен қатар мұғалімдерге арналған қосымша білім беру ісі де дұрыс ұйымдастырылуы қажет деп ойлаймын.

Кез-келген гуманистік бағыттағы іс-әрекеттің негізі дұрыс қарым-қатынастан құрылады. Олай болса мұғалім пен оқушы арасындағы, оқушылар ұжымы ішіндегі қатынастарды психологиялық тиімді етуге бағытталған оқытушы мен оқушының сабақтағы және сабақтан тыс уақыттағы кәсіптік қарым-қатынасын жүйелеу – педагогикалық шеберлікке бастайтын сара жол десек те болады.

Қарым-қатынастың түрлері:

1. Маскілі қарым-қатынастар; бір күннің ішінде бірнеше маска кию. Формалды қарым-қатынас, яғни мұнда маскілерді пайдаланып сұхбаттасушыларды тұлғалық ерекшелігін түсініп ескеруге талпынамыз (сыпайлық, қаталдық, тұйықтық). Шынайы сұхбаттасушыға деген сезімдерін, эмоцияларын қарым-қатынас барысында көрсетпейді.
2. Формалды рөлдік қарым-қатынас – мұнда сұхбаттасушының тұлғасы мен әлеуметтік рөлі маңызды болып табылады.
3. Іскерлік қарым-қатынас – мұнда сұхбаттасушының іске деген тұлғалық ерекшелігі, мінезі, жасы, көңіл-күйі ескеріледі. Сонымен бірге оның іске деген қызығушылығы мәндік маңызды орын алады.
4. Достардың рухани және тұлғалық қарым-қатынасы – мұнда кез келген тақырыпқа әңгіме қозғауға болады, тек сөз арқылы ғана емес жест, мимика арқылы бірін-бірі жақсы түсінеді.

5. Манипулятивтік қарым-қатынас сұхбаттасушыдан белгілі бір пайда табуға бағытталған. Ол үшін сұхбаттасушының тұлғалық ерекшелігіне байланысты түрлі әдістер пайдаланады.

6. Вербалды және вербалды емес қарым-қатынас.

Коммуникациялық жүйе – бұл алынатын және берілетін ақпаратты түсінуді қамтамасыз ету мақсатында адамдар арасындағы хабар алмасу.

Коммуникацияның негізгі функциялары мыналар:

1. Информативті – адамдар арасындағы өзара әрекеттесуді ұйымдастыру.

2. Интерактивті – адамдар арасындағы өзара әрекеттесу түрлерін пайдалана отырып сұхбаттасушының көңіл күйіне, сеніміне мінез-құлқына әсер ету.

3. Перцептивті – қарым-қатынасқа түсуші серіктестердің бірін-бірі қабылдауы және өзара түсінушілікті қалыптастыру.

4. Экспрессивті – эмоционалды бастан кешірулер сипатын өзгерту.

Мұғалім-баланың жеке тұлғасын қалыптастырушы, маңызды тәлім-тәрбие өнегесінің бастаушысы, жарқын үлгісі, бала қиялын самғатып, арманын көкке ұсындырушы басты тұлға. Бүгінгі жас өркеннің ертеңгі әлеуметтік-саяси қоғам мүшесі ретінде қалыптасуында тәлім-тәрбиенің маңызы зор екендігі белгілі. Ендеше қоғамдағы қол жеткен тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны пайдаланып, биік адамгершілік қасиеттерге баулу, тәрбиелеу – мұғалімнің басты міндеті.

Педагог – өз ісінің шебері, жоғары мәдениетті, өз пәнін терең меңгерген, ғылым мен өнердің тиісті салаларынан хабардар, жалпы, әсіресе балалар психологиясының мәселелеріне қанық, оқыту мен тәрбиенің әдістемесін жетік игерген маман. Педагогикалық шеберліктің тағы бір көрінісі – мұғалімнің шығармашылық іс-әрекеті, яғни оның тұлға ретінде жеке-даралығы және адамның индивид ретіндегі кейбір ерекшеліктерінің өзгеріске ұшырауы.

Жоғарыда айтылған ойымызды жүйелеп, қорытындылайтын болсақ, әрбір педагог мұғалім мамандығын тандап алған соң, оның жауапкершілігін бірге ала жүруі керек. Ұстаз өз пәнін ғана емес, дүние сырын, қоғамдағы өзгерістерді, адам мінездерін, өнердің қуат әсерін білетін жан болуы қажет.

Әдебиеттер

1. Основы педагогического мастерства / Под ред. И.А. Зязюна. - М., 1989.
2. Елеусізова С. Қарым – қатынас психологиясы. – Алматы, 1995.

3. Занина Л.В., Меньшикова Н.П. Основы педагогического мастерства. - Ростов н/Д., 2003.

ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ - ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Абишева Г.К.

*«8 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ, Ақтоғай стансасы,
Аягөз ауданы, ШҚО*

Үш тілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі.

Бүгінгі заман талабынан туындап отырған үштілді білім беру, яғни «Үш тұғырлы тіл» туралы идеяны мемлекет басшысы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында жария етті. Ал 2007 жылғы “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты халыққа Жолдауында “Тілдердің үштұғырлылығы” атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды.

Осы орайда құрылған «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» басты мақсаты:

- қазақ тілінің мәртебесін көтеру;
- мемлекеттік мекемелерде іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізу;
- ағылшын тілін меңгерту;
- орыс тілін жетік білу;
- әр ұлттың тілдерін дамыту, оларды сақтап қалуға мүмкіндік жасау;
- тілдер гармониясының бірлігіне жол ашу.

Осынау елбасымыздың салиқалы саясатының нәтижесінде мемлекетімізде береке-бірлік, татулықтың арқасында бір шаңырақтың астында қаншама ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Алайда өлкемізде қаншама ұлт тұрса, оларды ортақтастырып, қарым-қатынасқа түсіретін тіл екендігі сөзсіз. Сондықтан да қазіргі әр азамат ақын Қадыр Мырзалиев жырлағандай: «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», - дегендей, ана сүтімен бойына дарыған ана тілін қастерлеуі керек. Өз тіліңе деген құрмет – ата-анана, Отаныңа, туған халқыңа, мәдениетіңе, тарихыңа деген құрмет. Осынау қағиданы ұстап өскен ұрпақ өзге де ұлтты, өзге тілді құрметтей біледі, достық қатынаста болады.

«Біз - көпұлтты қоғамбыз. Қазақстанда тұратын барлық ұлттар

мен ұлыстардың тілін, мәдениетін және салт-дәстүрін дамытуға барынша жағдай жасауды алдыңғы уақытта да жалғастыра беретін боламыз», - деп елбасынан басталған күллі адамзатқа деген құрметті бойымызға дарытып, соның нәтижесінде бірлігіміздің арқасында еліміз тыныштықта өмір сүрудеміз. Әлемдік поэзияның алыбына айналған ақын Абай Құнанбаевтың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...» деген өлең жолдары баршамызға ой саларлықтай.

Әлемдік кеңістікке енеміз деп «шарқ» ұрған заманда «Қалай енеміз?» деген сауал елін, тілін ойлаған ұрпақтың санасында болу керек. Әлемдік білім кеңістігіне енуде мықты мемлекет үшін сауаттылық керек десек, ол сауаттылық дегеніміз – рухани, жан-дүниендегі, ой-санаңдағы, адамгершілік мінез-құлқындағы сауаттылық, функционалдық сауаттылық екендігін ұмытпайық.

“Тілдердің үш тұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар - қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі” деп кезекті Жолдауында Н.Ә. Назарбаев үш тілділіктің маңызын ашып айтты. Әлемдік кеңістікке енудегі тілдің маңызын түсіндіре отырып, оқушыларды функционалдық сауаттылыққа, тілдерді меңгертуге аса назар аударылуда.

Соның ішінде ұстанатын қағидамыз – Елбасымыздың Қазақстан халқы ассамблеясының ХҮІІ сессия отырысында Қазақстан аймағында тұрып жатқан халықтардың басын қосатын тіл қазақ тілі болуы керек деген сөзі:

«Қазақстанды, қазақты достықтың киелі шаңырағына теңесек, түрлі этностар оның алтын арайлы шуақтары іспетті.

Бұл ретте байтақ мекенде баршамызды біріктіре түсетін ортақ құндылықтар бар.

Ол – біздің талайлы тағдырымызды тұтастыратын шежірелі тарихымыз.

Ол – біздің байтақ мәдени мұрамыз бен қазығы берік мемлекеттік тіліміз».

Яғни, қазіргі таңда мемлекеттік тілді, қазақ тілін сол мемлекетте тұратын барлық ұлт өкілдері білуге тиіс және бұған барлық жағдайлар, жол ашылған. Сонымен қатар орыс тілі мен ағылшын тілінің де заман талабындағы бүгінгі қоғамдағы маңызы зор.

Бүгінгі білім ордалары үштілді білім беру ісіне жандана кірісті. Әсіресе, мектеп жасына дейінгі балабақшадан бастау алған бұл үрдіс мектеп табалдырығында өз жалғасын тауып отыр.

Әлемдік бизнес тіліне айналған ағылшын тілінің маңызы туралы

Елбасымыз: «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады», - делінген.

Егер тілді білу менің мүмкіндігім деп түсінген оқушының өзінің ынтасы, ізденісі, шетел тілін үйренейін деген қызығушылық, талпынысы болса ғана нәтиже оңды болады. Ал ең басты тіл білсем деген мақсат оқушыда болмаса сіз қандай әдіс-тәсіл, жаңа технологияны қолдансаңыз да күткен нәтиже бола қоймайды. Сондықтан да балаға бірінші күннен үштілділіктің маңызын түсіндіріп, тілді құрметтеуді, оны білу парызын санасына құя түсуіміз керек.

«Адамзат үшін ХХІ ғасыр жаңа технологиялардың ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру – бүгінгі мектеп оқушылары сіздердің еншілеріңіз» – деп ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында атап көрсетілгендей, үштілді меңгеруде АКТ-ның тиімділігі өте зор.

Мектепте ағылшын тілін оқыту барысында АКТ-ның, мультимедиялық технологияның көп тиімділігі бар. Ақпараттық технология қоғамымыздың қай саласында болмасын орын алып, жаппай өндіріс орындары болсын, білім саласында болсын АКТ-ны қолдану өріс алды. Сабақта оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық құзиреттіліктерін дамытуда АКТ-ның тиімді қолдану білім сапасының артуына, құзырлы тұлғаны қалыптастыруға негіз болып отыр.

Ақпараттық құзыреттілік бойынша оқушы бойында төмендегідей құзыреттіліктер қалыптасады:

- ақпараттар жинау;
- жинаған ақпаратты сұрыптау, таңдау, соның негізінде шешім қабылдау,
- ақпаратты қайта құруға, сақтауға, түсіндіруге, дәлелдеуге, қолдануға үйрену, ақпараттарды тасымалдауды, яғни, қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен жүзеге асыруды білу;
- ақпаратты өңдеу. Өңдеу үшін логикалық операцияларды: талдау, жинақтау, қорыту, құрылымдау, тікелей және жанама дәлелдеу, ұқсастығы бойынша дәлелдеу, модельдеу, салыстыра ойлау, материалдарды жүйелеу, қолдану, т.б.

Ақпараттық технологияларды сабақта қолдану білім сапасының артуына әсерін тигізеді. Сондай-ақ оқушылардың қызығушылығын арттырып, уақыттарын үнемдеп, өзіндік жұмыс жасауларына, шығармашылық жұмыстарға (презентациялар) төселтіреді.

Ағылшын тілі сабақтарында тек ағылшын тілін оқушыларға мең-

гертіп қана қоймай, ендігі мақсатымыз - заман талабынан туындыға кез-келген ортаға бейім тұлғаны баулу, яғни үштілділікті дамыту. Осы мақсатпен сабақты жүргізу барысында пәнаралық байланысты қолданамыз.

Пәнаралық байланыс - дәстүрлі оқытудан бері жүйелі қолданылып келген үрдіс. Педагогика тарихында Я.А. Коменский, К.Д. Ушинский, Л.С. Выготский сынды т.б. ірі педагогтардың тарапынан жасалған зерттеулер баршылық. Пәнаралық байланыс туралы қаншама іргелі зерттеулер жасалынды. Ұлы педагог Ян Амос Коменскийдің: «Все, что находится во взаимной связи, должно преподаваться в такой же связи», - деп пәнаралық байланыстың маңызын аша түсті.

Бүгінгі оқытуды технологияландырылған заманда пәнаралық байланысқа деген сұраныс, заман талабы артуда. Әсіресе үштілді оқытуда пәнаралық байланысқа жүгінеріміз анық. Алайда оның дәстүрлі оқытуда қалыптасқан жолдарымен қатар озық тың жолдарынан іздену, тәжірибеде қолдану терең білімді, шығармашылық ізденісті талап етеді.

Сондықтан да сабақ құруда аса назар аударатын талаптарымыз:

- оқытудың инновациялық технологиясын енгізу;
 - озық іс-тәжірибе, әдіс-тәсілдерді енгізу;
 - ақпараттық технологияны қолдану;
 - мультимедиялық технологияны тиімді қолдану;
 - электрондық оқулықтарды пайдалану;
 - пәнаралық байланысқа негізделген тапсырмалар;
 - шығармашылық бағыттағы тапсырмалар;
 - функционалдық сауаттылыққа жетелейтін тапсырмалар;
 - ақпараттық-құзіреттіліктерін дамытуға негізделген тапсырмалар;
- тіл дамыту жұмыстарына негізделген тапсырмаларды қолдану.

Пәнаралық сабақтастықтың оқушыны шығармашылық жұмыстарға жетелеудегі маңызы зор. Шығармашылық тұлға, құзырлы тұлғаны баулу бұл оқытудағы басты мақсаттарымыздың бірі, сондықтан да ағылшын тілі сабағында пәнаралық байланысты негізге ала отырып шығармашылық ізденістегі, әлем тілін меңгерген, кез-келген ортаға бейім құзырлы тұлғаны баулуда еңбек етудеміз.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін танып білу, дамыту үшін:

- 1) Баланың қабілет деңгейі, құрылымы әр алуан болатынын ескеру керек. Оны анықтауға психологиялық тестер, зерттеу, бақылау, дамыту жұмыстары көмектеседі.

2) Әр балада қабілеттің бірнеше түрі болатынын ескере отырып, баланың жетекші қабілетін анықтап, арнаулы жаттығу жұмыстарын жүргізе білген жөн.

Ағылшын тілі сабағында пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық жұмыстардың төмендегідей түрлері өнімді нәтиже беріп келеді. Мәселен.

1. Шығармашылық бағыттағы жазба жұмысының түрлері:

- ой толғау, эссе, шығарма жазу;
- пікір жазу, хат жазу.
- шығармашылық диктант;
- ғылыми бағыттағы жазба жұмыстары: ғылыми хабарлама, рецензия, аннотация, ғылыми реферат, ғылыми жоба.

2. Тіл дамыту жұмыстарына негізделген шығармашылық бағыттағы тапсырмалар:

- «Үндестік шеңбері» (үндестіктерін табу, салыстыру);
- «Ойлан, тап» ойыны (логикалық ойлауына негізделген тапсырмалар);
- Модель, жоба, макет жасау;
- «Кім тілші?» интеллектуалдық тапсырмалар;
- «Саяхат» аялдмасы. (ізденушілікке негізделген тапсырмалар);
- «Кел, аударайық» (аударма жасау) т.б.

Сонымен қатар ағылшын тілі сабағын өткенде пәнаралық байланыс қазақ тілі, орыс тілі сабақтарымен қоса әдебиет пәнімен, тарих, география, музыка, бейнелеу, информатика, математика пәндерін бағдарламаға орай кіріктіріп өткізу оқушылардың танымдық қабілеттерін, қызығушылықтарын оятты. Әсіресе іздендіру, зерттеу жұмыстарын беруде пәнаралық байланыстың маңызы зор. Мәселен «Мен - ізденуші, зерттеушімін» атты сыныптан тыс сабағын жүргізгенде оқушыларға төмендегідей тапсырмалар бердік.

I Бекет. «Мен – ізденушімін, зерттеушімін» Үш тілде өзін-өзі таныстыру, ой толғау.

II Бекет. «Кім тапқыр?» интеллектуалдық сұрақтар беріледі. (білім сайысы).

III Бекет. «Кім алғыр, кім зерек?»

Ұяшықта берілген ұлттық салт-дәстүрлерді тауып, сол елдің дәстүрі туралы үш тілде анықтама беру.

IV Бекет. «Кел, ізденейік!»

Іздендіру - зерттеу бағытындағы тапсырмалар.

I топ. Әлем халықтарының ертегілеріндегі үндестік.

II топ. Тіл туралы мақал-мәтелдердегі үндестік.

II топ. Әлем халықтарының жұмбақтары.

III топ. Тіл туралы ақындар жырларындағы үндестік.

Төмендегі үлгіні басшылыққа алу.

тапсырмалар	қазақша	орысша	ағылшынша
Әлем халықтарының ертегілеріндегі үндестік.			
Тіл туралы мақал-мәтелдердегі үндестік.			
Әлем халықтарының жұмбақтары.			
Тіл туралы ақындар жырларындағы үндестік.			

Қорытындылай келгенде, оқушылардың тілді жетік меңгеруі үшін сабақты түрлі тәсілдермен жүргізу және ақпараттық технологияны қолданудың білім сапасының артуына септігі мол болды. Жоғарыда айтылғандай, баланың ең бірінші саналы түрде ойлауы мен өзінің белсенділігі, ынтасы, талабы болмай, қандай жаңа әдіс-тәсіл, технология қолдансаңыз да шетел тілін меңгерту оңайға түспейді. Сондықтан да қай пәннің мұғалімі болмайық, ең бастысы өз пәнімізге деген оқушылардың ынтасын, қызығушылығын оятып, шығармашыл тұлғаны қалыптастыра отырып, болашағымыздың ертеңі үштілді еркін меңгерген ұрпақты тәрбиелеу басты ұстанымымыз болмақ.

Әдебиеттер

1. Ақиқат. 2013 жыл, №1. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы
2. Ақиқат. 2011 жыл, №5. Қазақ тілін білу - әншейін бір ұран емес, Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы ассамблеясының XVII сессиясында сөйлеген сөзі
3. Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2007.
4. Баймолдаев Т. Ақпараттық-білімдік ортада педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық құзырлығын қалыптастыру // Информатика негіздері 2010 ж. №1. 2-4 б.
5. Ғалымжанова М. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру деңгейін көтеру // Информатика негіздері, 2006 ж. №3. 2-4 б.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ

Қасенова А.Қ.

*«А. Байтұрсынов атындағы № 20 орта мектебі» КММ, Өскемен,
Қазақстан*

Балалардың бойында оқуға деген қызығушылықты қалыптастыру міндеттерінің терең тарихы бар. Бастауыш білім беру көптеген жылдар бойы білім алудың негізгі және жалғыз сатысы болды. Сондықтан ол оқуға, жазуға үйрету мен қарапайым арифметика элементтерін білу мақсатын көздеді. Міндетті жеті жылдық оқуға, кейінірек толық орта білімге көшуге байланысты психология мен педагогикада кіші мектеп жасындағы балаларды оқытудың дамытушы міндеттеріне мән беріле бастады. Осыған байланысты олардың өз бетімен білім алу білік - дағдыларын қалыптастыру қолға алынды.

Бастауыш білім беру қызметі алдымен орталау, кейін орта білім берудің бір сатысы болып өзгерді. Жаңа жағдайларда 6-11 жастағы балалардың оқу мүмкіндіктерін зерттеу қорытындысына байланысты бастауыш білімнің мақсаттары айқындалды. Осындай мақсаттағы зерттеулер нәтижесінде оқу қызметінің әртүрлі теориясы жасалды. XX ғ. соңындағы білім беру жүйесіндегі демократиялық жағдайда мұғалімдердің педагогикалық ғылыми-зерттеулер нәтижесіне деген қызығушылығы артты [1].

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың білік - дағдыларын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілерін өз еңбектерінде барынша нақты ашып көрсеткен белгілі ғалымдар Л.С. Выготский, П.Я. Гальперин, А.Н. Леонтьев, Л.В. Занков, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов т.б. Олардың зерттеулері оқу қызметінің әртүрлі теориясын құрудың негізін салды. XX ғ. соңындағы қоғамдағы және халыққа білім берудегі демократиялық өзгерістер жағдайына байланысты бұл зерттеулердің нәтижесіне деген сұраныс туындады.

Бүгінгі таңда білім беру саласында әртүрлі сипаттағы және бағыттағы инновациялар енгізілуде. Азды-көпті мемлекеттік шаралар жүргізіліп, мазмұнға, ұйымдастыруға оқыту әдістері мен технологияларына жаңалықтар кіруде. Білім беру саласына енген жаңалықтарға мына өзгерістерді жатқызамыз: оқу тәрбие мекемелерінің жаңашыл басқарылуы; білімнің қоғамдағы орны және сол жүйені қаржыландыру деңгейін; тәрбие және білім жүйесі құрылымын. Білім беру мазмұнын, яғни оқу жоспарларындағы және бағдарламалардағы өзгерістерін: мектептің ішкі ұйымдастырушылық әрекеттерін; мұғалім

мен оқушы қарым-қатынастарына, ұстаз бен шәкірттер арасындағы қарым-қатынас; оқыту әдістемелеріндегі өзгерісін; білім беру мекемелерінің құрал - жабдықтарындағы және ақпараттық технологияларды қолданудағы өзгерістер; оқыту мекемелерінің құрылысындағы өзгерістерді жатқызамыз.

Мұғалімнің инновациялық іс-әрекеті – өз қызметіне жаңа технологияларды енгізу. Білім беру жүйесінде қазір технологиялардың сан алуан түрлері бар. Білім беру технологиясы ұсынылуда. Соның бірі дәстүрлі педагогикалық технология. Дәстүрлі сынып сабақтық технологиясының басқа технологиялардан айырмашылықтары бар:

- оқушылардың таным қабілеттері және жас мөлшері шамамен бір деңгейді құрайды;

- сыныптағы оқушылар құрамының әр кез тұрақты болуы;

- сыныптағы сабақ ортақ жылдық жоспармен оқу бағдарламаларына, оқулықтарға негізделген, құрастырылған кестемен жүргізіледі.

Бүгінгі күні мемлекетіміздің өркениетке жету жолындағы әр талабына тұғыр боларлықтай ұрпақ оқыту, тәрбиелеу ісін жаңа сапалық өзгерістер деңгейіне көтеруді талап етіп отыр. Мектеп құрылымында болып жатқан өзгерістер, білім беру мақсаттарының алмасуы, оның дамытушылық сипаттарының бекітілуі, көп нұсқалық оқытуға көшу сияқты мәселелер орындаушылардан шығармашылық бастамалық, жұмыстың жоғары сапасын және кәсібилік талап етеді [2].

Шығармашылық - бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Өйткені адам туынды ғана емес жаратушы да. Бұл үлкен жауапкершілік артатын күрделі мақсат. Оны шешу үшін ең алдымен оқыту мазмұны жаңартылып, әдіс-тәсілдің озығы өмірге келуі, олар әрбір азаматтың жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет. Сонда ғана мектептерден өз өміріне өзгеріс енгізе алатын, өз бетінше өмір сүру жолдарын таңдай алатын азаматтар тәрбиеленіп шығады.

Баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек. Шығармашылық — бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкілхалықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол

жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді. Ал бүгінгі күрделі әлеуметтік-экономикалық жаңарулар тұсында шығармашылық қабілеттер басты нысана болып, керісінше, оқушыда шығармашылық қабілеттің болмауы үлкен проблема саналып, ойландыруы тиісті деп ойлаймыз. Себебі өмірдегі сан алуан қиыншылықтарды шешу тек шығармашыл адамдар ғана қолынан келеді. Тек шығармашылық қана қандай түрде, қандай деңгейде болмасын адамға өмірдің мәнін түсінуге, бақытын сезінуге мүмкіндік әпереді. Мұндай күрделі мәселені шешуде үздіксіз білім беру ісінің алғашқы сатылары болып саналатын бастауыш мектептің орны ерекше. Баланың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау психология мен педагогика ғылымдарында өте ертеден зерттеліп келеді. Шығармашылық әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болғандығын «шығармашылық теориясын» жасауға деген көптеген ізденістердің болғандығынан байқауға болады. Бұл әрекеттер өзінің логикалық шегіне жеткен деп айтуға болмайды. Сондықтан шығармашылық педагогикасының негізгі мақсаты - бүгінгі күн талаптарынан туындаған, озық қоғамға лайықты жаңа сана, рухани сапа қалыптастыру және дамытуда тың жолдар мен соны шешімдер іздестіру болып табылады. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту мәселесін талдау ең алдымен «қабілет» ұғымының мәнін терең түсініп алуды қажет етеді. Философияда «қабілеттерді» тұлғаның белгілі бір әрекеті орындауға жағдай жасайтын жеке ерекшеліктері дей келе, олар қоғамдық - тарихи іс-әрекеттердің нәтижесінде қалыптасып, әрі қарай дамып отыратындығын атап көрсеткен. Демек, бастауыш сынып оқушыларының тұлғалығын тәрбиелеу үшін, ең алдымен олардың қабілеттерін дамытудың мәні зор. Қабілеттер мәселесін қорытындылай келе, педагогикалық практика үшін мәні ерекше мына жағдайларға айрықша тоқталу жөн. Бірінші - адамдардың қабілеттер деңгейі жағынан тең дәрежеде болмауы. Қабілеттердің бірдей емес екендігін сыныпта отырған оқушылардың әрқайсысының әр пәнге және әр деңгейде қабілетті болатындығымен дәлелдеуге болады. Бірі есепке жүйрік болса, екіншісі тілге бай, ал енді біреулері сурет салғанды тәуір көреді. Олардың қабілеттерінің құрылымы да, оны құрайтын компоненттер де әр түрлі болады. Мәселен: математикалық қабілеті басым балаларда ойлау операциялары тез, дәл болады да, бейнелеу өнеріне қабілетті балаларда нақты заттардың бөліктерінің арақатынасын жылдам анықтай білу сияқты белгілер басым болады. Музыкаға қабілетті бала есту, ритмді түсіну, сезімталдық сияқты

сапаларымен ерекшеленеді. Екінші - адамдар бойында қабілеттің бір түрі ғана бола ма, әлде әр түрлі қабілеттің белгілері бола ма деген сауал төңірегіндегі пікірлер жайлы. Ғалымдар керісінше көзқарастардың бар екендігіне қарамастан, адам бойында әрекеттің бірнеше түрін оғындай алу мүмкіндіктерін бар екендігін дәлелдейді. Мысалы ақындығымен қатар музыкаға, суретке қабілетті адамдар. Психологтар қабілеттердің екі түрлі деңгейінің болатындығын дәлелдейді.

1. Репродуктивті - іс-әрекетті, білімді берілген үлгі бойынша қабылдай алу деңгейі.

2. Шығармашылық - жаңалық ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі.

«Шығармашылық» сөзінің төркіні этимологиясы «шығару», «ойлап табу» дегенге келіп саяды [3]. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте «шығармашылық қайталанбайтын тарихи-қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет», - деп түсіндіріледі. Ал көрнекті психолог Л.С. Выготский «шығармашылық деп жаңалық ашатын әрекетті атаған». Шығармашылық - өте күрделі психологиялық процесс. Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан тек адамға ғана тән. Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері қабілеттің мұндай дәрежесіне белгілі бір шарттар орындалған жағдайда кез келген баланы көтеруге болатындығы жайлы көп айтуда. Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден, кез келген бала оқу әрекетінде адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақталған тәжірибесін меңгерсе екіншіден, кез келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы - ол баланың өзін-өзі қалыптастыруына өз идеясын жүзеге асыруына бағытталған жаңа әдіс-тәсілдерді іздейді. Проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды. Біздің ойымызша, бүгінгі бастауыш сынып оқушыларының кез келгені шығармашылық тапсырмалар шешуді табыспен меңгере алады. Тек ол жұмысқа дұрыс басшылық, шебер ұйымдастырушылық қажет. Осыған орай, ғалымдар жүргізілген тәжірибе барысында, барлық пәндердегі білім мазмұнында оқушының шығармашылық қабілеттерінің дамуы басты нысана болып алынуымен байланысты, оқулықтарда берілген тапсырмалардан басқа өздігінен бақылау жүргізу, қарапайым тәжірибе, эксперимент қою, мәтінмен, сызбамен, суретпен, диаграммамен жұмыс істеу, жекеден жалпыны шығару, жалпыны жекелей қолдану т.б. сияқты оқушыны іскерлікке, дербестікке баулитын, ойына түрткі

болып, шығармашылыққа жетелейтін, өздігінен ізденіске салатын, айналадағы дүниемен қарым-қатынысқа түсіретін, «жаңалық ашып», оның нәтижесінің «қызығына» бөлейтін әдіс-тәсілдер мен мазмұндық ойындар, қызықты тапсырмалар тұрақты жүргізіліп отырылуы біз көтеріп отырған мәселені нәтижелі ететіні нақтыланды. Қазіргі таңда шығармашылық тапсырмалар әр сабақта өтілетіндей ұйымдастыру қажет. Ал дәстүрлі сабақ пен шығармашылық сабақтың айырмашылығын мына кесте арқылы көрсетуге болады:

Шығармашылық сабақтың ерекшеліктері.

Дәстүрлі сабақ	Шығармашылық сабақ
Сабақ мақсаты: А) мұғалім үшін: жаңа материалды беру; Ә) оқушы үшін: жаңа білімді меңгеру.	Сабақ мақсаты: А) мұғалім үшін: оқушылардың жаңа нәтижеге бағытталған іс-әрекетін ұйымдастыру; ә) оқушы үшін: шығармашылық «өнім» ойлап табу
Сабақтағы іс-әрекет түрі А) мұғалім үшін: жаңа сабақты түсіндіру; ә) оқушы үшін: жаңа материалды тыңдау, есте сақтау.	Сабақтағы іс-әрекет түрі А) мұғалім үшін: оқушының шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру; ә) оқушы үшін: жаңа нысанды зерттеу, құбылысты талдау.
Сабақ құрылымы жоспар бойынша өтілуге міндетті.	Сабақ құрылымы жағдайға байланысты жоспардан ауытқиды, өзгермелі.
Сабақ тақырыбына көзқарас - кітапта баяндалған идеяға негізделген бір көзқарас.	Сабақ тақырыбына көзқарас — мәселеге мамандардың түрлі көзқарасы.

Ол үшін жалықпай жаңа инновациялық технологияларды өз жұмысымызда пайдаланып, сонымен қатар оқушыларды мадақтап, ынталандырып отырған орынды. Баланың қиялын дамыта отырып, ойын дамытамыз. Ойы дамыған шәкіртіміздің танымдық қызығушылығы арта отырып, шығармашылық әрекеті жоғары деңгейге көтеріледі.

Әдебиеттер

1. Альмухамбетов Б.А. Тенденции развития системы повышения квалификации педагогических кадров в Казахстане. – Алматы, 2001.
2. Выготский Л.С. Педагогическая психология. / Под ред. В.В. Давыдова. – М.: «Педагогика», 1991.

3. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту. – Алматы, 2005.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН КӨТЕРУ ЖОЛДАРЫ

Ағыбаева Б.А.

*«Оралхан Бөкей атындағы №44 мектеп-лицейі» КММ, Өскемен,
Қазақстан*

«Бүгінгі ұстаздың бірінші міндеті - оқушыға бүкіл өміріне азық ете алатындай жан-жақты білім беру» - деген Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өз жолдауында. Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл-парасатты, ой-өрісі биік, қабілетті азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бұл әр мұғалімнің шығармашылықпен, ізденіспен жаңаша жұмыс істеуін қажет етеді.

Л.С. Выготский: «Әр баланың өзінің деңгейі болатындай әр балаға берілетін тапсырманың көлемі оның деңгейіне лайықтап беріледі» деген. Негізгі мақсат баланың жеке қасиеттерін ашу арқылы тәрбиелей отырып, танымдық қабілетін қалыптастыру және ой-өрісін дамыту. Ұстаз алдында отырған бірі шапшаң, бірі баяу, қабілеті мен зейіні әртүрлі шәкірттердің жүрегіне жол тауып, олардың шығармашылық қабілетін дамыту күрделі құрылым екені белгілі [1, 15]. Шығармашылық - бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу. Бастауыш сынып оқушыларынан шығармашылық іс-әрекетті талап етпес бұрын, оны соған үйрету керек. Тапсырма жеңілден күрделіде түрлендіріліп жүргізілуі тиіс. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз, педагогтың бағыттауымен оқушының өз бетінше білімді игеруі. Нәтижесінде неғұрлым дамытылған оқушының тұлғасы қалыптасады.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясымен жұмыс жасау кезінде бұл сабақтар баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал ететіндігін атап өтсем, оқушылар - оқудың (сабақтардың) қызықты, ұжымды бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды. Бұл жобамен жұмысқа дейінгі және кейінгі кезеңін (аралығын) салыстыру оқушылардың оқуға деген ынта-ықыласының артқандығының, адами жақсы қасиеттердің қалыптасқандығын, мұғалімнің шыдамдылық, төзімділік сияқты сапаларымен қатар оқушылардың басқаны қабылдау, түсіну, сыйлауды үйренгендігімен сипатталады.

Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту барысында келесі міндеттерді анықтадым.

Мазмұнға байланысты міндеттер:

1. Әңгімені оқып танысады.
2. Мазмұнын ашады.
3. Кейіпкерлерді салыстыра отырып айырмашылықтары мен ұқсастықтарын сипаттай алады.

Сын тұрғысынан ойлауды дамытуға байланысты:

Оқушының оқу мен жазу арқылы сыни тұрғысынан ойлауын дамыту, қиялын шарықтату және сезімін ояту.

Топтық жұмыс үрдісіне байланысты міндеті:

1. Оқушылар бір-бірімен пікірлесе отырып, ортақ қорытынды шығарады.
2. Тақырыптық түсініксіз жерлерін айқындайды.
3. Топтасарының сұрақтарына жауап береді.
4. Қорытынды шығарады, өз пікірін дәлелдейді.

Тәрбиелік мәні: Өзара құрмет сезімін тудыру. Басқаның пікірін сыйлауға, сөзін бөлмеуге тәрбиелеу.

Оқу мен жазуды сыни тұрғыдан дамытудың басты жолы сабақ өткізу мәнерін өзгерту деп білемін. Стратегияларды әр сабақтың мақсат-міндетіне сәйкес тиімді қолдану мұғалімнің шеберлігіне, ізденісіне байланысты. Сонда ғана оқушының оқуы мен жазуына, тілдік әрекетке өзгеріс енгізуге болады. Өз ойын айтуға еркіндік берілгенін бала сезінгенде ғана ашылады және нәтижелі болады. Оқушылардың ойлау деңгейі жоғарлайды.

Баланың шығармашылығын дамытуда мынадай әдістерді қолдандым. Әр тақырыптың идеясын оқушылардың өздері ашады. Кейіпкерге айналады, онымен бірге қуанады, қиналады, армандайды, қиялдайды, жағымды жағын алады. Мысалы: «Торғай» тақырыбын көрнекілік әдісі арқылы тақырыпты оқушылар өздері ашты. Ол үшін «Торғай, жылан, бала» сөздерін алдым. Бұл сабақта сын тұрғысынан ойлау технологиясының «Болжау кестесі» стратегиясын қолдандым.

Не болады?	Дәлел	Не болды?
Торғайға бір қауіп төніп тұр. Жылан торғайды жемекші, не бала торғайдың жұмыртқасын жармақшы.	Торғайдың ащы шырылы құлаққа тиді. Жаны ашыған торғайлар жанында жүр.	Торғай тастай ағып жерге топ ете түсті.

Талқылау кестесі арқылы проблемалық сұрақ туғыза отырып, талқылау:

- 1) Торғай аман, тірі қалсын ба? - Тірі қалсын.
- 2) Әлде жылан торғайды жеп қойсын ба? - Жоқ.
- 3) Бала торғайды құтқарсын ба? - Құтқарсын.
- 4) Бала мақсатына жетті ме? - Бала мақсатына жетті.
- 5) Бала неге қуанды? - Бала торғайды аманалып қалғанына қуанды.

Оқушылардың шығармашылығының дамуына ықпал ету мақсатында мәтін, ертегі, әңгімені өз бетінше аяқтау жұмыстарын тапсырамын. Мысалы: «Ақымақ бота» әңгімесіндегі оқиғаны оқушылар былай жалғастырған болатын: «Шынар басқа ботамен дос болды. Ұлпан ақымақ ботаны қуып жіберді, сен керек емессің - деді Ұлпан. Ақымақ бота Шынарға қайтып келді. Шынар есікті ашпады. Ақымақ бота өзі жалғыз қалды.». Бұл сынды тапсырмалар оқушылардың сөздік қорларын молайтып, бала қиялын дамытады.

2-сыныптан бастап жоспар арқылы жазуға төселеді. Кейбір оқушылар ойын жазбаша жеткізуге қиналады. Ал, кейбіреулері ойын жазбаша еркін жеткізгенді ұнатады. Тірек сөздерді пайдалана отырып жазуға төселеді. Тапсырма түрлері өзгертіледі. Кейіпкерге мінездеме беру, автордың ойына өз ойларын қосу, мәтінді жалғастыру, кейіпкерге сипаттама беру, өзіндік көзқарастарын білдіру, авторға хат жазу, автор орындығы т.б. арқылы шығармашылығын арттырып, қызықтырып отырамын.

Сонымен бірге 5 жол өлең құрастыру арқылы да оқушылардың тақырып бойынша ойын жинақтап, шығармашылығын дамыту жолын сабақта жиі қолданамын. Жаңа тақырыпқа байланысты сөздік жұмысын жүргізген кезде, жаңа қолданылған сөздерге сөйлем ойлап жазумен бірге, сол сөздерді қолданып, 5 жол өлең құрастыруды да тапсырамын. Мысалы: «қырбық қар» - жаңа түскен қар.

1. Ақша қар
2. Мамық, ақ жібектей,
3. Себелеп, ұшып жүріп жауады
4. Жайнатады даланы.
5. Қырбық қар – деп құрастырды.

Бастауышта сәтті сабақ белгіленген мақсатқа жетуге ұстаз бен оқушының өзара ынтымақтастығы негізінде жүзеге асатын үрдіс.

Оқушы әрекеті:

1. Өз ойын еркін жазу.
2. Өзгені тыңдай білу және көмектесу.
3. Бірлесе әрекет ету.
4. Өз әрекетін талдау.
5. Өз мақсатын анықтау.

Сыни тұрғыдан оқу мен жазудың көмегі зор. Бұл жұмыстарды бірнеше тақырыптар көлемінде өткіздім. Оқушы жеке жұмыс істеуге жаттығады. Өз ойын көпшілікке жеткізуге ықпал етеді.

Математиканы оқытудың әрбір кезеңінде оқушылардың бағдарламалық оқып үйренгеніндей қабылдауға терең де берік білімдеріне, іс - керліктеріне қарай логикалық жаттығуларды беруге болады. Сынып оқушылары бірдей емес. Олардың ішінде математиканы сүйіп оқитын, оған деген ынтасы зор оқушылар да бар. Оларды жеңіл, бірыңғай жаттығулар жалықтырады. Сондықтан белгілі бір ережені меңгеретін жаттығуларды орындағанда оларға қиынырақ тапсырмалар, міндетті емес тапсырмалар берілуі қажет. Логикалық жаттығуларды орындау баланың ақыл-ойын, қиялын, ой ұшқырлығын дамытады [2, 11]. Бұл оқушылардың түрлі мазмұнды есептерді шығаруда, есептің шартын құра білуге қалыптастырады. Бір есептің бірнеше шешімдерін табуға жетелейді. Әрбір сабақ қызықты есептермен аяқталып, логикалық есептер оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай күрделене түсуі қажет. Сонымен бірге математика сабағында дамыта оқыту технологиясын пайдаланамын. Білім дайын күйінде берілмейді, әр сабақта проблемалық сұрақ қою керек.

Мысалы: 3-сыныпта $2 \times 3 = 6$ $2 \times 4 = 8$ неге? неліктен? 2-сыныпта математикадан «Үшбұрыштың, төртбұрыштың, шаршының периметрін табу» тақырыбын өткенде Абай атаның «Білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен...» деген қара сөзі- мен бастадым. Оқушылар топтарға бөлінді.

- 1) «Мұны біз білуге тиіспіз!» 1-деңгей. Өткенді пысықтау.
- 2) Математикалық диктант алынды. Жауаптары тақтаға ілініп, әркім өз жұмысын тексерді Бұл әдіс уақытты үнемдейді.
- 3) «Әлі үйрену үстіндеміз» 2-деңгей. Топтармен жұмыс.
- 4) «Үйренгім келеді...» Жаңа тақырыпты түсіндірдім. Периметр табуды практикалық түрде үйрендік. Әр оқушының алдында иілгіш сым бар. Сымды алайық, Бір ұшын ермек сазбен бекітейік, не болды? Екі ұшын бекіт, не болды? Екіге бүкте, бұрыш жаса. Үшке бүкте. Төртке бүкте. Төртбұрыш шықты. Қабырғаларын өлшету. Қос. Нені таптың? Қандай қорытынды жасауға болады? Периметр дегеніміз не? Оқушылардың өздері қорытынды шығарып, периметрдің ережесін айтады. Бұл әдісте ұстаз бағыт беруші, ал оқушы нәтижені өзі шығарушы.

Математикадан алған білімді тиянақтап, бекіту үшін «Өзіндік жұмыс дәптерін» қолданамын. Бұл дидактикалық құрал математиканы оқыту бағдарламасына сәйкес құрылған. Бұл тақырып бойынша құрастырылған тапсырмалар жүйесі дамыта оқытуды жүзеге асыруға мүм-

кіндік береді.

Іс-тәжірибемді қорыта келіп, мынадай түйін түйюге болады:

1. Осы шығармашылық тапсырмаларды пәндерге бейімдеп қолданудан, оқушылардың пәнге қызығушылығы артты.

2. Оқушылардың білім сапасы көтерілді.

3. Оқушылардың логикалық ойлауы, шығармашылық іс - әрекетке қабілеті артты. Ол үшін жалықпай жаңа инновациялық технологияларды өз жұмысымызда пайдаланып, сонымен қатар оқушыларды мадақтап, ынталандырып отырған орынды. Баланың қиялын дамыта отырып, ойын дамытамыз. Ойы дамыған шәкіртіміздің танымдық қызығушылығы арта отырып, шығармашылық әрекеті жоғары деңгейге көтеріледі.

Сабақта қолданылған стратегиялар оқушыларыма өздерінің, бір-бірінің ой пікірлеріне сын көзімен қарай отырып, жаңа, тың идеялар туындауына жол ашты. Сонымен бірге ерекше белсенділік пен шығармашылық шабыттың шарықтауы нәтижесінде олар еркіндік әлемінде еркін шарлағандай болды.

Әдебиеттер

1. Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық. - Алматы, 2007.
2. Бастауыш мектеп 2008 ж. №4, 2009 ж. №2.
3. Наурызбайқызы Ә., Әубәкірқызы Қ. Математикадан дидактикалық материалдар мен қызықты тапсырмалар. - Алматы, 2000.
4. Жикалкина Т.К. Математикалық ойындар. - Алматы, 1992.
5. Бастауыш мектепте оқыту. №3, 2010.

Қ.О. БІТІБАЕВАНЫҢ «ОЙ ТАСТАУ, ОЙЛАНТУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРҒА, ЗЕРТТЕУ ІЗДЕНІСТЕ- РІНЕ БАУЛУ ЖОЛДАРЫ

Мұқашева М.Қ.

ДБА Жамбыл атындағы ОММГИ, Өскемен, Қазақстан

Әйгілі ұстаз, «Құрмет» Орденінің иегері, академик, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, қазақ педагогикасының жарық жұлдызына айналған Қанипа Омарғалиқызының «Ой тастау, ойланту» технологиясы - жас ұрпақты жаңашылдыққа, шығармашылыққа, зерттеушілікке, құзырлыққа жетелейтін бірден-бір құрал, шамшырақ.

«Ой тастау, ойланту» технологиясын сөз еткенде ғалым ұстаздың мына бір пікіріне жүгінбесек болмас: «Әдебиетті оқытудың ежелден келе жатқан мақсаттары мен талаптарынан бас тарту, әсіре қызылға елітіп, «мен жаңаша оқытып жатырмын» деп, жекелеген технологиялардан үзіп-жұлып, көркем мәтін бір жақта, оның авторы, көркемдік әлемі екінші жақта, жамау-жамау, жүйесіз, сырты жылтырақ сабақтар көбеюде. «Инновациялық технология» деген термин жиі естілмей тұрған кездің өзінде оның негізгі талаптары жаңашыл ұстаздардың тәжірибесінде болды. Біздің «Ой тастау, ойланту» технологиямыз: бүгінгі сөз болып жүрген оқушыға субъект ретінде қарау; құзыреттіліктерді қалыптастыруға негізделген шығармашылық тапсырмалар; оқушылардың сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін дамыту; білімді оқушылық деңгейден өнімді, шығармашылық деңгейге дейін көтеру; дарын көздерін ашу; ғылыми-іздендіру жұмыстарына баулу мәселелеріне негізделген», - дегендей [1, 2], шығармашыл ізденістегі құзырлы тұлғаны баулуда ұстаздың «Ой тастау, ойланту» технологиясының тиімділігі өте зор.

Осы орайда ғалым ұстаздың тағы бір пікіріне жүгінбесек болмас: «Ой, ойлану, ойланту барлық пәндерге де керек. Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бірақ бұл жердегі ерекше бір еске алатын мәселе - өзіндік ойлау, өзіндік пікірде жатыр. Әдебиетті оқытуда мұғалім оқушыларға көркем туынды туралы оқулық авторы, не ғалымдар пікірін қайталауда, не соны қаз-қалпында мазмұндануды мақсат етпеуі керек, ең бастысы, сол көркем туынды туралы оқушы пікірі, ойына ерекше көңіл бөлген жөн. Бұл пәннің басқа пәндерді оқытудан өзгешелігі де, күрделілігі де осында», - деп «Ой тастау, ойланту» технологиясының маңыздылығын атап көрсетеді [2, 5].

Өз басым Қанипа Омарғалиқызының «Ой тастау, ойланту» технологиясымен сусындап өскен шәкірті болдым, ұстаздық еңбек жолымда «Ой тастау, ойланту» технологиясын жүйелі түрде қолданып келемін. Ұстаздың баға жетпес құнды еңбектері мен ғылыми мақалалары, құзырлылыққа бағытталған тапсырмалар жүйесі, тың ізденістерінің өз іс-тәжірибемізде маңыздылығы зор.

Төменде қазақ тілі, әдебиет сабақтарында «Ой тастау, ойланту» технологиясы арқылы оқушылардың танымдық-шығармашылық қабілеттерін, зерттеушілік құзіреттіліктерін оятуды мақсат еткен іс-тәжірибемізді ортаға салып отырмыз.


«Әдебиет – асыл ойдың сабағы. Бала әр сабаққа ойланып келіп, сабақтан ойланып кетуі керек. Ойсыз өткен сабақ – бос, өнімсіз сабақ», - деген ұстаздың ұстанымын әр сабағымызда санамызда ұстап қана қоймай, сол ұстанымның биігінен көрінуді мақсат ете отырып,

сабақтың ғылымилығына, шығармашылық тапсырмаларды орындата отырып, әр оқушының бойындағы қабілеттерін ашуға түрткі жасаймыз. Оқушыны ойланту, өзіндік ізденіске жетелеуде ұстаздың технологиясында жиі қолданылатын КЖТ, модельдің тиімділігі зор.

«Әдебиет - сөз сабағы, көбінде сөздік әдістер арқылы білім берілетін пән. Ал айтылатын сөздің бәрі есте қала ма, жоқ па, ол – әрине, зерттеуді қажет ететін мәселе. Ал бұл модель – мұғалімнің оқытуда конструкциялық жобалау технологиясына арқа сүйенетінін көрсетеді. Өйткені оның өнімді нәтиже берері сөзсіз...», - деп Қанипа Омарғалиқызы КЖТ-на (конструкциялық жобалау технологиясына) анықтама бергендей [3, 125], әдебиет сабағында КЖТ-ның тиімділігіне көз жеткіздік. Бұл модель өтіліп отырған тақырыпты толық қамтып, әр баланың алдында жатады. Әр оқушыға әрі көмек - нұсқау, әрі дидактикалық материал бола отырып, әр баланың шығармашылық, зерттеушілік қабілетін ашуға негіз болады. Берілген бағаналар бойынша оқушылар топқа бөлініп, топ бойынша ұсынылған мәселе төңірегінде ізденеді. Бос бағыттарды оқушылардың өздері іздене отырып толтырып, дәлелді қорғайды. (Үлгі №5 слайдта).

«Ой тастау, ойланту» технологиясының басты талаптарының бірі – оқушылардың өзіндік ізденісі, шығармашылық қабілеттеріне жол ашу, ғылыми ізденісін ояту. Сондықтан да тапсырмалар үнемі оқушыларға алдын-ала беріліп, баланың өзіндік ойлауына, ізденісіне түрткі болады.

Қазақ тілін, әдебиетін оқытудың қай тақырыбында болмасын шығармашылық тапсырмалар бергенде оқушылардың жас ерекшелігіне ерекше көңіл бөліп отырған жөн. Ең алдымен тақырыпты меңгертудің әдіс-тәсілдерінен ізденуді мақсат етпей, оқушының жаңа білімді қабылдауына жағдай туғызуды мақсат етіп, соның тиімді әдіс-тәсілдерінен ізденген жөн. Мысалы, интерактивті әдіс-тәсілдерді басшылыққа алудың тиімділігі зор. Өз іс-тәжірибемізде тиімді қолданып жүрген іскерлік ойындарын оңтайлы пайдалана білу мақсатқа жетудің бірден-бір жолы деп есептеуге болады. Мысалы, тіл дамыту жұмыстары арқылы оқушыларды шығармашылық жұмыстарға жетелеуде, сауаттылыққа баулуда, меңгертуде «Ойлан, ізде, тап» ойынына жүгінуге болады. Бұл ойын оқушылардың ішкі мүмкіндіктерін, мұғалімге беймәлім іскерлігі, шығармашылық қабілетін ашуға әрі олардың жеке бас қасиеттерін қалыптастыру, дамытуға да түрткі жасайды. Ең алдымен, оқушыларға «Ойлан, ізде, тап» ойынының шарттарын, жүру тәртібін түсіндірген жөн. Көмек-нұсқау ретінде ол балалардың алдында жатады: Үлгі: (слайд №6-7)



- Берілген модельге назар аудар. Ол жүйелі төрт қадамнан тұрады.

- Бірінші қадамыңды алдыңдағы тапсырманы түсінуге, мақсатқа қалай жету жолдарын ойлауға арна.

- Екінші қадамыңды таза ізденіске арна, бұл қадам таза еңбегіңе арналады.

- Үшінші қадамың – шешуші қадамың, өйткені өз бетіңмен тапсырма орындайсың, мақсатқа жетуге еңбектенесің.

- Төртінші қадамыңды жеңіс қадамы деуге болады. Тапқаныңды пайдалануысың, қолданағың, соған өзің жол ашасың.

Тапсырма:

1. Мұғалімдеріңнің көмегімен, өз қалауларың бойынша топқа бөлініңдер.

2. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының «Қайтқанда» бөлімінен кісі, жер аттарын теріп алыңдар да жазып қойыңдар.

3. Жазылу емлесін түсіндіріңдер. Жазылу мен айтылуын төмендегі үлгі бойынша орындаңдар. Орфографиялық нормамен қоса орфоэпиялық нормаға да яғни дыбыс үндестігіне де ерекше көңіл бөліңдер.

4. Эпопеядан өздерің теріп алған кісі, жер аттарына ұқсас атаулар ойлап тауып, оны да жоғарғы мазмұнда талдаңдар.

Жұмысты орындау үшін төмендегі үлгіні басшылыққа алыңдар.
Үлгі:

Кісі аттары	Жазылуы	Айтылуы	Өздерінің үндес атаулары	Жазылуы	Айтылуы
Қамысбай	Қамыс+бай Екі түбірден құралған кісі аты.	Қамыс+пай	Айтбай	Айт+бай	Айт+пай

Төменде «Ой тастау, ойланту» технологиясын басшылыққа алған кіші ғылыми зертханадағы жоба қорғау, консилиум сабақ үлгісін

ұсынып отырмыз.

Сабақтың тақырыбы: М. Әуезовтің алғашқы әңгімелері. 11-сынып.

Технологиясы: Қ. Бітібаева «Ой тастау, ойланту» технологиясы, жобалап оқыту технологиясы.

I кезең. Алдын-ала берілген тапсырма: КЖТ бойынша жұмыс (диагностика)

II кезең. Кіші ғылым зертханасындағы кіші ғылыми кеңес отырысы.

I жоба. М. Әуезов алғашқы әңгімелерінің негізгі проблематикасы.

II жоба. М. Әуезов әңгімелерінің негізгі ерекшелігі, көркемдік әлемі.

III кезең. «Миға шабуыл» кезеңі.

М. Әуезовтің қорған сыздарына көзқарасы қандай? Автор қорған сыздарын қорғай ма?

Болжам	Дәлелдеме
Әуезов пейзаж арқылы кейіпкер тағдырын білдіреді...	

- Әлем әдебиетіндегі қорғансыздар проблемасы және Әуезов.

IV кезең. Жобалар тұсау кесері. КЖТ толтыру.

Егер сен жазушы болсаң, қорғансыздар тағдырын қалай шешер едің?

Түйін (рефлексия): М. Әуезов әңгімелерінің өміршеңдігі.

Қазіргі таңдағы қорғансыздар...

Қорытындылай келгенде, «Ой тастау, ойланту» технологиясын сабақта тиімді қолдану барысында төмендегі нәтижелерге қол жеткіздік:

- оқушылардың қызығушылығын туғызатын іскерлік ойындары күрделі де маңызды тапсырманы орындаудың жеңіл, оңтайлы жолын қарастырады;

- оқушыларды шығармашылық жұмыстарға, ғылыми ізденістерге жетелейді;

- сауаттылыққа баули отырып, тіл дамыту үрдісі жүзеге асады;

- алған теориялық білімін тәжірибеде өз беттерімен қолдана білуге түрткі жасайды;

- ең бастысы, оқушылардың өз-өзін оқытуы, ойлауы, ізденуі, табуы, пайдалануы сияқты іс-әрекеттерге дағдыландырады.

Әдебиеттер

1. Бітібаева Қ.О. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. - Алматы, 2009.
2. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі. - Алматы, 1997.
3. Бітібаева Қ. Құдайбергенова Г. Мұқашева М. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. - Өскемен, 2002.
4. Қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту. - Семей, 2007.
5. М. Әуезов әңгімелері. «Абай жолы». – Алматы: «Жазушы», 2003.

Т. ӘМІРЕНОВ – ҰЛЫ АБАЙДЫҢ ДӘСТҮРІН ҰСТАНУШЫ АҚЫН

Жакенова Ж.Ж., Едильбаева Г.Б.

Қазақстан-Американдық еркін университет, Өскемен, Қазақстан

Халық ақындарының шығармашылық өрлеуіне, әсіресе, әлемдік әдебиеттің классикалық үлгісінде дамыған Абай дәстүріндегі жазба әдебиеттің идеялық - көркемдік әсері ұшан теңіз. Абай шығармашылығында Мұхтар Әуезов атап көрсеткен үш арнаның ұштасып, тоғысуынан жаңа түр, жаңа мазмұнға ие болған – жаңа әдеби дәстүр Абайдан соңғы қазақ поэзиясынан мықтап орын алғаны белгілі.

Жалпы дәстүр, оның ішінде поэзиядағы дәстүр дамиды, өзгеріп өседі, жаңғырып жаңарады. Бірақ бұл үшін көбінесе халықтың тіршілігінде, өмірінде, санасында, көркемдік дүниетанымында жаңа бет бұрыс, үрдіс, даму, өзгеше бір жайттар болуы аса қажет. Міне, осы талаптарға сай туындап, жалпы қазақ әдебиетіне келген ұланғайыр әлем, ерекше бір құбылыс – Абай поэзиясы, Абай әлемі, Абай дәстүрі.

Қазақ поэзиясының аспанында жұлдыз болып жарқырап, оның еңсесін биіктетіп, көркін арттыра түскен данышпан Абай мұрасы – кейінгі ұрпақтары үшін мәңгі қымбат қазына. Өзінен бұрынғы халық поэзиясының мөлдір бұлағынан сусындап, шығыс пен батыс ақындарының бағалы сөздерін бойына сіңірген Абай қазақ өлеңін өзіне дейін шықпаған биікке шырқата алды. Сол себепті де қазақ поэзиясында Абайға еліктемеген ақын кемде-кем. Соның алдыңғы легінде халық ақындарының да болғаны аян. Т. Көбдіков, С. Әлімбетов, Н. Баймұратов, Қ. Алтынбаев сынды Абай ауылының немесе, ақын ауылына көршілес ауылдарда туып-өскен бір топ ақындардың поэзиясынан кемеңгер ақын өлеңдерінің ізін анық аңғару қиын емес. Абай поэзиясынан қанып ішіп, жауһар жырларын өзінің ақындық жолында алтын баспалдақ етіп қана қоймай, Абай туралы ел ішіндегі

естелік, әңгімелерді жинап, сол жөнінде ғылыми мақалалар жазып, кейінгі ұрпаққа жеткізуде үлкен еңбек еткен – Тәңірберген Әміренов. Ақынның мұрасы туралы ғылыми пікір айтқан ғалым Қ. Мұхамедханұлы былай дейді: «Айтыс Тәңірбергеннің ақындық өнерінің бір қыры ғана. Тәңірберген – ақындық сапарға домбырамен қатар, қаламын ұстап шыққан ақын. Оның ақындық өнерде үлгі-өнеге алып өскен екі үлкен мектебі бар. Біріншісі – қазақ халқының Ұлы Қазан революциясына шейін ауыр азап кеше жүріп, ғасырлар бойы сақтап келе жатқан рухани мәдениеті, қазақ халқының творчествосының асыл мұралары, еңбекші халықтың бай фольклоры. Екіншісі – әдебиеттегі Абай дәстүрі. Абай мұрасын оқып «Өнер – өнер үшін емес, өнеге үшін» деген қағиданы ұқты. Халық мүддесі үшін еңбек ету ақынның азаматтық борышы. Тәңірберген ақындыққа талпынғанда оның алдында адастырмас Темірқазық – Абай тұлғасы тұрды» [1].

1945 жылы Абайдың 100 жылдық дүбірлі тойында Абайдың ақ ордасына шақырылған ақындар Т. Көбдіков «Абай», С.Әлімбетов «Қазаққа ақын Абай ел ағасы», Н. Баймұратов «Ұлы ақын», Қ. Айнабеков «Кеше өлсе, бүгін тірі», Н. Бекежанов «Ақын Абайға» деген өлеңдерін тарту етеді. Тәңірберген ақынның жұртшылық қошеметіне бөленген «Дана ақын» деген өлеңі осылай дүниеге келген-ді. Бұл туындының шоқтығы қатарлас ақындардың әлгі өлеңдерінен басым түсіп жатқандығын айта кеткен жөн.

Ақынның шығармашылығында Абайға деген аса бір ыстық ықылас табы үнемі сезіліп тұрады. Шымыр шыққан ақынның өлеңіне назар аударайық:

Абай ақыл-ойдың бір кең арнасы,
Алтындай асыл сөздің қазынасы.
Түпсіз терең шегіне көз жетпейтін,
Көк жойқын көркем сөздің дариясы.
Абай сөзі – өлеңнің арда кері,
Жүйткісе бұған бірдей ылди-өрі.
Жаралған жан сезімі өте зерек,
Ақынның ол данышпан кемеңгері [2, 31 б.].

Абайдың ақындық өнердегі сөз саптау даралығын, ұшқыр тілін, жалпы асыл мұрасын шексіз бағалап, дана ақынға деген сүйіспеншілігін паш етеді. Абай туралы айтқанда Тәңірберген ақын ұстазына ұқсап сөйлейді. «Абай сөзі – өлеңнің арда кері», «Абай сөзі – өлеңнің ақиығы», «Абай сөзі – асыл нұр күндей жарық» деген айшықты тіркестер тізбегі ұлы ақын үніне жуық.

Тәңірберген ұлы ақынның ел-жұртына айтқан насихатын нығыздай түседі:

Алты бақан алауыз болма халқым,
Ел болып еңбек істе, алға талпын [2, 31 б.],-
немесе:
Қазағың қалың елің қайта туды,
Сен көксеген білімнің жолын қуды [2, 31 б.],-

деп, кешегі Абай заманындағы қазақ елінің кеңестік қоғамдағы көш ілгері тірлігін өлеңге қосады. Бұл жолдарды оқып отырғанда Тәңірберген ақын Абайды сөзбе-сөз қайталады деген ұғым тумауы керек. Ақынның өлеңіндегі кей өрнекті сол күйінде алып, өз поэзиясына азық етеді, сол арқылы ұлы ақынмен жүзбе-жүз кездесіп, сырласқандай.

Ұлы ойшылдың ақындық қуаты Т.Әміреновтің Абайдың туғанына 125 жыл толуы құрметіне арналған «Кемел ойлы кемеңгер» деген өлеңінен де көрінеді. Жастайынан Абай мұрасын жадына тоқып, жаттап өскендіктен, Абайдың ақындық мұратын үлгі тұта отырып, басқа да ақындарды Абайдан үйренуге шақырды.

Тәңірберген ақынның мұраты – Абайды жырлау, ақынның өрелі ойларын кейінгі ұрпаққа өзіндік өрнекпен ұқтыру. Абай сынды асқақ ақынның ұлы мұратын, ескіліктің шырмауына қарсы аяусыз күрескен табандылығын айта келіп мынадай ой түйеді:

Елірме мансап іздеп, мақтан үшін,
Арқаңа шенді-шекпен жапқаны үшін.
Өз бауырыңа өзінді айдап салып,
Мәз болма жауырыңға қаққаны үшін.
Біреуінді шатаспа бірің жаулап,
Ел шауып, кісі өлтіріп, адамды аулап.
Көзді сатып телмірмей, терінді сат,
Өнер мынау орыстан шыққан қаулап.
Солардан ұялайық біз де арланып,
Адал еңбек істелік ал қарманып.
Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Деп шақырды қамығып ол зарланып.
Ол кезде сөзін ұқпай надан қазақ,
Қамаудан ете алмады халқын азат.
Мыңмен жалғыз алысып, арпалысып,
Кеселді кер заманнан тартып азап [3].

Тәңірберген бұл арада арман биігіне Абайша самғау, одан күрескерлікті үйрену қажеттігін дөп басқан. Әміренов Абайдан нені үйренді? Ең алдымен, дәуірдегі күрделі кезеңдегі әлеуметтік жағдайларды қырағы көзімен көре біліп, отты тілімен тура айтуды, жағымсыз іс-әрекеттерді батыл сынауды үйренді.

Абайдың ұстанған мақсатын терең зерделеген озық ойлы Тәңірберген ақын да өз замандастарын еңбек етуге, бірлікке, адамшылық іс-әрекеттерге шақырады. Осылайша кемеңгер ақын ойлары Т. Әміреновтің туындыларында қайта түлеп, өз дәрежесінде жаңғыра жетуін Абай дәстүрінің кезекті бір жетістігі деп қарауға болады.

Ең алдымен Т. Әміренов – Абай поэзиясының қайнарынан қанып ішкен, тағылымын бойына дарыта білген ақын. Оның нағыз биіктен, ақындық асудан көрінуіне Абайдың әсері шексіз.

Ұлы ақынның дәстүрін ұстанған Т.Әміренов Абай поэзиясының тақырыптық және көркемдік ерекшеліктерінен, бағыт-бағдарынан өз талантының қуаты мен қырына қарай үйренді. Ол Абай негізін салған сыншыл реализм әдісімен жазды, соның суреткерлік тәжірибесіне сүйенді және оның реалистік дәстүрлерін молықтыра, тереңдете түсті.

Әдебиеттер

1. Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2005. – Т.1. – 352 б.
2. Әміренов Т. Жұмбақ тас (Өлеңдер). – Алматы, 1967. – 60 б.
3. Әміренов Т. Өмір өткелдері (Өлеңдер). – Алматы, 1985. – 80 б.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН САУАТТЫ ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУ

Далаева Н.Т.

*«Оралхан Бөкей атындағы №44 мектеп-лицейі» КММ, Өскемен,
Қазақстан*

Ойлы сөз, жақсы сөйлеу баланың өрісін кеңейтсе, сауатты жазу ынта ықыласы мен мінез құлқының да дәнекері. Сондықтан бұл екеуінің таразысы тең болғанда ғана ұстаз еңбегінің бағы жанады.

А. Байтұрсынов

Оқушыларды сауатты жазуға үйрететін негізгі пән-қазақ тілі. Бала сауатты жазу үшін қазақ тіліндегі грамматикалық ережелерді дұрыс түсініп, күнделікті өмірде қолдана алатын дәрежеге жетуі тиіс. Бастауышта сауаттылықты жете меңгермеген оқушы жоғары сыныптарда оны толықтыра алмайды. Сондықтан оқушының сауатты, таза жазуына әр бір күн сайын толық көңіл бөліп, олардың тіл байлығын арттыруға, назар аударған жөн.

Сауатты жазуға үйрету жұмысы оқумен қатар жүргізіледі, яғни ана тілі пәнімен тікелей байланыста болады. Кітап оқи алмаған оқушының сауатты жаза алмайтыны белгілі. Сауатты әрі әдемі жазуға дағдылануы қаламды дұрыс ұстаудан басталады. Әріпті меңгергеннен кейін сөздерді буынға бөліп оқуға үйрету қажет. Буынды дұрыс меңгерген оқушы сауатты да жаза біледі. Қатесіз жазуды меңгеруде оқушылар әріп пен дыбысты айырып, әр сөзде неше дыбыс, неше әріп бар екенін ажырата біледі. Мысалы: «ата», «домбыра», «асық» сөздеріндегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды бірінші әріпті өткен күннен бастап-ақ ажырата білуге, сонымен бірге тақтаға жазылған әрбір әріп, әрбір сөз, сөйлемді дауыстап оқытып, оны іштей қайтала-тып, естеріне сақтап жазуға үйрету керек. Бұл, біріншіден, баланың есту қабілетін жетілдіруге пайдалы болса, екіншіден, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс ажыратуға, үшіншіден мәтінді немесе сөйлемдерді сауатты, қатесіз жазуға көмектеседі. Кейде жұмыстың түрін өзгертуге суреттер іліп, соның аттарын өздеріне жаздырып, жазған сөздерін, сөйлемдерін өздеріне, қатар отырған қасындағы балаға тексертемін. Қате жіберген оқушы қатесін жолдасының түзеткеніне намыстанып, сауатты жазуға талапынады. Бұл тәсілдің тиімділігі олар бір-бірінен көшірмейтін болады.

Мұғалімнің шеберлігіне қарай сабақтың көптеген түрлерін өткізуге болады. Мәтінмен жұмыс жасау барысында сауаттылық мәселелерін де қатар жүргізіп отыру керек. Сауатты жазу дағдысын жүйелі түрде дамыту үшін түрлі жазба жұмыстардың маңызы зор. Сол себептен, оқушылардың білім сапасын жақсартуда, ой-өрісін кеңейтуде, алған білімдеріндегі кейбір олқылықтарды жойып, бұрын өткен материалдарды бір жүйеге түсіру үшін диктанттарды пайдалану өте тиімді. Диктант қай сыныпта болмасын, неғұрлым жиі алынса, оқушылардың сауаты соғұрлым табысты болмақ.

Диктанттар мына түрде болады: әріп, буын, сөз, сөздік, ескерту, шығармашылық, көру, өздік, суретті, терме, графикалық, есту, бақылау диктанттары. Мақсатына қарай оларды өткізудің де тәсілдері түрлі-түрлі. Оқушыны қатесіз жазуға үйрету үшін мұғалім олардың жіберген қателерін дер кезінде көріп, онымен нақты, тиянақты жұмыс

істеуі тиіс. Дұрыс сауатты жазуға төселдіру үлкен шеберлікті қажет етеді.

Оқушыларды сауатты жазуға «Әліппені» оқытудың алғашқы кездерінен үйрету керек, ол үшін графикалық диктант жүргізген жөн. Мақсатына қарай оларды өткізудің тәсілдері түрлі-түрлі. Графикалық диктантты сөйлемдегі сөздердің байланысын сызба арқылы көрсету, керісінше берілген сызба бойынша сөйлем құрау сияқты түрлі нұсқада жүргізуге болады. Сонымен, графикалық диктант уақытты аз алады, ауызша практикалық жолмен көп ережені түсіндіруге мүмкіндік береді.

Әріп диктанты бірінші сыныпта алғашқы әріптерді үйренгеннен кейін жүргізіледі. Ол дыбыс таңбасының баспа түрінен жазба түріне аударып жазуға үйрету, дауысты дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге дағдыландыру және көркем жазуын қалыптастыру үшін қолданылады. Мысалы, әріптер салынған қалта ішінен оқушы кез-келген әріпті алады, магнит тақтаға іледі, дауысты, дауыссызын ажыратады. Ол әріпті баспа түрінен жазба түріне айналдырып жазады. Әріп диктантын мына түрде де алуға болады: мысалы: сырға (5), асқабақ (7), құс (3) және т.б.

Суретті диктант. Бұл диктантты түрлендіріп өткізуге болады. Мысалы, суреттегі заттың атын ататып, ондағы сөзде неше дыбыс болса, сонша тор көз сыздыру. Немесе суреттегі заттарды атап, дауысты, дауыссыз дыбыстарды көк не қызыл дөңгелекпен белгілеу, суреттегі заттарды буынға бөлгізіп жаздыру.

Сөздік диктанты. Әріп емлесін өту кезінде белгілі бір сөздердің жазылуын есте сақтау үшін пайдаланылады. Сөздік диктанты өтіліп отырған тақырыпқа байланысты жүргізіледі. Бұл диктант түрін күнде сабақ алдында жаздырып алуға болады. Мысалы, қарындаш, жүзім, көгершін, құлын т.б. Сөздік диктантын күрделендіріп алуға да болады. Бірнеше сөздер жаздырып, осы берілген сөздердің жұрнақ, жалғауын сызба арқылы ажыратып шығады. Бұл жерде сөздік диктанты графикалық диктантпен байланысып тұр.

Буын диктанты. Сауатты жазуға үйрету, қате жазудан сақтандыру, сөзді буындап оқуға оны жаттап алуға көмектесу, сөздерді тасымалдай білуге үйрету сияқты жұмыс түрлерін қамтиды. Аула (2), саңырауқұлақ (5), аққала (3).

Есту диктанты. Күз келді (2), күн суыта бастады (3), жапырақтар сарғайып жерге түсті (4).

Шығармашылық диктанты. Үйрету диктанттар ішінде мазмұн, құрылым, әдіс-тәсіл жағынан ең күрделісі, оқушылардың ойлау қабілетін, сөздік қорын білім деңгейімен өздігінен жұмыс істеудегі

шеберліктерін арттыру көрсеткіші. Бұл диктанттың көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қою, сөздерді дұрыс орналастыру арқылы сөйлем құрау, басы жазылған мәтінді аяқтау сияқты басқа диктанттарға ұқсамайтын өзгешеліктер болады. Мысалы:

1. Ауамен, біз, дем, аламыз.
2. Ауа, денсаулыққа, таза, пайдалы, өте.
3. Үйдің, таза, ауасын, әр уақытта, сақтаңдар
4. Жиі, терезені, тұрыңдар, ашып

Бұл жерде сөзді дұрыс орналастыру арқылы сөйлем құрап жазу керек.

Терме диктант. Бұл диктант түрі белгілі бір ережені оқушылардың қалай меңгергенін байқау үшін сабақ үстінде жүргізіледі. Мұғалім диктант мәтінін оқыр алдында қандай ережеге көңіл аудару керек екендігін ескертеді. Оқушылар мұғалім оқып тұрған мәтіннен әркім өзіне берілген тапсырмаға лайықты сөздермен сөз тіркестерін немесе сөйлемдерді теріп жазады. Мысалы, оқушыларды үш топқа бөліп, деңгейлеп тапсырма беру.

I топ: заттың қимылын білдіретін сөздерді теріп жазу.

II топ: тасымалдауға болмайтын сөздерді теріп жазу.

III топ: жіктелген сөздерді теріп жазу.

Өздік диктанты. Оқушылар өтілген материалдарға байланысты әріптер мен буындарды, сөзбен сөз тіркестерін және жекелеген сөйлемдер мен жаттап алған өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдерді естеріне түсіріп, ойлана отырып өз бетінше жазады. Диктанттың бұл түрінің өткенді қайталап, тіл ұстартуда маңызы зор. Мұғалім өздік диктантын қай күні болатынын, нені қайталап келу керектігін оқушыларға алдын-ала ескертіп қояды. Мысалы, көп нүктенің орнына қимылды білдіретін сөздерді жаздыру.

Көру диктанты немесе есте сақтау диктанты. Мұғалімдер тәжірибесінде өте пайдалы, диктантқа үйрететін жұмыстардың ең бастысы болып есептеледі. Бұл диктант түрі оқушылардың көру, есту, есте сақтау, затты тану сияқты қабілеттерін дамыту мақсатында жүргізіледі. Көру диктанты үшін әріп, буын, жеке сөздер мен сөз тіркестері және шағын мәтіндер, жұмбақтар, мақалдар, жаттауға берілген өлеңдерді алуға болады. Диктант мәтіндері үзілісте тақтаға немесе үлкен қағазға жазылып қойылады. Оларды оқушылардың екі-үш рет оқып шығуына, көріп жадында сақталуына 1-2 минут уақыт беріледі. Сондан кейін мұғалім оны жауып қояды. Оқушылар тақтадан мәтінді есіне түсіріп, дәптерге жазады.

Бақылау диктанты. Бұрын өтілген материалдарды оқушылар қандай дәрежеде меңгергенін және сауаттылық деңгейінің қандай еке-

нінің анықтау мақсатымен жүргізіледі. Бұл диктант белгілі бір та-
рауды оқып бітіргеннен кейін өткізіледі. Ол төмендегіше жүргізіледі:

- диктант тақырыбы тақтаға жазылады да, алғашқы сөйлемнің
бірінші сөзі жаңа жолдан басталатыны ескертіледі.

- диктант мәтінінде кездесетін жазылуы қиын немесе ережелері
өтілмеген сөздерді мұғалім үзілісте тақтаға жазып қояды.

- диктант мәтінін мұғалім екі рет дауыстап оқып, жазылуы қиын
сөздерді тақтадан қарап алуын ескертеді.

- егер диктант мәтіні жеке сөздермен, сөз тіркестерінен немесе
байланысты сөздерден құралған болса, мұндай мәтіндердің әрбір сөзі
мен сөйлемін мұғалім 3 рет қана қайталап оқиды. Мұғалім оқу-
шылардың түгелдей жазып отырғанан қадағалап, ең баяу жазатын
оқушы бітісімен келесі сөйлемді оқиды.

- оқушылар түгел жазып болғаннан кейін, мұғалім мәтінді бастан
аяқ тағы бір рет оқиды. Осы кезде оқушылар өз жазғандарын
мұғалімге ілесе отырып тексереді. Қатесі болса түзетеді.

Диктант жұмыстарының барлық түрін магнитофон арқылы да
жүргізуге болады. Магнитофон арқылы жүргізілген диктантта оқушы-
лардың зейіні еститін сөзге ғана аударылады.

Әр сабақ нәтижелі өту үшін оның әдістемесін жетілдіре түсу –
бүгінгі күннің кезек күттірмейтін маңызды мәселесі. Бастауыш сы-
ныптарда оқушылардың жазбаша тілін дамытуда, сөздерді байланыс-
тырып сөйлем құрастыруда алуан түрлі жазба жұмыстары әсіресе
диктант, мазмұндама мен шығарма жазу үлкен жауапкершілікті, көп
ізденуді, шеберлікті талап етеді.

Әдебиеттер

1. Базарбекова Р. Ж. Қазақ тілінен мәтін тақырыбын дамыта оқытуға
арналған дидактикалық материалдар. – Алматы, 2009.
2. «Бастауыш мектеп» журналы. 2014. № 4
3. «Бастауыш сынып әдістемесі» журналы. 2013. № 5,6
4. Әбіқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістері. – Алматы, 2012.
5. Айдаров Т. Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері. – Алматы,
2008.

КӨПТІЛДІ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕМЕЛЕРДІ ҚОЛДАНУ

Қонарбаева Г.Г.

ҚАЕУ колледжі, Өскемен, Қазақстан

Тілдің адам өміріндегі ең шешуші роль атқаратыны әркімге де түсінікті. Ол танудың, түсінудің, дамудың құралы.

Көп тіл білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады.

Білім мен ғылымның, экономиканың, бизнестің, саясаттың, жалпы бәсекелестіктің қарыштап дамып отырған бүгінгідей жаһандану кезеңінде өскелең ұрпақтың, жастар алдында бірнеше тіл білу міндеті тұр.

Президентіміз Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында:

«Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» - деген болатын.

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа саналы, мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің талабы. Біздің қазіргі кездегі мақсатымыз - өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым – қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті күзіреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру.

Көптілділік – заман талабы. Бір халықтың мәдениетін басқаларымен салыстыру арқылы ғана, әлем суретін әр алуан әрі тұтас көруге мүмкіндік беретін ұлттық мәдениеттің барлық ерекшеліктерін және құндылықтарын сезінуге болады.

Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік.

Қазақстанда тілдердің үштұғырлығы жобасы жүзеге асырыла бастады. Осы жоба аясында қазақ, орыс және ағылшын тілдерін үйренуге жағдайлар жасалуда. Осы бағытта балабақшалар, мектептер, ЖОО - дары өз үлесін қосуда. Жас өскіннің өз болмысын тануға ұмтылысына көмектесіп, тереңде жатқан талап - тілегін, қабілеттерін дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін рухани күш беру - бүгінгі мұғалімнің басты мақсаты.

Бұл мақсаттың орындалуы үшін оқыту мазмұнының жаңартылуы, әдіс -тәсілдердің озығы өмірге келуі, ол тәсілдер әрбір оқушының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтын болып ұйымдастырылуы қажет.

Оқытудың жаңа инновациялық әдістері – жалпы мұғалім қауымын оның жаңа технологиясын өздігінен іздеуге итермелейді. «Инновация» деген ұғым латын тілінде - жаңарту, жаңалық, өзгеріс деген түсінікті білдіреді. Оның мәні - білім беруге және өздігінен білім алуға негізделген қабілеттерді дамыту.

Инновация – оқу тәрбие процесінің ағымы мен нәтижесін жақсартуда педагогикалық жүйедегі өзгеріс. Оқыту мен тәрбиедегі жаңа технология – инновациялық идеяларды үнемі енгізу, жаңарту нысаны болып табылады.

Оқыту технологиясы – белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың жаңа мазмұнын жүзеге асыру тәсілі.

Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: ағылшын тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек? Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс - тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн?

Қазіргі кезде оқушыларға ағылшын тілін оқытудың әртүрлі деңгейлеріне сәйкес оқытудың жаңа технологияларын, ақпараттық және компьютерлік жүйелер арқылы ізденіс жұмыстарын жандандыра түсудің барлық мүмкіндіктері жасалған. Шетел тілін оқытуда лингвфондық құрал-жабдықтар аудио, видео кешені – оқушылардың ауызша және жазбаша аударудағы білім жетілдіру, сөздік қорын қосымша жаңа сөздермен байыту, толықтыру, ой - өрісін дамыту мақсатында қолданылады. Сондай-ақ оқыту процесінде мультимедия бағдарламасының көмегімен, ғаламтордан алынған әлемдік жағдайлар, педагогикалық технологиялардың түрлі әдіс-тәсілдері, коммуникативтік бағыттағы оқыту элементтері қолданылады. Тілге байланысты оқу процесінде жүйелі жетілдіру жұмыстары жүргізіліп отырады, атап айтсақ ашық сабақтар, пікір - сайыстар, семинар, дөңгелек үстелдер, конференциялар, практикалық сабақтар, кездесулер, өзара сабаққа қатынасып талдау, оқушылардың зерттеу жұмыстарымен айналысулары, сонымен қатар олардың жеке ізденіс жұмыстарына басшылық ету. Оқу жұмысын жарыстық - бәсекелік (регата, турнир, конкурс, көптілділік олимпиада, пән апталықтары) түрінде

ұйымдастырудың да тиімді екені сөзсіз.

Қазіргі таңда көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды қолдану әдісін ақпараттық – коммуникативтік технологияның бір өзі атқара алады. Ағылшын тілі сабақтарын ақпараттық технологияларды қолдана отырып жүргізу оқушының басқа тілді үйрене алмаймын деген күдігін сейілтп, тілді үйренуге ынтасын арттырады. Оқу – тәрбие процесінде мынадай мүмкіндіктерге жеткізеді:

1. Оқу – тәрбие ісінің қарқыны жоғарылайды.
2. Оқытудың сапасы артады.
3. Оқушылардың дүниетанымы кеңейеді.
4. Оқушылардың пәнге қызығушылығын, білімге құштарлығын арттырады.

Сонымен қатар қолданылып жүрген электронды оқулықтардың да мүмкіншіліктері аса зор. Бұл оқулықтардың көмегімен:

1. Оқушылардың пәнге қызығушылықтары артады.
2. Деңгейлік тапсырмалар орындауға мүмкіншіліктері зор болады.
3. Тестік тапсырмалар орындайды.
4. Алған білімдерін өздері тексереді.
5. Ойлау қабілеттері дамытылады.
6. Білім, білік дағдылары қалыптасады.
7. Анықтамалық ақпараттар алады.

Ағылшын тілі мұғалімдері қызметінің түпкі нәтижесі оқушылардың ойлау, сөйлеу, жазу, пікірлесу қабілеттерін дамыту, сондықтан осы мәселені шешу мақсатында оқытудың жобалау технологиясын қолдану өте тиімді. Бұл технологиямен жұмыс атқарудың маңыздылығы проблемалық ситуациялар туғызуда. Проблемалық ситуациялар сабақты қызықты өткізуге, оқушылардың қисынды ойлау қабілеттерін, өз беттерімен жұмыс атқару дағдыларын дамытуға да пайдасын тигізеді. Тапсырмаларды іріктеген кезде сабақтың тақырыбы, мақсаты, оқушылардың жеке бас ерекшеліктері, қабілеттері де ескеріледі. Бастапқыда жеңіл, кейін біртіндеп берілген күрделі ситуациялық тапсырмаларды орындау барысында олар түрлі жағдайларды салыстыру, қорытынды жасау процестерінен өтеді.

Ағылшын тілін оқытудағы тиімді технологияның бірі сын тұрғысынан ойлауды (СТО) дамыту бағдарламасы. СТО–ның әдіс – тәсілдері оқушыларды ізденімпаздыққа баулиды, бір–бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге көмектесетін бағдарлама. Басқа бағдарламалардан ерекшелігі оқушының қызығушылығын арттыра отырып, қиялын дамыту үшін «менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру, әртүрлі

жауапқа бірдей қарау, жақсысын мадақтап, нашарын сынамау. Осы кезде ғана оқушы ойы шыңдалып белгілі бір жетістіктерге жетеді.

СТО бағдарламасы арқылы сапалы білім берумен қатар, болашақ жастарды рухани адамгершілікке тәрбиелей отырып, әр оқушының жүрегіне жол табуына, ішкі сезімін толғанысқа түсіруге, танымдық өрісін кеңейтуге болады.

Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын және белсенділігін арттыруға мүмкіндік жасайтын амалдарды «интерактивті» деп атайды.

Интерактивті әдіспен оқытудың басты мақсаты – оқушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйретеді, яғни интерактивті тапсырманы орындау, процесті басқару және ойлау тәжірибесін дамытып, сол тәжірибелерге бағытталуы болып табылады. Бұл міндеттерді оқытудың ойын әдістерінің көмегімен шешуге болады. Ойын арқылы ұстаз қойған мақсаттарына жетеді.

Ойынға қатысушы оқушылар мұғалімдермен өзара қарым-қатынастарын көтереді, әрі өздерінің қабілеттерін тексеруге мүмкіндік тудырады, сонымен қатар ұйымдастыру қабілеттерін арта отырып сабақ кезінде қуаныш сезімін оятады. Оқу үрдісінде тиімді ойын түрлері: рольдік ойындар, іскерлік ойындар, интеллектуалдық ойындар, дидактикалық ойындар, лингвистикалық ойындар – кроссвордтар, анаграммалар, жұптық, топтық ойындар – бинго т.б.

Қорыта айтатын болсақ, көптілділік заман талабына айналып отырған кезеңде ана тілімізді ардақтай отырып, өзге тілдерді білгеніміз әлемдік мәдениетке, өркениетке, білім кеңістігіне еркін кірігіп, болашақта дамыған елдердің қатарына енуімізге, жаһандану үрдісінде өмірдің барлық жағынан бәсекелестікке төтеп беруге мүмкіншілігімізді арттырады. Көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек. Бұл оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой – пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңы
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
3. Мектептегі шет тілі. Республикалық әдістемелік – педагогикалық журнал № 4 (22), 2006
4. Мектептегі шет тілі. Республикалық әдістемелік – педагогикалық журнал № 2 (44), 2010

БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІНІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ӘДІСТЕМЕЛЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ БОЙЫНША ІС-ӘРЕКЕТІ

Нұрғалиева А.Е

Талапты орта мектебі, Талдықорған, Қазақстан

XXI ғасыр - әлемдік өркениетті елдер кеңістігіне енуді көздеген, ақпарат пен ғылым-білімнің дамыған ғасыры. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Бәсекеге қабілетті халық үшін», «бәсекеге қабілетті экономика үшін» - деген Жолдауында атап көрсетілгендей: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдың бірі» - деген [1].

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында жеке тұлғаны қалыптастырудағы білім берудің мақсаты мен оның тәсілдерін жетілдіру міндеті айқын көрсетілген. Атап айтқанда, онда «Орта білім берудің мақсаты – жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін - өзі іске асыруға, өзін - өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» делінген [2]. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Жолдауында елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек», -деп айтылғандай, функционалдық сауаттылыққа аса назар аударылуда.

Осы орайда Қазақстан Республикасының Білім беру заңында бастауыш білім беру туралы: «Бастауыш білім беру – баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен алғырлығын, негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кеңінен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениеті мен дағдыларын дамытуға бағытталған», -деп басты ұстанымдарды атап көрсетеді [2].

Әлемдік білім кеңістігіне енуді көздеген заман мұғалімдер қауымынан озық технологиялардан ізденіп, іс-тәжірибеге енгізу, инновациялық технологияларды тиімді қолдану, әдіс-тәсілдерін енгізу сынды жаңа талаптар қойып отыр. Дәстүрлі білім парадигмасы өзгерді, озық технологияларды енгізуге жан-жақты жол ашылды.


Мемлекеттік құжаттар, ғалымдар еңбегіне сүйене отырып, бүгінгі білім беру үрдісінің алдындағы басты мақсаттар мен міндеттерді

төмендегідей тұжырымдауға болады:

- білімді жеке тұлғаға қарай бағыттап беру;
- дарын көзін ашу. Оқушылардың дарыны, қабілеттерін дамыту;
- оқушыға субъект ретінде қарым-қатынас жасай отырып, оны жан-жақты жетілдіру;
- оның «Мен» менталитетін қалыптастыру;
- оқушылардың ішкі мүмкіндіктерін тани білу, сыртқа шығуына түрткі жасау;
- оқушының өзін-өзі тануы мен өзін-өзі танытуына ықпал ету, жағдай туғызу;
- барлық жағынан олардың когнитивтік іс-әрекетін белсендіре отырып, білімді өз ізденісі, өз еңбектері арқылы алуды ұйымдастыру;
- терең білімді, тәрбиелі, рухани бай, ұлтжанды, халқының үлгі әдет-салтын құрметтеуші жеке тұлға қалыптастыру;
- туған тілін терең меңгерген, тілі дамыған, сондай-ақ шет ел тілдерін де игерген жан-жақты білімді өнерпаз тәрбиелейді [3].

Қазіргі кезде педагогика сөз қорына “педагогикалық технология” ұғымы кіріп отыр. Ол туралы зерттеулер де көп.

Латын тілінен аударғанда «жаңадан бастау», «жаңарту», «өзгерту» деген мағынаны білдіретін педагогикалық инновацияны? басты белгілерін былай тұжырымдауға болады [3]:



Дәстүрлі жүйені модернизациялау бағытында технологияларды мына топтарға бөлуге болады:

1. Педагогикалық қатынастарды адамгершілік және демократизациялау негізіндегі педагогикалық технологиялар (ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру технологиясы және т.б.).
2. Оқушылар қызметін белсенділету және қарқындату негізіндегі педагогикалық технологиялар (ойындар технологиясы, проблемалар оқыту, Шаталов, Пассов ж. т.б.).
3. Оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру және басқару негізіндегі педагогикалық технологиялар (саралап оқыту технологиялары: Фир-

сов, Гузик, ұжымдық оқыту әдісі: Ривин, Дьяченко., жекелеп оқыту технологиясы, топтап оқыту ж. т.б.).

4. Оқыту материалын жетілдіру және қайта құру негізіндегі педагогикалық технологиялар.

5. Оқушының табиғи дамуына сүйене отырып, халық педагогикасы әдістерін қолданған технологиялар.

6. Балама технологиялар, авторлық мектептер.

Бұл технологиялардың қай-қайсысында болмасын, мұғалімнің бүгінгі заман талабынан туындап отырған басты талаптардың бірі оқушыны шығармашылық жұмыстарға баулуды ұстаным етеді.

Шығармашылық жұмыстардың ерекшелігі, айырмашылығы туралы ғалым Жанабілованың еңбегінде:

Дәстүрлі оқытуда		Технологиялық оқытуда	
Мұғалім іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті	Мұғалім іс-әрекеті
Жалпыға бағытталған тапсырмалар Тапсырманы ұсынушы, орындалуын талап етуші. Тексеруші, бақылаушы, бағалаушы, қорытындылаушы.	Тапсырмаларды қабылдаушы, орындаушы. Мұғалім басшылығына сүйенген, белсенсіз объект. Тыңдаушы, келісуші, қайталаушы.	Оқушы – оқыту субъектісі Мақсатқа дербес іс-әрекетімен жетуші белсенді субъект. -өзін-өзі және бір-бірін оқытушы. -Өнерпаз, жасампаз еңбектің иесі. -Өз ізденісімен табысқа жетуші шығармашылық тұлға.	Жеке тұлғаға қарай бағытталған тапсырмалар ұсынушы, нақты мақсат қоюшы. Бағыт-бағдар беруші, мақсатқа жету жолдарына кеңес беруші. Оқушының жетістігін құптаушы, ынталандырушы, жаңа мақсаттарға жетелеуші.

Шығармашылыққа қалыптастыру идеясы В.И. Загвязинский, В.А Кан-Калик, А.И. Кочетов, Н.В. Кузмина, З.С. Левчук, М.Р. Львова, В.И. Щербина т.б. ғалымдардың еңбектерінде кенінен қарастырылған.

Ғалымдар педагогикалық шығармашылық төмендегідей кезеңдерден тұратынын анықтаған:

- педагогикалық ойдың пайда болуы;
- түпкі ойды талдау;
- педагогикалық ойды әрекетке айналдыру;
- шығармашылықтың нәтижесін талдап бағалау (В.А. Кан-Калик, Н.Д. Никандров);
- жаңалықты көру;
- педагогикалық өнертапқыштық құрастыру үлгілеу;

- жетілдіру (Д.Б. Богоявленская).

Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда негізінен дамыта оқыту технологиясы басшылыққа алынады. Себебі қазіргі оқулықтар дамыта оқыту технологиясы негізінде жазылған. Сондықтан әрбір бастауыш сынып мұғалімі «Дамыта оқыту» технологиясындағы сабақтың құрылымын, әдіснамалық негіздерін толық меңгеріп, өз іс-тәжірибесінде шығармашылықпен қолдана білуі тиіс [2].

Дамыта оқыту жүйесіндегі сабақтар типологиясы:

1. Педагогикадағы түсіндірмелі -иллюстративті әдісті алмастырады. Бұл әдіс тұлға дамуымен тығыз байланыста.
2. Дамытудың барлық заңдылықтарын ескереді, жеке бастың өзіндік деңгейі мен ерекшелігін сәйкестендіреді.
3. Бала іс - әрекеттің толыққанды субъектісі болып табылады.
4. Бала қоршаған ортамен өзара қатынасқа түсетін дербес субъект рөлі беріледі.
5. Тұлғаның барлық қасиетін тұтас дамытуға негізделген.
- 6 Баланың жақын даму аймағында жүзеге асады [4].

Дамыта оқыту технологиясының нәтижелері:

1. Түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;
2. Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады;
3. Олардың әрқайсысының деңгейін анықтауға болады;
4. Оқушылардың көбін бағалауға мүмкіндік бар;
5. Оқушыларды ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді;
6. Оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады;
7. Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауға, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады.

Өз іс-тәжірибемізде дамыта оқыту, проблемалап оқыту, ұжымдық оқыту, ойын технологиясы, жобалап оқыту технологиясы, СТО элементтерін қолдану, АКТ-ні тиімді қолданып келеміз.

Сабақта қолданылатын әдістер: іздендіру, зерттеу әдісі, ұжымдық оқыту әдісі, миға шабуыл, рөлдік ойындар, ой толғау әдісі, аннотациялық талдау, диалогтік әдіс, салыстыру әдісі т.б.

Өз іс-тәжірибемізде заман талабына сай АКТ-ны тиімді қолданып келеміз. «Бүгінгі күні ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдана білу қабілеті қоғамның әрбір мүшесі үшін қажетті оқу, жазу біліктерімен тепе-тең саналуда» [5], - деп атап көрсетілгендей, қоғамға қарыштай енген ақпараттық технологияның білім

сапасын арттырудағы маңызы зор. Қазіргі заман талабына сай қоғамдағы білім беру ордалары әлемдік білім беру кеңістігіне енуді, білім жүйесін ақпараттандыруды мақсат ете отырып, төмендегідей міндеттерді қойып отыр:

- білім сапасын арттыру;
- әлемдік білім беру кеңістігіне ену;
- орта білімді ақпараттандыру;
- интернет жүйесін пайдалану;
- электрондық оқулықтар;
- қашықтықтан басқару.

АКТ-ның тиімділігі, нәтижесі:

- оқушылардың ізденушілік, шығармашылық қабілеттеріне;
- білімді өз ізденістері арқылы алуға;
- қосымша ақпараттармен жұмыс жасауға;
- уақыттарын үнемді пайдалануға;
- дәлелдеу, модельдеу, ойлауларына;
- пәнге деген қызығушылықтарына;
- білім сапасының артуына негіз болды.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» Президенттің Қазақстан халқына жолдауы.
2. 12 жылдық оқыту мәселелері. Қазақстан Республикасында жалпы орта білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттары. - Астана, 2006
3. Жанабілова А.К. Тіл дамыту жұмыстарының инновациялық технологиясы. - Өскемен, 2008.
4. Баймұханов Б. Оқытудың жаңа технологияларының негізгі ерекшеліктері «Бастауыш мектеп» - 2000. -№8,9. – 3-6 бет.
5. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. - Астана, 2006.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СУБЪЕКТІЛІГІН ДАМУЫ БОЙЫНША БІЛІМ ҮРДІСІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ

Насилова З.Е.

*«А. Байтұрсынов атындағы № 20 орта мектебі» КММ, Өскемен,
Қазақстан*

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі - оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар және инновациялық интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады.

Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу - әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. Бастауыш сыныпта оқытудың негізгі міндеті-баланың жеке басының жан-жақты қалыптасуын қамтамасыз ету, оның қабілеттерін анықтау мен дамыту, білімдерін ашу, дұрыс түсінік қалыптастыру.

«Бастауыш сынып оқушыларының субъектілігін дамытуда білім үрдісінің технологиясын жетілдіру» атты тақырып бойынша жұмыс істеймін. Білім беру үрдісінің субъектілері таным, іс-әрекет, өмір субъектілеріне тән жалпы қасиеттеріне де, сондай-ақ олардың ерекшеліктері айқындалатын және олар үшін ерекше білім беру үрдісінің субъектілеріне тән қасиеттерімен сипатталады. Оқыту үрдісінің басты субъектісі – оқушылар. Мұғалім – оқушылардың таным іс-әрекеттерін ұйымдастырып, оған басқарушы болады. «Жеке тұлға» ұғымы өте терең. Басқа жекелей қасиеттерімен бірге жеке тұлға - танымдылығы, шығармашылық мүмкіншілігі мен қасиеттерінің жиынтығы.

Мен өз іс-тәжірибемде «Сын Тұрғыдан Ойлау» технологиясын қолданамын. Себебі аталмыш технология әдістері оқушы санасына білімді жүйелі түрде меңгеруіне және қабілет деңгейлерін дамытуда өз бетімен жұмыс істеуге, қорытындылар жасауға, өзін-өзі, өзгені де бағалай білуге үйретеді.

Осы технологияның тиімділігі, мұнда оқушы білімді жеке-жеке тараулар бойынша емес, біртұтас тақырып түрінде жүйеленген білім алады. Өзін-өзі дамытуға, бірін-бірі оқытуға, кітаппен жұмыс істеуге үйренеді, қосымша әдебиетпен білім алуға, топ арқылы балалармен жүйелі жұмыс істеуге мүмкіндік туады.

Мен қолданатын сабақтың жаңа түрлері де сабақтың мазмұнына, мақсатына, жүру барысына қарай интерактивті сабақтар, интеллектуалды ойын, тест әдісімен өткізіп келемін. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы оқушының оқу, білім алу процесінде жан-жақты дамуын оқытудың басты мақсаты ретінде қабылдайды. Осы технологияны қолдану нәтижесінде оқушылардың білім сапасы төмендегідей болды. 2013-2014 оқу жылындағы 2 «б» сынып оқушыларының білім сапасының көрсеткіші. I тоқсан – 62%, II тоқсан – 65%, III тоқсан – 70%, IV тоқсан – 74%.

Тәжірибеде интерактивті тақтамен жұмыс жүргізуді жиі қолдану қажет. Егер интерактивті тақта интернет жүйесіне қосылса, жаңа сабақты бекітуде және сабақ үстінде тақырып бойынша көптеген жаңа ақпараттар алуға да болады.

Оқушыға белгілі бір дәрежеде білім беру мен қатар оқуға, үйренуге деген ынтасын арттыру әр ұстаздың міндеті. Сабақ барысында шәкірттің білімге құштарлығын арттыру, еңбек етуге баулу, жалпы оқушы бойында жауапкершілік сезімін қалыптастыру оқытушыға қойылатын басты талап. Осы талапты шешуде электронды оқытудың пайдасы зор.

Өз тәжірибемде бастауыш сынып оқушыларының шығарма-

шылық қабілеттерін, сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда СТО жобасының көптеген стратегияларын қолданамын:

- Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау, арнаулы бір тақырыпқа пікірталас тудыру /ой қозғау, «инсерт» кестесі/

- Берілген тапсырманы түрлендіру бағыттағы жұмыс / эссе, шығарма, сауаттылықты ашатын хаттар т.б. стратегиялар/

- әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу, мәтіндегі ұқсастық пен айырмашылықты табуға /Венн диаграммасы, аялдамамен оқу стратегиясы/

- Қиялдау арқылы сүрет салғызу /сүрет салу стратегиясы/

- Кейіпкерге мінездеме беру өз ойын жазғызу /авторға, кейіпкерге хат жазу стратегиясы /

- Шығармада екі кейіпкердің қарама – қарсы элементтерін сипаттау /қарама-қайшы элементтер стратегиясы/

- Өлең шумақтарын құрастыру / 5 жолды өлең, Рафт стратегиясы/ Ал сабақтан тыс уақытта оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатымен келесі жұмыстар жүргіземін:

- Мұражайға апару;

- Әр-түрлі кездесудер өткізу;

- Әр-түрлі тақырыптарда сайыс, пікірталас өткізіп, алған әсерлері бойынша шығарма жазғызу;

- Балаларға арналған журнал-газеттерге жаздырып, оны сабақ кезінде үнемі пайдалануға мүмкіндік беру;

- Әрбір оқылып отырған шығармалардың авторлары туралы толық мағлұмат жинату, реферат жазғызу.

Оқушылардың шығармашылығын, ізденімпаздығын қалыптастыруда сыныптан тыс, жеке, ұжымдық жұмыстар ұйымдастыруда шығармашылық, пәндік апталықтар мен пәндік үйірмелер мен факультативтік сабақтардың маңызы зор. Осындай жұмысты үнемі жүргізу оқушыларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді. Қорыта айтқанда, оқушының шығармашылық қабілеті практикалық әрекеттері, іздемпаздығы арқылы дамиды. Оқушылардың шығармашылық қабілетінің дамуын ұқыпты қадағалап, тәжірибе негізінде жинақтап, өсу динамикасын бақылап, зерттеуге бастауыш сынып мұғалімдеріне мектеп психо-логының көмегі көп тиеді. Психологпен диагностика жүргізіліп мониторинг жасалынып қорытынды шығарылады. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту проблемасын ұқыпты қадағалау, оқу процессінің тиімді болуында қандай көрініс табады? Жалпы үлгерім, яғни олардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған жұмыстар

білім сапасына әсер етеді. Бастауыш сыныпта оқушы-лардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының маңыздылығы, пайдасы зор екеніне көзім жетті.

Қазіргі уақытта білімді, қабілетті, әдепті, іскер, мейірімді мұғалім ғана оқушысына жақсы қасиеттерді сіңіре отырып, сапалы білім бере алады.

Ол үшін оқыту мен білім берудегі жаңалықтарды жылдам қабылдап, оларды практикада қолдануда үлкен белсенділік таныту- әрбір мұғалімнің міндеті.

Қорыта келгенде,білім беру үрдісінің субъектісін дамыту – оқушының білім сапасын арттыру болғандықтан, сабақ жүргізетін кез-келген мұғалім сабақ өткізудің ең тиімді, ең қызықты, ең қажетті,ең тартымды, ең өзекті үрдісін таңдап алу қажет. Мұндай үрдіс оқушының білім сапасын арттырып қана қоймайды, оның білімге деген біліктілігін арттырып, ізденімпаздылық пен шығармашылыққа деген іскерлік пен дағдыларын қалыптастырады,білім кеңістігіне жол ашады.

Оқытудың озық технологиясын меңгеру оқытушының кәсіптік шеберлігіне байланысты. Бұл әрбір ұстазды ойландырып, жаңаша жұмыс істеуге,жаңа ізденістерге жетелейді. Осы орайда Жүсіпбек Аймауытов «Сабақ беру үйреншікті жәй ғана емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер», - деп тұжырым жасайды. Сондықтан оқытушы өз пәніне психологиялық тұрғыдан қарап, әдістемелік шеберлікпен келу керек. Сабақ барысында интерактивті технологияларды қолдану оқытушы жұмысын өнімді, нәтижелі, ал оқушылардың білім алу әрекетін мәнді, қызықты, пайдалы етеді.

Әдебиеттер

1. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі - сапалы білім. // Қазақстан мектебі, №4, 2010.
2. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – Алматы, 2012
3. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. - Алматы, 2012.
4. Нағымжанова Қ.М. Инновациялы-креативті технологиялар. - Өскемен, 2009.
5. Дүсенбаев С. Жаңа педагогикалық технология. – Бастауыш мектепте // Бастауыш мектеп. – 2013, №9.
6. Ибрагимова Г.Оқытуда жаңа әдістерді пайдалану// Бастауыш мектеп. – 2011, №6.
7. Иманбекова Ж. Жаңа технологиялармен оқыту әдістері // Қазақ тілі

мен әдебиеті. – 2012, №7.

8. Күнантаева К., Алшымбаева А. Бәсекеге қабілетті қоғамның негізі – сапалы білім // Бастауыш мектеп. – 2013, №1.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ӨРНЕК

Маратова Ж., Мұқашева М.Қ.

ДБА Жамбыл атындағы ОММГИ, Өскемен, Қазақстан

60 жылдары поэзия әлеміне буырқанған үнімен, ешкімге ұқсаймайтын мақамымен, сыршылдығымен екпіндей енген, оқырманын селт еткізер сыршыл, өршіл жырлар авторы - Фариза Оңғарсынова. Ақынның поэзиясының қыр-сырына тәнті болған көркем сөз зергері Ғ. Мүсірепов, Ә. Тәжібаевтің, әдебиетші ғалымдар: М. Қаратаев, З. Ахметов, С. Қирабаев, Р. Нұрғалиевтардың, замандастары Ә. Кекілбаев, А. Егеубаев сынды өзге де ақынның соңынан ерген аға-буын толқындардың ақын поэзиясы жайлы пайымдаулары, зерттеулері оның құндылығын, маңызын аша түседі. Сөзіміз дәлелді болу үшін төмендегі құнды пікірлердің біразына жүгінсек:

«Көркем сөз майданында ақынға, жазушыға, еркекке, әйелге, кәріге, жасқа деп шектеліп қойылған сар жайлау да жоқ, құлазыған қу дала да жоқ. Ащы көл де ортақ, тұщы көл де ортақ. Ғарышқа дейінгі биіктік те ортақ. Жер-ананың отты жүрегіне дейінгі тереңдік те ортақ. Ерлік, батылдық, адалдық, ұяттылық, арлылық, намысқойлық сияқты адамгершілік - азаматтық қасиеттердің бәрі де ортақ. Мен қазақтың ақын қызы Фаризаны осындай асқарлардың биігінде көремін», - деген екен көркем сөз зергері Ғабит Мүсірепов [1, 133 б.].

«Толқын соңынан толқын жалғасып келеді. Қазақ тілін, қазақ поэзиясын кемелдендіре беретін, оның философиялық және эстетикалық ой - сезімдерін әлемдік деңгейге теңестіре түсетін үміт-сеніміміз жастар десек, олардың алдында тұрған бастаушы жүйріктеріміздің бірі - осы Фариза.

Фаризада халықтық рух бар, ол - елімен бірге, қазағынан бөлінбейтін ақын. Оның тілі жүйрік, өткірлігі мен тапқырлығы, қанағаттығы бәрімізді де қызықтыратын, қуантатын ақын.

Абай бастаған ұлы ақындары бар елде қыздан шыққан Фаризасы болу да қазақ елі үшін керемет жарасым. Мен осы жарасымды көргеніме бақыттымын», - дейді ақын, драматург Ә. Тәжібаев [2, 9 б.].

«Өлең өрнегін өзінше өрнектеп келтіру жағынан Фариза Оңғар-

сынованың бірталай шығармалары айрықша көз тартады. Сөз қолдану ерекшеліктерінен де, сөйлемдердің синтаксистік құрлысы мен өлеңнің ырғақ – интонациясынан да ақынның өзіне тән публицистикалық үнділікті, еркін сөйлеп айтылатын сөзде ғана болатын оралымдықты мол сезінеміз», - дейді ғалым, академик Зәки Ахметов [1, 100 б.].

Ақынның замандасы, жазушы Ә. Кекілбаевтің пікіріне жүгінсек:

Фариза Оңғарсынова - азамат боп ашынууды, пенде болып мұңдануды, перзент болып тебіреніп, періште болып қуануды қаз-қалпында жеткізе алған аса сирек лирик. Лириктердің көбінде соның бірі жетсе, бірі жетпейді. Ал бұл ақынға адамдық кескіндемеге жататын барлық сезім гаммасын ұрымтал ұстап, ұтымды бейнелеу соншалықты оңай, соншалықты жеңіл. Әйел кешер жан азабы мен тән азабын, сезім сергелдеңін Фаризадай дәл, Фаризадай нәзік, тиген жерін ойып түсер, шоқтай отты да уытты жеткізген ақын арғы-бергіде кем де кем [3, 7 б.].

Өмірдің өткелдерінен
қиындық көп көргеніммен,
өргеніп от басқаныммен,
өзіңмен қоштаспадым мен.
Күлкімді, жайлы күнімді,
азапты, қайғы-мұңымды
өзіммен бөліскенің үшін,
катем мен жеңістерім үшін
менің мынау қиындау тағдырым болып
о баста көріскенің үшін

Өлең, мен сені аялап өтем! - деп өмірін өлеңмен өрнектеген [4, 38б], өміріне өлеңін арқау еткен, поэзия әлемінің Падишасы – Фариза Оңғарсынованың есімі, поэзиясы бүгінгі оқырмандарының рухани қазынасына айналып отыр..

Ақынның поэзиясының құндылығы, өміршендігі туралы Шерхан Мұртаза: «Шын ақынға проза жазу жат емес. Ақын жазған проза ақ өлең сияқты, қара сөзден балқыған күміс тамшылап тұрғандай әсер етеді.

Ал енді заманымыздың заңғар ақыны Фариза Оңғарсынованы алар болсақ... Поэзиясы - шың. Прозасы - сол шыңды тіреп тұрған шоқылар.

Айталық, Арқаның ат құлағы көрінбес ақ бораны. Айдала. Адастың. Бір тал шырпы табылып, қарағанның бұтағын сындырып, тасада от жағасың. Жылынасың. Фариза өлеңдері сондай.

Айталық, айналаңның бәрі ақ шағыл құм. Арқалағаның алтын. Күн ыстық. Шөлден өліп бара жатсың. Алдыңнан мөлдіреп бұлақ кез-

деседі. Шөлің қанып, тірі қалдың. Фариза ақын шығармалары сондай. Сонда алтын қымбат па? Нағыз поэзия қымбат па?»-дейді [5, 38 б].

Әйгілі ұстаз, «Қазақтың Қанипасы» атанған Қанипа Омарғалиқызы «Қазіргі кезең әдебиеті» еңбегінде Фариза Оңғарсынова шығармаларының басты ерекшелігін төмендегіше саралайды:

Поэзия әлеміне именбей, іркілмей, өз «Менін» ұлықтай кірген, «Мен – даланың қызымын», «Менде бір толғаныс бар», «Менде бір тебіреніс бар» - деп, шабыт пен пафосты әр жырына арқау етіп келе жатқан Оңғарсынова жырларының бүгінгі әдебиет әлемінен алар орны мен маңызы ерекше. Қазақ поэзиясында ақын әлемі, ақындық шеберлік мектебі қалыптасты. Ақын жырлары күн отына суарылып, жанартау жарқылына малып алған семсердей өткір, қуаттылығы, алаулаған жалыны басым. Парасат пен биік мақсаттарды, азаматтық рухты ұстаным еткен ақын туған әдебиетін биік тұғырға көтерді. Әсіресе өлең құрылысына түбірлі бетбұрыс әкелді.

Ақын жырларының өз тағдыры арқылы өзгенің тағдырын жырлайтын лирикалық шежіре екендігі, сондай-ақ тыныштық жыры емес, арқыраған арғымақ жырлар, ұлттық рух, ұлтжанды мінез, пәлсапалық терең тұжырымдар, афористік ақыл-нақылдар, шешендік оралымдарға толы поэтикалық палитрасы бай жырлар [6, 56 б.].

«Фариза поэзиясының басты ерекшелігі – ақын ой мен сезімнің қалыпқа көнбей, қанатынан қан сорғалап тұрса да, биікке, заңғар көкке талпынып, шарқ ұрып, азаттық атты әулие ұғымның қасиетіне табынып, әуелей самғап, жан сырын ақ күміс теңгедей ашық шаша білуінде [1, 259 б.].

Осынау пайымдауларға сүйене отырып, Фариза Оңғарсынова поэзиясының ерекше бір арнасы, ақын поэзиясының аурынын, тегеурінін арындатып тұрған, ерекше сезім мен ұлттық болмысын танытатын ұлттық өрнегі мен нақышына, ұлттық болмысына тоқталғанды жөн көрдік.

«Ұлттық мінез өлеңдегі лирикалық кейіпкер арқылы көрінеді. Өз бойында ұлттық рух жоқ ақынның лирикалық кейіпкерінен ұлттық мінездің нышанын көру қиын. Лирикалық кейіпкердің сомдалуы мен тұлғалану процесі әр ақын поэзиясына байланысты әр түрлі болып келеді. Яғни, әр ақын өзінің таным-түсінігіне, ішкі әлеміне сай лирикалық кейіпкерін дүниеге әкеледі. Демек, ол – ақынның дүниені қабылдауының жемісі», - деп [7, 83 б.].

Фариза ақынның әр өлеңінен ұлттық мінез, ұлттық болмысты танып қана қоймай, ақынша түйсінесіз. Өлеңдері оқуға жеңіл, әр тармағы, әр жолы халқымыздың ұлттық болмысын, нақышын айқындап тұрған ақынның қаламы бойына дарыған ұлттық болмысын та-

нытып, өрнегін айшықтайды.

Ақынның ұлттық өрнекке тұнып тұрған өлеңдерді туғызуының бір себебі – ақынның халық ауыз әдебиетімен, жыраулық дәстүрмен, өзіне дейінгі ұлт ақындарының жырларымен сусындап өскендігі сияқты. Мысалы, ақын жырларын оқып отырып ауылды еске алмау мүмкін емес, сондай-ақ туған жердің топырағы, ондағы ауыл адамдарының тұрмыс-тіршілігі, ұлттық болмысы, шаңырақ, ошақ, құлын таймен жарысып ойнаған балалық шақ сынды жанды көріністер көз алдына келеді.

«Қазақ поэзиясында ауыл тақырыбын жырламаған ақын жоқтың қасы. Жоқтың қасы емес-ау, жоқ. Ол біз үшін ұлы тақырып, арналы өзек. Амал не, осындай ұлы тақырыпты көбіміз-ақ ұсақтатып барамыз... [8, 274 б.].

Фариза Оңғарсынованың ауыл, өзі туып-өскен туған жері, оның адамдары туралы өлеңдері - бір төбе. Бұл өлеңдер - ақынның нәзік лиризмін, перзенттік сезімін, ең бастысы, ұлттық болмысы мен ұлтжандылық рухын танытатын аса жылы өлеңдер. Ақынның өлеңдерінде ауыл, туған жер тақырыбы ақындық шебер қуатпен, асау сезіммен өрнектеліп, көркем де образды тілмен суреттеліп берілген. Халқымыздың «Туған жер – алтын бесігің», «туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» деген қағидасын берік ұстану, ата-мекенді киелі тұту – ұлттық болмыс, ұлттық мінезіміз. Ендеше, осынау «Отан-оттан басталады», - деген халық нақылын ақынның туған жері, Отанына арнаған перзенттік сезімі өрнектелген өлеңдерінен байқаймыз.

О, туған жер
Кең пейіл құшағың кең,
Саған көңіл бұлқынар күш ағынмен,
Сағынышымды қанат қып саған қарай
Балапандай талпынып ұшмамын мен.
Алақаны анамның-топырағың,
Сендік махаббатымның оты жалын,
Сені қалай сүйю керектігін,

Мен ешқандай кітаптан оқымадым - деген жолдарда ақынның туған жеріне деген сезімі, сағынышы, махаббаты жатыр [4, 7 б]. Ол сезім туып-өскен өлкеден, туған жердің топырағынан бастау алған.

Ауыл, туған жер, біздің сараптауымызға, - Фариза поэзиясының басты арналары, асыл қайнарлары. «Ауыл» өлеңінде:

Біздің ауыл ұя еді киелі бір.
Теңіз бойы бұйратты жиегі қыр.
Өнегелі ұл менен қыз өсіріп,

Шаңырағына құт қонған үй еді кіл... [4, 268 б], - деп шаттанып ауыл тұрмысын, ондағы ауыл адамының ұлттық болмысын жырлайды. Осы өлеңнің өн бойында халқымыздың ұлттық өрнегі, ұлттық дәстүрі тұнып тұр. Мәселен,

Келе қалса бір үйге сыйлы қонақ,

Ауыл болып күтетін елге сын деп,-деген жолдарда халқымыздың ұлттық мнезі, қонақжайлығы, мырзалығы, кімге болса да кең құшағын ашқан дархан мінезі жатыр.

Көктемде қазы мен тамсап шұжық,

Уыз ішіп, құрт жеген әр сәт қызық.

Шақырысып жататын, бір-біріне

Соғымынан, сүрінен дәм татқызып, - [4, 268 б] деген жолдардан ұлттық тұрмыс-тіршілігімізді, салт-дәстүрімізді сезіну қиын емес.

Ауыл- бәріміздің шыққан мекеніміз. Жалпы, қазақтың ұлттық болмысы, салт-дәстүрі, тіпті менталитеті сонда сақталған. Ұлттық тіліміз, дініміз, мінезіміз сонан бастау алады. Ақын жырларын оқи отырып, ауылды ұмыту ұлттығымызды ұмыту деген қорытындыға келеміз. Ақын ауылды жырлап қана қоймайды, оның тағдыры үшін алаңдайды. Мысалы,

Құт-киемді сыпырып ұры жалған.

Інген деймін тұлыпқа ыңыранған.

Бүгін шөлейт далада ауылымның

Моласы мен ызыңдап мұңы қалған, - деген жолдардағы ақынның ішкі жан айғайы, азаматтық үні, ауылды қызғыш құстай қорғаған перзенттік сезімі жатыр [5, 269 б.].

Дала – қазақ халқы үшін көшіп-қонып тіршілік кешкендегі киелі бесігі. Ұлттық болмысымыз, ұлттық мінезіміз даладан қуат алып, өріле біткен осынау қазақ даласын жырламаған ақын жоқ. Ал Фариза ақын «Қыр қазағының қартайғандағы сөз» өлеңінде қазақ даласын былайша суреттейді:

Далада өстік

Арғымақ аттың жалынан тартып мінуді біздер армандап,

(жаяулап кешкен тіршілік құрысын таңдайың кеуіп, тал қармап!)

Көрінуші еді түк еместей боп дүниедегі қалған бақ.

Тарпаң тұлпардың тұяғымен тіліп бозбала таңның көрпесін

Шыққанда шіркін, әлем дегенің табынып бізге, таңданады-ақ!. [5, 17 б].

«Дала – менің, жыр сандығым» өлеңінде осынау халқымыздың

кие тұтқан сахара даласына деген ақын сезімі өз арнасынан асып төгіледі:

Далам менің қазынам, жыр сандығым,
Жер нәрімен жер балқып, бусан
Сортаң жерді тұзы бар тамырында

Ашқылтым дау сондықтан жусан жырым, - деген жолдарда ағынан жарылған сезім мөлдіреп тұр емес пе?!

Өлеңде лирикалық қа?арманның туған жерге, даласына деген ақ сезімі өрнектелген. Дала, оның жусаны. Кермек дәнді жусанда жатқан қасиет, кие. Ақынның жұпар иісті дала гүлін емес, жусанды жырлауы. Жусан - ақын үшін дала, ақынның өзі, халқының ұлы махаббаты. Өлеңнің ұлттық рухы, лирикалық кейіпкердің мөлдір сезімі айрықша [6, 57 б].

Ақынның қай өлеңін алмаңыз, ұлттық бояуы айқын, ұлттық нақышы басым. Поэзиясының өн бойында көк бөріге табынған түркілік тегіміз, қазақтың тұрмыс-салтының барлық жағы көрініс береді. Мәселен, «Киіз үй», «Оюлар», «Жаулықтар», «Жер ошақ», «Ер тұрман», «Бәйге» сынды өлеңдері - нағыз ұлттық болмысымызды айшықтап тұрған өлеңдер.

«Жер ошақ» өлеңінде ошақтан басталған ақынның перзенттік сезімі ұласып, Отанға деген ел жандылық, ұлтжандылық сезімі жүректен кіріп, ойыңды да, бойыңды да ұлтжандылыққа толтырады. Мәселен,

Түнгі аспан моншақ тақты бұлты ашылып,
Келеміз сайларды асып, қырға шығып.
Жырақта жерошақтан лаулаған от

Жылылық құндағы боп тұр шақырып,-деген ошақтан басталған сезім жалғасын былай табады:

Жерошақ! Жанымда осы өшкен бе есім,
Жалғанда жылуыңа жоқ теңдесің.
Есімде: әжем менің бата берсе,

Дейтұғын: «Ошағыңнан от сөнбесін!» [4, 95 б].

«Ошағым-оқшау құралым» атты өлеңі ақынның мөлдір мұңы мен жан сыры жыр моншағынан тізілген. Бұл өлең - творчествосы толысып, кемелденген ақынның сөздің сөзі мен сезімнің сөлінен сүзіліп шыққан дүниелері [1, 152 б.].

Халқымыздың ұлттық нақышы, ұлттық болмысының бір көрінісі салт-дәстүрінде жатыр. Ақынның жырларында халық тұрмысында кеңінен қолданылып келген, ұлттық қол өнеріміздің жетістіктерін паш ететін ұлттық дәстүріміз – «Киіз үй», «Оюлар» сынды халық тұрмысын жырлау кеңінен өріс алған.

Киіз үй... Көп болыпты-ау кірмегелі...

Сығалап түндігінен Күн кемері.

Жаныма бір рахат әкелетін

Жұпары боз жусанның іргедегі, - деген жолдарда ақын халқымыздың көзіндей болған киіз үйдің маңызын аша түскендей [5, 91 б.]. Ондағы жусан иісі – ақын үшін қазақ даласы. Осынау ұлттық нақышты дәріптеу, мадақтау, оны кейінгі ұрпаққа паш етуде ақын жыры толастамайды. Халқымыздың атадан-балаға мирас болып келе жатқан ұлттық дәстүрі Фариза ақын жырларында сөзбен кестеленген. Мәселен, «Оюлар» өлеңінде [5, 92б]:

Түрін-ай текеметтің! Асыл қандай!

Үңілдім үнсіз ғана басымды алмай.

Келе ғой, қошақаным, өзіме!-деп...

Әжем кеп сипағандай шашымнан жай.

Күйімді кешерсіндер-ау сол беттегі,

Тұрғандай ана көңіл тербеп мені.

Жан бітіп жайраңдады жан-жағымнан

Қазақтың қошқар мүйіз өрнектері,-осынау жолдарда ақынның халқымыздың асыл қазынасына деген тағзымы, ыстық ықыласы, салт-дәстүріне деген құрметі жатыр. Шағын өлең жолдарының өн бойында жатқан ұлттық нақышымызды айқындап тұрған: «Текемет», «ою», «қошқар мүйіз», «әжем», «қошақаным» сынды сөздерді ақын ерекше леппен, ерекше сезіммен өрнектейді.

Жалпы, ақын жырларында халқымыздың тұрмыс-салты барлық жағынан көрініс береді. Мәселен, қамшы, шаңырақ, тымақ, ер-тұрман, шолпы т.б – бәрі біздің дәстүрімізге, ұлттық болмысымызға тән. Ақын оларды сөз етіп, жырлап қана қоймайды, ұлттық дәстүрді, нақышты дәріптеп, оның жойылып кетпеуі үшін жан-күйзелісін танытады.

Түн.

Аспан-жасыл жайма, жұлдыз-ағып.

Бұлақ- қыз шолпы таққан сылдыратып.

Көк-заңғар. Дала-шалқар,

Бұл сұлулық

Тұр менің жүрегімнен жыр құлатып,-деген жолдарды пайымдасақ, табиғат-ананың тыныс-тіршілігін адамзатқа балай отырып, екеуінің егіз ұғым екендігін санамызға құяды [4, 250б]. Шолпы – ұлттық дәстүр, ұлттық құндылығымыз. Осынау ұлттық нақыш шебер, көркем тілмен сурет телініп берілген.

Ақын жырларында қазақ халқының фольклорлық дәстүрін шебер қолданған. Ақын жырында кездесетін асау тұлпар-еркіндіктің, қыран құс – тәуелсіздіктің, асқақтықтың, аққу – тазалықтың, шолпы – махаб-

баттың белгісін, семсер-қайсарлықты білдіреді. Мәселен,

Жаным-дала, көгінен бұлт арылмай,
Батпан зілдер басса да, жүр тарылмай.
Шілдерлеулі көңілді зулат, жырым,
Баяғының құс қанат тұлпарындай.
Дүниеде іздеумен нұрлы бесін
Талпыныстан танбаған жыр-күресім
Адамдық пен адалдық семсеріндей
Жағымпаздың ту сыртын тігілесін [5, 5 б].

Халық ауыз әдебиетінде әдемі өрнек тапқан бесік жырын ақын былайша жырлайды:

Айналайын, бөбегім,
аймалайын, бөбегім.
анашыңның гүлі боп,

жайна дәйім, бөбегім, - деген шағын жолдардың өн бойында жатқан ананың балаға деген махаббаты, бесік жыры – біздің ұлттық дәстүріміздің бір қыры [4, 13 б].

Пайымдауымызға жүгінсек, Фаризаның қай өлеңін алмаңыз әр жолы, әр буыны, әр тармағына дейін ұлттық бояуы, ұлттық нақыш пен өрнегі аңқып тұрады. Ақын өлеңдері арқылы ұлттық болмысымызды, ұлттық келбет, мінез, дәстүрімізді барынша аша түскен. Бүгінде оқырмандарын баурап алған ақынның поэзиясы мәңгілік жанымызда сақталады.

Әдебиеттер

1. Оңғарсынова Ф. Ақын әлемі. IX том. - Астана, 2004.
2. Тәжібаев Ә. Фаризаны оқысам, қанаттанып қаламын// Ақтөбе облыстық қоғамдық- саяси газеті, 1988.
3. Әбіш Кекілбаев. Рух жанартауы // Ақтөбе облыстық қоғамдық- саяси газеті, 1989.
4. Оңғарсынова Ф. Дауа. - Алматы: Атамұра, 2002. – 287 б.
5. Оңғарсынова Ф. Сыр-сұхбат.-Астана, 2010.
6. Бітібаева Қ.О. Қазіргі кезең әдебиеті. - Семей: Үш биік, 2007.
7. Зақанқызы Р. Ұлттық мінездің көркем көрінісі // Ақиқат, 2001. - №3.
8. Сәрсенбай О. Менің мекенім. - Алматы: «Қайнар», 2002.

ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА КЕЙІПКЕР БЕЙНЕСІН ТАЛДАУ АРҚЫЛЫ ҚҰЗЫРЛЫ ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Асылханова Ә.

К. Бозтаев атындағы орта мектебі, Аягөз, ШҚО

Егеменді еліміз бүгінгі күні әлемге танылып, әлем жұртшылығының назарына ілінді. Еліміз қай салада болмасын инновациялық технологияларды енгізіп, экономика, ғылым-білім салаларында қарқынды дамып келеді. Сондықтан да ел болашағының тұтқасын ұстайтын жастарымызды баулуға аса назар аударылуда.

Білім ордалары білім берумен шектелмей, «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту», - деп көрсетілгендей [1, 5], құзырлы тұлғаның қабілетін оятып, дарын көзін ашуды ұстаным етуде.

«Тұлға дегеніміз – қарым-қатынастың, сонымен бірге адамдармен байланысудың толып жатқан басқа да түрлерінің нәтижесі», - деген анықтамаға сүйенсек [2, 89 б.], қоғамға бейім құзырлы тұлғаны баулу көзделіп отыр.

Атап айтсақ, ҚР 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасының басты мақсаттарының бірінде: «Жаңа технологиялық күзірет» бағдарлай білу өз бетінше білім беруде стратегиялық міндеттерін табысты шешуге мүмкіндік береді: таңдай білу, талдай білу, өзгерте білу, сақтай білу, жеткізе білу, жүзеге асыра білу», - деп көрсетілгендей, білім ордалары құзырлылыққа бағытталған білім сапасын беруде еңбек етуде [3, 12 б.].

Құзырлылық туралы ғалымдар тарапынан зерттеулер, анықтамалар жасалды. Латын тіліндегі «competens» сөзін ғалым К.С. Құдайбергенова: «Құзырлылықты білімін, біліктілігін, дағдысын, тұлға мінез-құлқын, ең бастысы тұлға мүмкіндігін бағалаудың критерийі мақсатында қарастыру құзырлылық маңызын толық аша алады. Олай болса, құзырлылық нәтижеге бағдарланған жаңа білім беру жүйесінің сапалық критерийі ретінде әлеуметтік және өмірлік көз-қарастарды есепке алуы қажет», - дейді [4, 7 б.].

Тұлға құзырлылығын қалыптастыру жолдары:

- білім беру жүйесіндегі жүйеге кіретін бала жүйеден шыққанда түлек болады;

- тұлғаның ұжымға енуі арқылы әлеуметтік-психологиялық сипаты көрінеді, - деп тұжырымдайды [4,10 б.].

Сонымен, оқу үрдісіндегі құзырлылық дегеніміз – оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде теориялық және тәжірибелік мәселелерді шешу үшін қолдана алу мүмкіндігі

болып табылады.

Бұл жайлы 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында оқушы бойынан табылуға тиісті құзырлылықтарды нақты айқын көрсеткен. Мұнда:

- Құндылықты-бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, бға бере білу, елжандылық қабілетті болу);

- Мәдениет танымдық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);

- Оқу-танымдық құзіреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);

- Коммуникативті құзіреттілік (адамдармен өзара қарыс-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болу);

- Ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);

- Әлеуметтік-еңбек құзіреттілік (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті) [3, 17 б.].

Жоғарыдағы анықтамаларға сүйене отырып, өз пайымдауымызша құзырлылық – оқушы білімінің өнімді нәтижесі және құзырлы іс-әрекетінің, шешімінің жемісі.

Мектепте қай пәнді алмайық, басты мақсат нәтижеге бағытталған іс-әрекетті құзыреттілік тұрғыдан жүзеге асыру болмақ. Осы орайда құзырлы тұлғаны қалыптастырып, дарын көзін ашуда әдебиет пәнінің де маңызы зор.

Қазақ әдебиетінің оқу пәні ретіндегі мақсаты - жеке тұлғаны дамыту мен тәрбиелеу, оқушының ойы мен сезімін ояту, табиғатқа, қоғамға, қоршаған ортаға, Отанға, өз-өзіне деген қатынасының жалпы мәдениетін қалыптастыру, бір сөзбен айтқанда, адамды адам етіп тәрбиелеу. Бұл сабақта баланың эстетикалық талғамын жетілдіріп, көркем әдебиеттен ләззат алуға үйрете отырып, оны ұлттық-рухани құндылықтар негізінде тәрбиелеу – мұғалімнің міндеті. Аталған мақсат, міндеттерді жүзеге асырудың жолдары көптеп саналады. Соның бірі – сабақта оқушылардың өз ізденістері арқылы көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашқызу. Оқушы кейіпкерге жан-жақты мінездеме бере отырып, әр оқылған шығармадағы жағымды кейіп-

кердің жақсы қасиеттерін бойына дарытып, жағымсыз тұлғаның теріс іс-әрекеттерінен өзін аулақ ұстауға дағдыланады. Кейіпкер бей-несіне талдау жасау тұлғаның болмысына, адами көзқарасына, өзіндік ойлау, пайымдау, шешім шығару сынды әрекеттеріне түрткі болады. Мәселен, кейіпкер бейнесін талдап үйренудің бір үлгісі ретінде төмендегі сабақ үлгісін ұсынамыз.

Ж. Аймауытов. «Әнші» әңгімесіндегі Әмірқан бейнесі.

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: әңгіменің тақырыбы мен идеясын ашу, тілі мен мазмұнына талдау жасату, әңгіме мазмұнын терең меңгерту арқылы әншінің азаматтық, адамдық бейнесін жан- жақты таныту;

Тәрбиелік: Әңгіменің мазмұны арқылы оқушыларды адалдыққа, шынайылыққа, әнді, өнерді сүюге, тәрбиелеу, әсемдікті сезіне білуге үйрету, өнерге деген құштарлықтарын арттыру, халықтың біртуар перзенттерін құрметтеуге тәрбиелеу

Дамытушылық: Оқушыларды дербес жұмыс жасауға, өз ойларын еркін жеткізуге дағдыландыру, танымдық ой-өрістерін, шығармашылық ойлауын, құзырлы іс-әрекеттерін дамыту.

Сабақтың түрі: жаңа сабақ. Ізденіс-танымдық сабақ.

Сабақтың әдісі: сұрақ – жауап, сын тұрғысынан ойлау, топ-тастыру стратегиясы, деңгейлік тапсырмалар, талдау-жинақтау, пікір дәлелдеу

Сабақтың көрнекілігі: Ж. Аймауытов пен Ә. Қашаубаев портреттері, слайдтар, видеофильмдер.

Пәнаралық байланыс: тарих, қазақ тілі, музыка.

Сабақтың барысы. Сабақтың ұраны:

Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,

Ақылың мен еңбегің екі жақтап

I. Ұйымдастыру кезеңі: (музыка баяу ойнап тұрады)

1-слайд

Ақпейілді жүрекпен

Мейірімді тілекпен.

Амандасып алайық.

Бір жадырап қалайық

-«Ой тастау, ойланту» кезеңі.

- Әз Жәнібек хан өзінің 61 биіне «Дүниеде не өлмейді?» деген сауал қойғанда Жиреншенің берген жауабы естеріңде ме? (Жақсының аты өлмейді, Ғалымның хаты өлмейді)

- Сендердің ойларыңша «жақсы» деп кімдерді айта аламыз?

Ия, демек қазақ елінің қалыптасуына ерен еңбек сіңірген бес арысымыздың бірі Жүсіпбек Аймауытовты да осындай игі жақ-

- сылардың қатарына қоса аламыз. Ол туралы не білеміз, Жүсіпбек кім?
- ақын (Сарыарқаның сәлемі, Ұршығым, Нұр күйі поэмасы, т.б.)
 - ағартушы – ұстаз, педагог -драматург (Шернияз, Қанапия мен Шәрбану, Ел қорғаны, т.б.)
 - сыншы (Абайдан соңғы ақындар; Мағжанның ақындығы; Аударма туралы, т.б.)
 - публицист - аудармашы (Гоголь «Ревизор», А.С. Пушкин «Тас мейман», т.б.)
 - жазушы («Қартқожа», «Ақбілек», « Күнекейдің жазығы», т.б.)
 - ғалым (Тәрбие жетекші, Психология, Жан жүйесі және өнер таңдау, т.б.)

«Өлді деуге бола ма ойлаңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» Жүсіпбек өнерінің көп қырының бірі – әншілік, сахнагерлік. Жүсіпбек халқының әншілік өнерін аса қадірлеп, өзі де ән салған. Қазақтың ұлы әншісі жайлы «Әнші» деген классикалық әңгімесінен аңғарарымыз - ән халықтың тарихын, өткен өмірін көрсетеді.

II. Үй тапсырмасын тексеру «Зымыран сұрақтар»

1. Әншімен алғашқы кездесу қай жерде өтті?
2. Әмірқан Шәкет үйінде қандай аспаппен ән шырқады?
3. Жастар сауықты қандай мерекеге орай ұйымдастырды?
4. Әңгіме кейіпкерлерін ата
5. Әмірқанның ұстазы кім?
6. «Үріп ауызға салғандай» деп жазушы кімді сипаттады, ол туралы айт.
7. Әмірқан мен Ақтамақ қандай ойында тіл табысып кетті?
8. Қарақшылардан Әмірқан қалай құтылды?
9. Әнші неге жылады?
10. «Әңгіме» жанрының ерекшеліктері?
11. Шығармада өзімізге белгілі қандай композитордың аты аталады? Оның қандай әні туралы айтылады.
12. «Бержабай», «қашаба» сөздерінің мағынасын түсіндір.

III. Жаңа сабақ

«Мен Жүсіпбектей шебер жазушыны көрген емеспін, Ол- шағын әңгіменің шебері» (Б.Майлин)

«Әнші» әңгімесін талдау. Кейіпкерлерге мінездеме беру.

Әмірқанның мінездемелік сипаты Әңгімеден алынған үзінділер арқылы дәлелдеу Суреттеу үшін қолданылған көркемдегіш құралдар

1. Түр — түсі, сыртқы бейнесі	“Шәулі қаршығадай шап етер, киіктің асығындай тап етер” жігіт. /46/ Өзге шығарушылардан Әмірқанның киімі де, түрі де, жүріс- тұрысы да жат еді, қазақтың еркіндігін еске түсіруші еді. /47/ теңеу
-------------------------------	---

2. Орындаушылық шеберлігі	Ұшатын құстай қымтанып, қомданып алды. Отырғандар аузын ашып аңырды. Әнші жіберді. Бір-бір ауыздан ән салды. Аз да болса бірегей болды. /45/ Сүмірейте, қылмита соқты; желдете, құтырта соқты. Лебізі құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, тамырды желпіндірді; бойыңды шымырлатты. ... Көңіл бір жадырап, шайдай ашылды. Топ көргенде Әмірқан аруақтанып, көтеріліп кетеді екен. /48/ Тағы да ескектете, желпіндіре, желіктіре, ышқындыра, құлшындыра соғып, тыңдаушының айызын әбден қандырды. / эпитет
3. Өнерге сүйіспеншілігі	Ән салса, ол өзін- өзі ұмытады, әннің әуеніне төңкеріледі, оның дауысы көмейінен шықпайды, жүрегінен шығады. Ол әннің әр нақысын ұғады, әнді ғана сүйеді. Ол тәтті үнге, топқа бола жаралған адам. Ән салса, теңеу _____ рақаттанып, гүл- гүл жайнайды. Көзі де, аузы да, денесі де, қолы да бірге салады. Әмірқан кісі емес, әнге айналады. Оның ән салғандағы түріне қарап отырсаң, тоясың. /49/ теңеу
4. Ән мен әншіге деген көзқарасы	Әншілердің көбі түр шығарам деп, әуре болады. Жақсы әнді бұзып жібереді. Қиқылдай ма, шиқылдай ма, аупылдай ма мазарат... Есіл әнді бей- береке қылады. Бет- аузын тыржитып, зорланып, күшеніп отырып салған соң ән бола ма? Әнді еркіне жіберіп, қысылмай салған ғой қызығы. Әншілердің көбі не мақтан үшін, не мал табу үшін айтады. Зорланып айтқан ән дұрыс шыға ма? Ән салу көңілден ғой... Мен өзім көңілденбесем, жақсы айта алмаймын, айтқым келмейді. /50/ эпитет
5. Қарапайымдылығы, сыпайылығы	Әмірқан қол ұстасып, сыпайы амандасып отырды. Әнеугі Шәкеттікінде көрген Әмірқан емес, бұйығы, момақан жігіт. /46 эпитет эпитет
6. Адамға үйірсеңдігі, бауырмалдығы	Әмірқан кісіге тез үйір болатын, жолдасқа жанын қиятын жігіт. Наурыздан кейін бізбен дос болып кетті. Бер жаққа шықса, бізге соқпай кетпейді. /49/ эпитет
7. Қонақжайлылығы	- Менің құжырамды да бір көріңдер,- деп қайта- қайта шақырып, үйіне қонаққа апарды. Қымыз, ет алып, тыраштанып, шабылып қалыпты.
8. Махаббатқа адалдығы	Сөйткен Ақтамақпен бір- ақ жұмадай дәурен сүрдім. Ой, дүние- ай!- деп, Әмірқан ауыр күрсінді де, дыбыссыз қалды. Бетіне қарасам, көзінің жасы парлап тұр екен. Жұбатайын деп: * Ой, саған не болды?!- дедім. * Әншейін... Көңілім бұзылып... * Бала болдың ба? Өткен іске өкіне ме екен... * Ақтамақтың қылығы бетер еді...- деп солқылдап келіп жылады. /52/
9. Азаматтық тұлғасы	Ол “барды баламайды, жоқты санамайды”, өзінің

(мәрттігі)	бірдемесін сұрасаң, бере салады, кісінің нәрсесін, киімін өзі де киіп жүре береді. Ұят екен- ау демейді. Ол кісі алдауды, арын сатуды білмейді. Кім көрінгенге сенеді. Өзін әркім талай алдап кетсе де, сенуін қоймайды. /50/
------------	---

Жазушының тіл шеберлігі

Деңгейлік тапсырмалар/ 3 түсті карточка түрінде беріледі, тапсырма 2-3 балаға ортақ болғандықтан 1-ші орындап келген бала смайлик алады/

I Оқушы деңгейі

- 1) «Әнші» әңгімесі не жайлы?
- 2) «Жетішатыр» қаласы қазір қалай аталады? Шығармада қала тіршілігі қалай бейнеленген?
- 3) Әмірқан ұрылардың қолына түскенде кімдердің әндерін орындады?

II деңгей - Алгоритмдік деңгей

I. Әңгімеде қазақ халқының қандай әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері суреттелген? Оның кейіпкер бейнесін ашудағы маңызы қандай?

II. Шығармадағы тұрақты тіркестерді тауып, мағынасын түсіндіріңіз

(Иісі кеудеңді жарады, шайдай ашылды,жандырып жүреді, көңіл көкке серпу,аяғы жерге тимей, берсе қолынан, бермесе жолынан;үріп ауызға салғандай, төбем көкке жетті,қас қарая; қалпақтай түстім, есім ауып қалды, өңім екенін, түсім екенін білмей., жанымен салу, қабағынан қар жауған т.б.)

III. Әңгімедегі теңеулерді табыңыз. Кейіпкер бейнесін ашудағы теңеулердің маңызын дәлелде.

Әмірқанды суреттеуі: Ұшатын құстай, «Шәулі қаршығадай шап етер, киіктің асығындай тап етер»; «Сұңқылдаған көмейі, Сыбызғының үніндей; Ескектеген толқыны «Бозайғырдың» күйіндей; Аспандап соққан айқайы Алтайдың асқар тауындай; Желпідеткен түндікті Күздігүні дауылдай; Төмендет сорғалап, Тас бұлақтың суындай»..... т.б.

III деңгей Шығармашылық деңгей

- 1) Әңгіменің тақырыбын ашып беріңіз

Жазушы Әмірқанның талантын, өнер құдіретін ғана беріп қоймай, әнші тағдыры, жан-дүние, сезім, көңіл-күйін де ашқан. Әмірқан әнші жай қатардағы адамдардың бірі емес, өнердің, ән мен сәннің жаны ретінде бейнеленген.

- 2) «Прототип» дегеніміз не?

Әмірқанның прототипі кім, ол туралы не білесің?

Ә. Қашаубаев - қазақ музыкасын халықаралық деңгейде танытқан дарынды жезтаңдай әнші. (видео көрсетіледі) Ол 1925 жылы Парижде дүниежүзілік көрменің этнографиялық концертіне қатысып, «Дудар-ай», «Қараторғай», «Қызыл бидай», «Үш дос» әндерін орындаған. 1927 ж. Германияның Майндағы Франкфурт қаласында өткен көрмеге қатысқан. Семейдегі обл.драма театры қазір Әміре Қашаубаев атында, сонымен қатар жыл сайын Әміре Қашаубаев атындағы дәстүрлі ән байқауы өткізіліп тұрады.

3) Өнерді дәріптеген басқа ақын-жазушылардың қандай шығармасын білесіз?

I. Жансүгіровтің «Күй», «Күйші» поэмасы. Өнер қуаты, құдіреті, өнерінің ішкі жан-дүниесі, психологиясы, оқиғаға құрылған поэмада көркем бейнеленген. Абай «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» (өлеңнен үзінді оқытуға болады.), «Әсемпаз болма әрнеге»

IV. Сабақты бекіту: Сәттік тест.

V. Қорытынды бөлім

Жүсіпбек осы бір шағын әңгімесінде Әмірқан образы арқылы әнші Әміренің әншілік өнерін, азаматтық тұлғасын тамаша бейнелеген, шынайы өнерге табындырған. Ұлы әншіге тамаша ескерткіш орнатып кеткендей. Әңгімеден Жүсіпбектің үздік сөз шебері екенін байқау қиын емес. Ол прозада да ақынша сөйлеп кетеді. Әміре - әнге жүйрік, Жүсіпбек - сөзге жүйрік. Маған осы шығармада екеуі жарыса тіл қатқандай болды, ал сендер осы шығарманы оқи отырып, қандай ой түйдіңдер?

а/ Оқушыларды жинаған смайликтеріне қарай бағалау

ә/ Үй тапсырмасы:

1. Әңгімені толық мазмұндау

2. Өз қалауларың бойынша «Ақтамақ хикаясының» жалғасын құрастыру немесе «Өнерліге өлім жоқ» атты тақырыпта ой толғау жазу.

Қорытындылай келгенде, әдебиет сабағында құзырлылыққа бағытталған тапсырмаларды қолдану арқылы төмендегідей нәтижелерге қол жеткіздік:

- оқушы білімді өз әрекеті арқылы алады;
- алған білімдерін оқушылық деңгейден шығармашылық деңгейге жеткізуге әрекет етеді;
- шығармашылыққа, ізденушілікке дағдыланады;
- өз ойларын дәлелдейді, мәтінмен жұмыс жасауға төселеді;
- көркем сөйлеуге, әдеби талдауғатмашықтанады;
- пәнге деген қызығушылықтары артады;
- өзін-өзі, бірін-бірі оқытады;

- білім сапасы артады.

Әдебиеттер

1. ҚР білім туралы заңы. 3 бап. Алматы.
2. Ольшанский Д.В. «Я сам!» (Очерки становления и развития детского «я»). – М., 1986
3. 12 жылдық оқыту мәселелері. ҚР жалпы орта білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттары. - Астана, 2006.
4. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық табиғаты – тұлғаның өздік дамуында. - Алматы, 2004.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫ-СУБЪЕКТІНІҢ СЫНИ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ ЖОЛДАРЫ

Серкенова А.Ж.

ДБА Жамбыл атындағы ОММГИ, Өскемен, Қазақстан

Қазіргі жаһанданған заманда білім жүйесі жаңа сапаға ие болып, дәстүрлі оқытуда қалыптасқан білім мазмұны инновацияландырылып, әлемдік білім жүйесіне кеңінен жол ашылуда. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың халқына Жолдауында: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады», - деп айтылғандай [1, 5], еліміз бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына сапалы біліммен енуді көздеп отыр.

«Заманына қарай адамы», - деп халық нақылында айтылғандай, білім беру мазмұны әр заманның жаңашылдығы, талабына сай өзгеріп отыр. Дәстүрлі білім беру жүйесі бүгінде жаһанданып, озық технологиялармен толықты. Осындай талаптарды басшылыққа алған білім жүйесіне ақпараттық технологияның қарыштай енуі де - заманның талабы. Оқушы-субъектінің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттіліктерінің дамуына түрткі болу, қашықтықтан білім алу, кез-келген уақытта интернет жүйесін пайдалану сынды заман талабы әлемдік білім кеңістігіне енуге жол ашты.

Алайда қаншама заман озса да, педагогика тарихында бүгінгі білім мазмұнының негізін қалауда зор еңбектер қалдырған ғалымдардың, атап айтсақ Я.А. Коменский, И.Ф. Гербарт, М.А. Данилов, И.Г. Пестолоции, К.Д. Ушинский, Л.С. Выготский, Ю.А. Самарин, В.А. Кан-Калик, А.И. Кочетов сынды т.б. тың ізденістерінің бағасы өлшеусіз.

Жеке тұлғаға бағытталған білім беру жүйесі дәстүрлі оқытудан алшақтап, технологиялық оқытуды басшылыққа ала, жан-жақты дамыған, шығармашылық ізденістегі жеке тұлғаны субъект ретінде дамытуды көздеп отыр. Қазіргі таңда білімді жеке тұлғаға бағыттай отырып, оқушы-субъектінің өзін-өзі тануы, өзінің қабілетін өзгелерге танытуы сынды басты қасиеттерін ашуға кеңінен жол ашылды. Яғни, озық инновациялық технологиядан іздену - бүгінгі күннің басты талаптарының бірі.

Ғалымдар зерттеулеріндегі дәстүрлі объекті-субъектілі педагогикасының орнын басқасы басты, ол балаға оқу субъектісі ретінде, өзін-өзі өзектілендіруге, өзін тануға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде бағытталған. Мұндай жағдайда педагогикалық процестің маңызды құрамы оқу ісіндегі субъектілер – оқытушы мен оқушының тұлғалық-бағытталған өзара әрекеті болып табылады [2, 43 б.].

Субъект ретінде шығуға дайын емес оқушылар тобында қалай жұмыс істеуге болады? Осындай сынды сұрақтарға оқушы білім беру әрекетінің субъектісі болу үшін ол:

- өмір әрекетінің субъектісі;
- пәндік әрекеттің субъектісі;
- қарым-қатынас әрекетінің субъектісі;
- дербес әрекеттің субъектісі болуы қажет.

Субъектілік ұстанымның қалыптасуына ықпал етеді:

- нәтижеге жетуге бағытталған әр түрлі актілердің түрін анықтайтын мақсатты үрдіске оқушыларды тарту;
- бірлескен әрекеттегі субъект-субъектілік қарым-қатынаста және проблемалық-диалогтық педагогикалық технологияларды жүзеге асыру;
- рефлексивті әрекетті ұйымдастыру [3, 6].

Оқушы-субъектіні қалыптастыру - әр пән мұғалімдерінің алдына қойылып отырған талаптардың бірі.

Өз іс тәжірибемізде ағылшын тілі сабақтарында американ ғалымдары Джинни Стилл, Куртис Мередит және Чарльз Темпл жасаған «Оқу мен жазу арқылы сыни ойлауды дамыту» яғни, СТО технологиясының элементтерін қолдану арқылы оқушыны оқыту-субъектісі ретінде қалыптастыра отырып, олардың ауызша сөйлеулеріне, яғни, тіл дамыту жұмыстарына ерекше назар аударып келеміз. Ең бастысы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ояту.

Жобаның негізі Ж. Пиаже, Л.С. Выготский теорияларын басшылыққа алады.

Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез-келген мазмұнға сыни

тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету [4, 8].

Бағдарлама негізінен үш кезеңнен тұрады:

1. Қызғушылықты ояту.
2. Мағынаны ажырату.
3. Ой толғаныс.

Үш кезеңде де оқушы-субъектінің шығармашылық ойлауына, ізденісіне, белсенді әрекетіне, өз бетімен білім алуына түрткі жасалады.

Сабақта көбінесе қолданылатын әдістер мен тәсілдер (стратегиялар): «Миға шабуыл», «Шеңбер бойынша сұрақтар», «Аквариум», «Венн диаграммасы», «Семантикалық карта», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау», «Кубизм» т.б.

Оқушы шығармашылығына түрткі болатын стратегиялары:



Төменде ағылшын тілі сабағында оқушыларды сыни ойлауға, шығармашылық жұмыстарға жетелеу барысында өзіндік іс-әрекеттеріне жұмылдырған сабақ үлгісін ұсынып отырмыз.

Lesson Plan 9B Form

Тема	Healthy lifestyle- Здоровый образ жизни
Общие цели	Формирование коммуникативной компетенций учащихся по теме «Healthy Lifestyle» Обучение аудированию, развитие лексических, грамматических навыков говорения по теме, формирование позитивного отношения к здоровому образу жизни.
Ссылка	Среднесрочное планирование серии последовательных уроков

Ожидаемые результаты	Учащиеся активно используют новую лексику по теме, выражают свое отношение к правилам здорового образа жизни на английском языке, умеют работать в группе. учащиеся обобщили свои знания по теме «Healthy lifestyle»
Основные идеи	Здоровый образ жизни должен стать нормой для каждого ученика
Источники	Educational videos for children (U-tube.com)
Задания Вызов - актуализировать и обобщить имеющиеся знания по данной теме - вызвать устойчивый интерес к изучаемой теме. - мотивировать к активной работе на уроке	Good morning! I hope you are feeling well today. The subject of our discussion today is a healthy way of life. Our health Depends on many things; our good or poor health habits, our Physical activity, the food we eat. 1. Фонетическая зарядка 2. Аудирование: просмотр видеоролика «10 правил здорового образа жизни» 3. Деление на группы
Осмысление - получить новую Информацию; -осмыслить ее; - соотнести с уже имеющимися знаниями	4. Монологические высказывания учащихся (стратегия «мозговой штурм») 5. Самостоятельное ознакомление с модальными глаголам «Should» 6. Упражнения на закрепление грамматики и лексики 7. Музыкальная разминка 8. Групповая работа «защита постеров»
Рефлексия - целостное осмысление обобщение полученной информации; -формирование у каждого собственного отношения к изучаемому материалу.	9. Оценивание по критериям Выступления лидеров групп 10. Суммативное оценивание учителя
Последующее задание	Here's the proverb about health "He who has health has hope, and who has hope has everything." Make your own notes or tell about your hopes for future and whether your Health is good enough to realize all your hopes. What is you opinion of being fit? What should you do to be fit? Дифференцированное задание подготовка письменного или устного сообщения. 4. Аудирование текста «Казахстан»

	5. Упражнения на проверку понимания текста и закрепление лексики (True/ False) взаимооценивание по ключу 6. Групповая работа –«защита постеров» Astana and London Стратегия «Синквейн» Оценивание «Две звезды одно пожелание» 7. Стратегия «Диаграмма Венна» Оценивание лидерами групп
Рефлексия - целостное осмысление обобщение полученной информации; - формирование у каждого собственного отношения к изучаемому материалу.	Оценивание по критериям Самооценка «Blob tree» Выступления лидеров групп 10. Суммативное оценивание учителя A song «My flag»
Последующее задание.	To prepare presentation “My native village” Дифференцированное задание подготовка письменного или устного сообщения о родном ауле.

Әдебиеттер

1. Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан. Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. - Өскемен қ., 15 наурыз, 2007 ж.
2. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы. – Алматы, 2002.
3. Әбдікәрімұлы Б. Мәлібеков М. Білім берудегі педагогикалық технологиялар // Ізденіс-Поиск 2003, №2, 200-203 б.
4. Баймұханов Б. Оқытудың жаңа технологияларының негізгі ерекшеліктері «Бастауыш мектеп» - 2000. - №8, 9. – 3-6 б.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ АРАСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тажанова Н.А.

*«Оралхан Бөкей атындағы №44 мектеп-лицейі» КММ, Өскемен,
Қазақстан*

Ел дамуының ертеңгі бағыт-бағдарын саралаған Елбасының Жолдауында білім беру саласына: «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейіне най қын далады. Әлемдік білім кеңістігіне толығымен кірігу білім беру жүйесін халықаралық

деңгейге көтеруді талап ететіні сөзсіз» деп ерекшемен берілген. Алайда, жаһандану дәуірінде қатаң бәсекеге төтеп бере алатын мемлекет қана өркениет көшіне ілесе алады. Мемлекеттің бәсекелестік қабілеті ең алдымен оның білімділік сипаты мен айқындалатынын ескере келе, білім мен тәрбие беру саласының маңызы ерекше екенін мойындауымыз керек.

Білім – кез-келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін көрсететін басты фактор. Сондықтан білім беруде жоғары сапаға қол жеткізу қазіргі уақытта барлық қоғамдық дамудың маңызды мәселесі. Осыдан жас ұрпаққа үздіксіз білім мен тәрбие беруді жетілдірудің өзектілігі туындап отыр.

Сабақтас тықтық үздіксіз білім берудегі педагогикалық үдерісте қолайлы жағдай туғызуы үшін қажет. «Сабақтастық» ұғымы ғылымның әр алуан салаларында қолданылады және көп мағыналы ұғым болып табылады. Бұған ғылыми әдебиеттердегі оған берілген әр түрлі тұрғыдағы анықтамалар дәлел бола алады. Осыған орай, біздің зерттеуімізде оқытудағы сабақтастықтың философиялық, педагогикалық, психологиялық және әдістемелік негіздері қарастырылады. Сабақтастық – бұл күрделі және көпжақты ұғым. Философиялық әдебиеттерде осы күнге дейін «сабақтастық» терминіне бір мәнді түсіндірме жоқ. Осы ұғымға берілген анықтамалар мазмұны біздің көзқарасымыз бойынша даму үдерісі, жаңа мен ескі арасындағы байланыс, жаңада ескінің сәл дамыған элементтері мен үдерістері, дамушы құбылыстардың жаңа қасиеттері мен сапалары, ішкі бүтіндіктер сияқты сабақтастықтың мәндік белгілерін қамтиды.

Сабақтастықты жүзеге асырудағы кемшіліктердің тәжірибеде орын алып отырғандығын 2007 жылы Қазақстан алғаш рет қатысқан оқушылардың білім жетістіктерінің сапасын бағалау жөнінде Халықаралық қауымдастық өткізген TIMSS зерттеуінің нәтижесі де айғақтап отыр. Педагогикалық энциклопедияда оқытудағы сабақтастық оқытудың әр түрлі сатыларында оқу пәнінің бөлімдері арасында қажетті байланыс пен дұрыс арақатынасты орнатудан, оқытудың әрбір кезеңінде оқушылардың білімі мен білігіне қойылатын нақты талаптардан, оқу материалын беру логикалық желісі мен түсіндіру әдістерінен, сондай-ақ оны меңгеруді ұйымдастыру тәсілдерінен тұрады делінген.

Сабақтастық мәселесін шешу үшін оның мазмұндық және процессуалдық сияқты екі аспектісін ескеріп кешенді қарау керек.

Білім беру мен тәрбиелеу процесінде сабақтастықтың қажеттілігі зор. Педагогикада сабақтастың идеясы қалыптасқанға дейін жалпы еңбек іс-әрекетінде бірыңғай талаптарды сақтау және әдіс- тәсілдерді

тізбектей меңгеру қарастырылған. Осы кездегі оқытудағы сабақтастықты тура педагогикалық мағынасында қолданған Есипов Б.П. Ол білім берудің әр түрлі сатысын бір жүйеге келтіре отырып, сабақтастық шарты қажет екендігін көрсетті.

Сабақтастықтың сипатты белгілері:

- Сабақтастық – бұл оқып үйретілетіннің бұрында оқып үйретілгенмен байланысы;

- Сабақтастық байланысты жүзеге асыру сипаты әрбір келесі кезеңдерде бұдан бұрынғы кезеңде оқушылардан алған пәндік білім, білік және дағдыларын пайдаланудың қажеттілігімен анықталады, яғни оқытудың тірек нәтижелерін белсендіру. Осы тұрғыдан алғанда бастауыш мектепте жалпы және нақты мақсаттары мен міндеттері анықталып, білімділік, тәрбиелік және дамытушылық пен практикалық бағыттары бойынша тиісінше тұжырымдалады.

Мектепалды даярлық тобы (5-6 жас)	Базалық бастауыш білім беру (6-10 жас)
Мақсаты: Баланың сезімдік тәжірибесін байыту, ретке келтіру. Барлық психикалық қасиеттерін дамыту. Ойларын операцияларын қалыптастыруға даярлау.	Мақсаты: Білім алуға, оқу мазмұнына тұрақты қызығушылық тудыру. Болашақта ғылыми білім жүйесін игеруде қамтамасыз ететін ойлау түрлерін дамыту.
Негізгі әрекеті: ойын әрекеті	Негізгі әрекеті: оқу әрекеті
Сабақтастықты жүзеге асырудағы тәрбиешінің міндеттері: - Кезеңнің маңыздылығын сақтау; - Қоршаған орта мен баланы қарым - қатынасқа даярлау; - Жеке тұлғалық, танымдық қасиеттерін дамыту; - Оқу еңбегін ұйымдастыруға дағдыландыру; - Осы бағытта ата- аналармен әңгіме жүргізу; - Психологиялық зерттеулер қорытындысын оқу - тәрбие үрдісінде басшылыққа алу.	Сабақтастықты жүзеге асырудағы мұғалімнің міндеттері: - Даярлық сыныптағы даму деңгейіне байланысты деңгейіне, қабілеттеріне сүйену; - Даярлық сыныпта жетік қалыптаспаған қасиеттерді жетілдіру бағытында арнайы түзету жұмыстарын ұйымдастыру; - Ойын арқылы оқу әрекетін қалыптастыру; - Психологиялық зерттеулер қорытындысын оқу -тәрбие үрдісінде басшылыққа алу; - Осы бағытты ата- аналармен әңгіме жүргізу.

Сабақтастықты жүзеге асырудағы тәрбиешінің әрекеті: - Әрбір балаға педагогикалық психологиялық карта бастау; - Оқыту мен тәрбиелеу үрдісін сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының философиясының негізінде ұйымдастыру; - Бастауыш сынып мұғалімдерін сынып сағаттарына шақырып, таныстыру; - Әрбір балаға, сыныпқа педагогикалық мінездеме жазу; - Балаларды мектептің бірыңғай тәртіп талабымен таныстырып, талаптарды орындауға баулу.	Сабақтастықты жүзеге асырудағы мұғалімнің әрекеті: - Даярлық сыныптарға қатысып, балаларды сырттай бақылау; - 1- сыныпта ойын әрекетін басымырақ қолданып, біртіндеп оқу әрекетіне көшу; - Әрбір баланың педагогикалық - психологиялық картасын жалғастыру; - Бастауыш сыныпта өтетін шараларға балаларды белсене қатыстыру; - Балаларды мектептің бірыңғай тәртіп талабына, бірыңғай орфографиялық, каллиграфиялық талаптарға үйрету; - Әрбір балаға, сыныпқа жазылған педагогикалық мінездемені зерттеу, толықтыру.
---	--

Сөйтіп, балабақша мен мектептің байланысын орнату үшін, балабақша тәрбиеленушілері мен мектеп оқушыларын бірге дамыту жолымен жүргізілуі керек. Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру арасындағы сабақтастықты жүзеге асыруда мемлекеттік стандарт пен бағдарламалар талаптарын саралау да жүзеге асырылады.

Қорыта айтқанда, жоғарыда көтерілген мәселелер бойынша елімізде ауқымды іс- шараларды жүзеге асыру қолға алынуда. Яғни, бүгінгі күннің талабына сай адамзат алдында тұрған ұлы мұрат міндеттердің бірі өз ісін, өмірін жалғастыратын салауатты саналы ұрпақ тәрбиелеу. Бұл игі істің иесі – Ұстаз.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасы. – Астана, 2004.- Б. 13-14
2. Мыңжасарова М.Ж Ықтималдық және статистика элементтерін оқып үйренуде сабақтастықты жүзеге асыру мәселелері // Ізденіс.– 2009. - № 1. –Б. 252- 256.
3. Оспанов Т.К Перспективность и преемственность в обучении как условия активизации образовательной подготовки учащихся (на материале обучения математике младших школьников): автореф.

- канд. пед. наук.:13.00.01. – Алматы, 1990. – 25 с.
4. Дамитов Б.Қ., Ермеков Н.Т., Можоева О.И. және т.б. Қазақстан Республикасының білім беру жағдайы мен дамуы туралы ұлттық баяндама. - Астана;ҰБСБО, 2009. – 308 б.
 5. Манкеш А. Оқу – тәрбие үдерісіндегі экологиялық сабақтастықтың ғылыми – теориялық негіздері. Монография. – Алматы; «Зерде», 2005. – 240 б.
 6. Шәкілікова С.Е., Мыңжасарова М.Ж. Стохастика элементтерінің оқытудағы сабақтастық мәселелері // Білім берудегі менеджмент. - 2010. - №2. - Б.166-171

ҚАЗАҚ ТІЛІН КОММУНИКАТИВТІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Таскимбаева Р.К.

ҚАЕУ колледжі, Өскемен, Қазақстан

Қазіргі уақытта орыс тілді аудиторияларда қазақ тілін оқытуда жоғары түрлі оқыту технологиялары тиімді қолданады. Олардың ішінде проблемалық оқыту, интерактивті оқыту т.б. технологиялар қазақ тілін екінші тіл ретінде үйренушілердің белсенділігін арттыруда қолайлы болып табылады.

Коммуникативті оқыту технологиясы – пікір алуға негізделген әдістеме. Ал адамдар тілді сөйлем түрінде қолданғанда ғана бірін-бірі түсінеді, пікір алыса алады. Коммуникативті оқыту процессінің тілдік бағытын білдіреді, ол дегеніміз коммуникативті әдістемеде «сөйлеу» - тіл дамыту жұмысының бір түрі ретінде және қарым-қатынас құралы ретінде басты принциптерінің бірі болып табылады деген сөз.

Педагогика ғылымында оқыту технологиясы - «педагогикалық үрдістің жүзеге асу жолы» (В. Юдин, В.П. Бесполько). «Педагогикалық технология – оқушы мен оқытушыға қолайлы жағдайда оқу үрдісін жоспарлау, ұйымдастыру, өткізудің және оқушы мен оқытушының бірлескен педагогикалық әрекеттерін әрбір жеке бөлшегіне дейін ойластырылған моделі» (В.М. Монахов).

Осы тұрғыдан келгенде, коммуникативтік технология деп оқуға қатысушылардың барлығын және мүмкін болған құрал-жабдықтар мен ақпараттардың барлығын қатыстыра отырып, өзара белсенді тілдік қатынас әрекетіне ену негізінде оқу үрдісін құруды айтады.

Жетекші әдісі – тілдік өзара қарым-қатынас. Қолданылатын жұмыс түрлері:

- ынтымақтастықта оқу (оқытушы мен студенттер),
- жұптық оқу (студенттердің екеуара бірін-бірі оқытуы),
- топтық құрамда жұмыс істеу (топтардың құрамы өзгеріп отыруы шарт),
- оқу-тілдік диалог (өзара пікір алысу).

Коммуникативтік технологияда тілдік қарым-қатынас алдыңғы орынға шығарылады да, басқа жұмыстар осы бағдарға бағытталады.

Коммуникациялық бағыт түрлі саласына байланысатын сөйлеуді үйретуге бағдарланады. Сөйлеу мақсатына тиісті грамматикалық формалар мен синтаксистік құрылымдарының сөйлеуге қатысуы шарт және ол көбіне дайындықсыз сөйлеуге, бұрын меңгерген грамматикалық формаларды, лексикалық бірліктерді автоматты түрде қолдануға жетуі керек. Студент өз ойын еркін жеткізе алу үшін оған қажетті лексикалық және грамматикалық минимум алдын ала анықталып, тапсырылады. Бұл тілді функционалдық тұрғыдан үйрету сипатына жақын.

Коммуникативті оқыту фонетиканы, лексиканы, грамматиканы жүйелі түрде рет-ретімен тізбектеп оқыту дәстүріне қайшы.

Септік жалғаулары өзінің грамматикалық ретімен оқылмайды, сөйлеу кезінде сөйлемде қолданып тұрғанына қарай студенттердің бұған дейінгі мектеп қабырғасынан біліп келген тілдік білімдерінің деңгейінде негізделеді.

Сондықтан ол әдісстуденттің қазақ тілін үйренуін жеделдетпесе тежемейді. Сөйтіп, тілдің өмірде қолданысын үйретуде басымдық беріледі, сөйлеу әрекеті негізгі әдіс болып табылады.

Студенттердің сөйлеу әрекеттері мынадай түрлерден түзіледі: естіп – тыңдап түсіну әрекеті, диалогтік сөйлеу әрекеті (студенттер бір-бірімен), оқығанын түсіну - айту әрекеті, түсінгенін жазу және жазғанын түсіну әрекеті. Естіп – тыңдап түсінуге, содан барып жауаптасуға дайын болуға коммуникативтік оқуда мән беріледі. Ол ықшам сөйлеу жағдаятын ұйымдастыру арқылы жүзеге асады. Естіп – тыңдап түсінуге үйретуде аудио-визуалдық жазбаларды жиі қолдану диалогтік сөйлеуге, мәтінмен жұмысқа дайындық кезінде тиімді.

Диалогтік сөйлеуді естіп – тыңдаумен біртұтас та, жекелей де пайдалана беруге болады. Мақсаты ұйымдастырылған жағдаяттар арқылы ди үйрету студенттерді қызықтырады. Диалог құрылымы жағынан бір рет жауаптасу, екі я одан көп жауаптасу сияқты әр түрде қолданылады. Диалогтік сөйлеукоммуникативті оқытудың негізгі ұстанымына сәйкес келеді. Коммуникативтіліктің жауап алынған жағдайда ғана жүзеге асуы оның ұстанымы болып есептеледі. Ал диалог сөйлеу – жауаптасу арқылы жүзеге асады.

Студенттер белсенді сөйлеу әрекетіне оқу және оқығанды түсіну, оны айту арқылы да тартылады. Оқығанды түсіну, оны айтып бере алу сөйлеудің тиімді бір тәсілі. Мұндағы коммуникативтік оқу – түсінгенін айтуда немесе ол бойынша сұрақтар құруда, жоспарлауда, оқығаны бойынша түрлі жазу жұмыстарында жүзеге асады.

Жазып, сөйлеу арқылы алдыңғы сөйлеу әрекеттерінің бекітілуі жүргізіледі, әрі жазу сауатына дағдыланады. Тыңдағанын, я оқығанын жазу – бұл жазып сөйлеудің бастапқы түрлері. Студенттер жазып сөйлеудің күрделірек шығармашылық сипаттағы түрлерін де мол орындауға жұмылдырады. Олар: шағын жазбаша мазмұндау, шағын шығарма, шағын эссе, шағын реферат т.б. Студент белгіленген мақсатты жазып шыға алғанда, коммуникативтілік жүзеге асты-деп есептеледі.

Коммуникативтік сөйлеу әрекетінің қай түрі болса да, лексикалық-грамматикалық дайындық деңгейіне сүйенеді. Студенттің тиісті лексикалық қоры, сондай-ақ грамматикалық білімі болумен бірге, ол бұларды сөйлеу әрекетін орындау барысында, оларды талдау кезінде меңгере түседі. Белсенді сөйлеу әрекетін ұйымдастыруға жағдаяттың ауызекі жауаптасу мен мәтін бойынша жұмыс негізгі құрал болып табылады. Сонымен қатар, ақпараттық оқу құралдары (компьютер, аудио-визуалды құралдар) бойынша да студенттер белсенді коммуникацияға түсе алады. Бұлардың қайсысы болса да мәтін түрінде көрініс береді.

Мәтін сөйлеу әрекеттері мен лингвистикалық бірліктердің базасы. Сөйлеу әрекеттері, негізінен, белгілі бір мақсаттағы жағдаяттар, жүйелі модельдер, ауызекі жауаптасу, сұрақ – жауаптар жағдайларында жүзеге асады. Лингвистикалық бірліктер коммуникативтік мақсатқа бағындырыла отырып, тілді үйренуді жеңілдететін жүйеде беріледі. Мысалы: сингармонизм – тәуелдік категориясы – етістіктің шақтары – сұраулық және болымсыздық тұлғалар – септіктер – сан есім, сын есім, үстеу, есімдіктер жүйе реті қолданылуы мүмкін.

Ойымызды қорыта келсек, коммуникативтік оқыту арқылы білім алушылардың танымдылық қабілеттері, танымдық үрдістері дамып, сөздік қоры молаяды, оқытуда жағымды әрекет қалыптасады. Бұның бәрі дамығаннан кейін білім алушының қиялы мен ойлауы, есі мен қабылдауы, зейіні дамып қалыптасады. Танымдық қабілеттер, танымдық үрдістер әрбір технология барысында дамиды. Ал қажеттелікті қанағаттандыру әр түрлі әлеуметтік жағдайларда бағытбағдарды жоғалтпау, адамдардың эмоционалдық жағдайлары мен жеке тұлғаның ерекшеліктерін анықтау, олармен қарым-қатынастың теңбе-тең түрлерін таңдау, өзара іс-әрекет үрдісінде сол түрлерін іске асыру,

зейіндерін қадағалау және айқындау, көпшілік алдындағы жағдайларда іс-қимылын білу, өзіне зейін аударту, психологиялық қа-тынас орнату, сөйлеу мәдениеті дамиды. Ал сөздік қорының дамуы мәтінмен жұмыс істегенде, белгілі бір мәселені шешкенде дамиды. Осы технологияны қазақ тілі сабақтарында қолдану көптеген жетістіктерге әкеледі.

Әдебиеттер

1. Қазбекова Н.Т. Қазақ тілі сабақтарында коммуникативтік оқытудың элементтерін қолдану. «12 жылдық білім» 2006, №1.
2. Ерназарова З.Ш. Саналы коммуникативті оқыту әдісі. «Қазақ тілі: әдістеме» 2007, № 4.
3. Әрінова Б.А. Озық технологияларды қолданудың коммуникативтік компетенция қалыптастырудағы орны. «Қазақ тілі Қазақстан мектебінде», 2008, № 1.
4. Қасбаева Г.С. Мемлекеттік тілді коммуникативтік бағытта оқыту жолдары // «Қазақ тілі Қазақстан мектебінде» 2008, № 5.
5. Әлмұхамбетова Б.А., Ғалымжанова М.А. Білім беру жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыруда ақпараттық коммуникациялық технологиялардың қолданылуы // Педагогикалық альманах журналы 2009, №3
6. Қазақ тілі мен әдебиеті журналы 2012, №4.

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ЮРИСПРУДЕНЦИИ

ПРАВИТЕЛЬСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В СИСТЕМЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ

Алембаев К.О.

*Казахстанско-Американский свободный университет, Усть-
Каменогорск, Казахстан*

Важнейшим социальным институтом, гарантирующим реализацию обязательств, которые берут на себя взаимодействующие индивиды и организации, является государство. Государство способно обеспечить правовой порядок, без которого невозможно согласование противоречивых интересов групп и индивидов. Основной функцией государства во все времена было обеспечение баланса интересов различных социальных групп, поэтому цели государственных органов и способы их достижения, в конечном счете, определяются интересами индивидов и формируются в ходе их взаимодействия. Государственное управление выступает как механизм, с помощью которого государство на практике проводит политику по сглаживанию разного рода противоречий и удовлетворению интересов общества и его различных групп. Этот механизм включает различные этапы административной подготовки и реализации необходимых управленческих решений и социальных программ, посредством которых происходит координация и осуществление политики государства.

Государственному управлению на сегодняшний день выступает важнейшим социальным институтом. Один из видных ученых – правоведов Атаманчук Г.В. определяет государственное управление следующим образом: это практическое, организующее и регулирующее воздействие государства на общественную жизнедеятельность людей в целях ее упорядочения, сохранения или преобразования, опирающееся на его властную силу [1].

На сегодняшний день особо важным представляется роль Правительства Республики Казахстан в государственном управлении.

Правительство РК составляет единую систему органов исполнительной власти. Правительство является высшим органом исполнительной власти государства. Это определение прямо не записано в Конституции, однако такой вывод напрашивается из содержания п.1 ст. 64 Конституции, согласно которому Правительство осуществляет исполнительную власть Республики Казахстан, возглавляет систему исполнительных органов и осуществляет руководство их деятельностью. Правительство является коллегиальным органом [2].

Характеристика Правительства как органа, возглавляющего все исполнительные органы, руководящего их деятельностью и осуществляющего государственное управление, раскрывает его правовую природу, свидетельствует о его исполнительной роли в системе разделения власти.

Поиски оптимальной для современных условий структуры и функций Правительства ведутся давно. Однако неоднократные попытки сокращения численности аппарата управления, слияния и разделения министерств не сделали Правительство РК и его органы более эффективными. За годы независимости создавались, ликвидировались центральные исполнительные органы, перераспределялись их функции.

Правительство РК, являясь органом общей компетенции, осуществляет общее руководство экономической, социальной, культурной, политической и административной сферами, разрабатывает и обеспечивает исполнение государственного бюджета, общественный порядок и иные полномочия и функции, предусмотренные законодательством РК.

Следует отметить, что Конституция не определяет, кто входит в состав высшего исполнительного органа страны (Правительства). Более или менее ясно этот вопрос решен в статье 3 Конституционного закона "О Правительстве Республики Казахстан" от 18 декабря 1995 г. [3]. В его состав входят Премьер-министр, его заместители, министры и иные должностные лица.

Состав Правительства тесно привязывается к его структуре. В то же время это не совпадающие понятия. Структура Правительства - это понятие, характеризующее его с точки зрения организационно-функционального строения. Она означает совокупность его организационно обособленных подразделений (то есть органов отраслевой и межотраслевой компетенции), осуществляющих функции Правительства по государственному управлению в соответствующих отраслях и сферах.

Так, министерство является центральным исполнительным органом Республики, осуществляющим руководство соответствующей отраслью (сферой) государственного управления, а также в пределах, предусмотренных законодательством - межотраслевую координацию.

От правильно избранной структуры управления во многом зависит эффективность выполнения задач, стоящих перед Правительством, уровень его компетентности и профессионализма. Как подчеркивает академик С. Зиманов, не добившись надлежащей структурной организации и работоспособности, нельзя говорить о сильной испол-

нительной власти [4].

Необходимо учитывать, что создание тех или иных центральных исполнительных органов объясняется объективными потребностями и задачами, встающими перед государством по управлению социально-экономическими, духовно-культурными и иными процессами.

На сегодняшний день существуют центральные исполнительные органы, не входящие в состав Правительства (агентства и некоторые комитеты). Они осуществляют руководство соответствующей отраслью (сферой) государственного управления, а также в пределах, предусмотренных законодательством - межотраслевую координацию и иные специальные исполнительные и разрешительные функции.

Таким образом, необходимо отметить, что для Республики Казахстан требуется современная структура Правительства, так как на сегодняшний день границы между министерством и агентством размыты, и особого различия между ними нет. Отсутствует какая-либо систематика, обусловленная постоянными реорганизациями в центральных исполнительных органах, а также ясные мотивы и основания выведения тех или иных центральных исполнительных органов власти из ведения Правительства и подчинения их непосредственно Президенту РК.

Важное значение в настоящее время придается отдельным направлениям деятельности Правительства по решению социально-экономических проблем. Среди них функции высшего исполнительного органа страны по реализации социального законодательства, осуществления приватизации и управления государственным имуществом, развития инвестиционного климата. Необходимо изменить отношение Правительства к социальным проблемам как второстепенным, когда любые вопросы о выплатах малоимущим, нетрудоспособным воспринимаются как тормоз в экономических реформах, ускорить переход от авральных способов затыкания дыр в социальной сфере к системному методу социальной защиты населения и регулирования [5].

Исполнительные органы традиционно именуются органами государственного управления. И это вполне естественно, поскольку они осуществляют управленческие функции. Другой вопрос, что в условиях правового государства и разделения власти исполнительный характер деятельности органов управления выходит на первый план. Деятельность исполнительной власти осуществляется в рамках принципа разделения единой государственной власти на три ее ветви: законодательную, исполнительную и судебную, что закреплено пунктом 4 статьи 3 Конституции.

Литература

1. Атаманчук Г.В. Теория государственного управления. – М.: Юридическая литература, 1997.
2. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 г. // www.zakon.kz
3. Конституционный закон Республики Казахстан «О Правительстве Республики Казахстан» от 18 декабря 1995 г. // www.zakon.kz
4. Сафинов К.Б. Правительство Республики Казахстан на переходном этапе. / Под ред. Зиманова С.З. – Алматы, 2002. – 547с.
5. Сафинов К. Правительство Республики Казахстан в системе исполнительной власти. // Фемида.- 2002. - №6. - С. 23-27

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДА ӘЛЕУМЕТТІК ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тажиева М.Н.

Қазақстан-Американдық еркін университет, Өскемен, Қазақстан

Халықаралық стандарттарға сәйкес, инновация - нарыққа енгізілген жаңа немесе жетілдірілген ескі өнімнің, практикалық қызметте қолданылатын жаңа немесе жетілдірілген еске технологиялық үдерістің немесе әлеуметтік қызметке деген жаңа көзқарас түрінде болатын инновациялық қызмет нәтижесі.

Қазақстан Республикасының "Инновациялық қызмет" туралы заңында «Инновация жаңа немесе жетілдірілген өнім (жұмыс, қызмет), жаңа немесе жетілдірілген технологиялық үдеріс сонымен бірге, ұйымдастырушылық - техникалық, қаржылық-экономикалық және басқа да әртүрлі қоғамдық қатынастардың салаларындағы шешімдер түріндегі инновациялық қызмет нәтижелері. Бұл нәтижелер өндірістің әр түрлі бағыттарына және қоғамды басқару сфераларына прогрессивті ықпал жасайды», делінген.

Инновацияларды олардың белгілеріне байланысты бірнеше топтарға бөле жіктеуге болады. Технологиялық параметрлеріне байланысты инновацияларды өнімдік және үдерістік деп айырады. Сонымен қоса, инновациялық нарық үшін жаңалығына қарай, әлемдік деңгейдегі сала үшін, өндірісті (фирманы) жүйе ретінде қарыстыра, енгізілетін өзгерістердің тереңдігіне қарай, кәсіпорынның қызмет ету саласына байланысты, таралуына, өндіріс циклындағы орнына байланысты, сабақтастығына қарай, қамту жағына қарай, және тағы басқа белгілеріне қарай айырады.

Инновациялық үрдісті кезеңдерге бөлсе, бірінші кезеңде келіп түскен идеяларды жүйелеу орындалады. Екінші кезеңде идеялар іріктелінін талдама жүргізіледі, үшінші кезеңде инновацияның экономикалық тиімділігін сараптау жұмыстары өтеді. Төртінше кезеңде инновациялар бойынша талдамалық жұмыстар жасалады. Бесінші кезеңде инновациялар бойынша маркетинг бағдарламасының негізінде инновацияларды өндіріске енгізу туралы шешім қабылданады.

Инновациялық инфрақұрылым - мақсаты жаңа білімдер мен жаңашылдықтар шығару, тарату және қолдану сонымен қатар жаңа индивидуалды, ұжымдық және қоғамдық сұраныстарды құрастыру болып табылатын инновациялық қызмет субъектілерінің жиыны. Оның құрамы күрделі болып келеді. Инновациялық инфрақұрылым құрамына мыналар енеді:

- инновациялық дамудың мемлекеттік институттары;
- ұлттық технологиялық парктер;
- аймақтық технологиялық парктер;
- технологиялық бизнес-инкубаторлар;
- ғылыми қалашықтар;
- инновациялық-технологиялық парктер;
- технологиялар трансфертті орталықтары;
- инновациялық кәсіпорындар;
- инновациялық жобаларды қаржыландыратын банк институттары;
- ақпараттық құрылымдар;
- арнайы көрмелер.

Инновациялық қызмет - аяқталған ғылыми зерттеулер мен талдамалардың немесе ғылыми-техникалық жетістіктердің нәтижелерін жаңа немесе жақсартылған өнімге айналдырып, оларды практикалық қызметте қолданыстағы жаңа технологиялық процесске нарық арқылы енгізу үдерісі. Сонымен қоса осыған байланысты қосымша ғылыми зерттеулер мен талдамалар өткізу.

Инновациялық қызметті мемлекеттік деңгейде қарастырсақ бұл қызметті ең алғаш орындайтын субъект бұл - мемлекет. Мемлекеттік деңгейдегі инновациялық қатынасты ұйымдастырып, реттейтін органдар. Бұл елді басқаратын тұлға мен мемлекеттегі заң шығарушы органдар, министрліктер, осы қызмет үшін құрылған арнайы мекемелер және тағы басқалар. Бұл деңгейде инновациялық қызмет субъектілері инновациялық қызметті заңдық, нормативтік негізін құрайды. Келесі деңгейлердегі инновациялық қызмет субъектілерінің әрекеттері қалай, қандай бағытта жүретіндерін анықтап, бекітіп береді. Осы деңгейде инновациялық қызмет бойынша жоспарлар,

бағдарламалар, стратегиялар, доктриналар және тағы басқадай ұзақ және қысқа мерзімді құжаттар дайындалады. Бұл деңгейде сонымен қоса инновациялық қызметтің ары қарайғы деңгейлері мен оның қатысушылары мен қарған субъектілері анықталады.

Ғылым мен техника қазіргі кезде қоғам санасында әртүрлі бір-біріне қарама - қайшы пікірлер тудыруда. Бір жағынан алып қарағанда; жоғары дәрежеде ұйымдасқан өндірістің болуы, жаңа инновациялық және ғылыми сиымды технологиялардың адам өмірінің көптеген салаларына енгізілуі, соңғы алдыңғы қатарлы зерттеулер нәтижесінде қол жеткізілген техниканың пайдаланылуы адамзат өмірін жеңілдетіп, жайлылық сыйласа, екінші жағынан мұндай жетістіктер қоршаған ортаның ластануы, жер климатының өзгеруі, табиғи ресурстардың таусылуы, түрлі әлеуметтік ауытқулар мен конфликтілер сияқты жағымсыз салдарға алып келуі мүмкін. Мұндай жағдайда инновациялар мен жоғары технологияларды күнделікті қоғамдық өмірге енгізудің салдарын арнайы зерттеу қажеттілігі туындап отырғаны байқалып отыр.

Ғылым мен техниканың жағымсыз әсерлері мәселесіне соңғы уақытқа дейін тиісті дәрежеде мән беріліп, осы тақырып көптеген қоғамдық және ғылыми пікір-таластардың өзегіне айналмай келгенінің бірнеше себебі бар. Біріншіден, жаңа техниканың өндірілуі мен қолданылуының жағымсыз әсерлері оның қоғамға алып келеген пайдасы мен жетістіктерімен салыстырғанда елеусіз болып есептелінді. Ұзақ уақыт бойында табиғат және оның қайнар көздері адамның кез келген өндірістік қалдықтарды қорыта алады деп есептелінді. Екіншіден, ғылыми-техникалық прогрестің өзінің күшімен шешіледі деген жасырын пікір болды. Яғни, жаратылыстаналық - ғылыми және техникалық білім негізінде техника мен технологиялар болашақта осы жағымсыз әсерлер мен салдарды ескілерге қарағанда жақсырақ жоя алады, осылайша бұл мәселелердің шешімін бүгінгі күннен болашаққа жылжытуға болады деп саналады.

Жоғарыда айтылған дәйектемелердің екі типі де соңғы онжылдықтарда әсіресе климаттың күрт өзгеруі жайлы көптеген жағымсыз болжамдардың пайда болуына байланысты мұнан әрі қарай мойындала алмайды. Ғылыми техникалық прогрестің жағымсыз әсерлері уақыт өткен сайын кең етек жаюына байланысты ғылыми, техника және қоғам арасындағы жаңа қарым-қатынас орнатудың қажеттілігін мойындау керек болып жатыр.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, ғылыми-техникалық дамудың салдары тек бастапқы өз мақсаттарын өзгертіп қана қоймай, кері нәтижелер әкелуі мүмкін. Осылайша, ғылымға негіз-

делген техника қоғамдық пайдалану контексттеріне енгізілсе ол табиғи қоршаған ортаны, өмір сүру стилін, экономикалық қатынастар мен әлеуметтік өзара қатынастарды өзгерте алады. Егер техника адам өміріне енгізілсе, ол өз бетімен бірге міндетті түрде көптеген салдарды алып келеді. Жаңа алдыңғы қатарлы техниканы адам өміріне енгізген соң көп жағдайларда саясаткерлердің, зерттеушілердің, тұтынушылардың күтетін нәтижелерінен мүлдем басқаша нәтиже туындайды.

Негізгі мәселе - қоғамның ғылыми-техникалық дамуға қаншалықты әсер ете алатындығында. Көп уақыттан бері қоғамға техникалық дамуға бақылау орнату қолжетімді ме әлде техникалық дамуға иманентті динамика тән бе деген дау шешілмей келеді.

Егер бұл проблемаға ғылыми-техникалық оптимизм тұрғысынан қараса, яғни жаңа техниканы қолдану автоматты түрде тиімді болады деп есептесе, онда қоғам жаңа техника өндірісін тек өнеркәсіп пен инженерлердің қарамығына беруі тиіс. Ал өндірушілер қай жаңа техника мен технологияларды қабылдауын өз беттерімен шешпей, бұл таңдауды реттеуді еркін нарыққа жүктеулері мүмкін еді. Бірақ бұлай болу мүмкін емес. Ғылыми-техникалық прогреске бағытталған қандайда бір саяси шешімдердің әлеуметтік салдары қоғамның жалпы дамуына және оның жеке сфераларының дамуына да жағымсыз әсер етуі мүмкін. Мысалы, салықтық реттеудің әсерінен өндірістің білдей бір тармағының дағдарысқа ұшырауы да, керісінше шарықтап дамып кетуі де мүмкін. Сондықтан, техниканың әлеуметтік жобалануы яғни, оның қоғам, адам, қоршаған орта жағдайларын ескере келе өндірілуі проблемасы туындайды. Ал бұл ғылыми-техникалық дамуды тек әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар тұрғысынан зерттеу арқылы ғана іске асырыла алады. Бұл ғылыми-техникалық дамудың салдарын әлеуметтік бағалаудың негізгі міндеті болып отыр.

Бұл міндетті бірнеше бөліктерге бөлуге болады:

- Қоршаған орта мен қоғамға техниканың әсер ету механизмдерін ашу. Әр жеке сала бойынша яғни, тәуекелдер мен қауіптерді экологиялық, әлеуметтік, экономикалық, саяси өлшемдерде зерттеу.

- Жағымсыз әсерлердің адамның индивидуалды және ұжымдық қызметіне әсерін зерттеу. Бұл жерде қоғам тарапынан техникалық дамуды қолдау стратегиялары және жағымсыз әсерлерге байланысты одан бас тарту стратегияларын зерттеу жайлы мәселесі қаралады. Сонымен қоса, қоғамдағы техникалық дамуды реттеудің мысал үшін нормативтік шарттарының өзгеруі жайлы және жаңа техника туралы бұқаралық және саяси пікірлер жайлы зерттеулер мақсат етіледі.

- Техникалық дамудың түрлі қоғамдық сфералар ықпалының

механизмдерін зерттеу. Мұнымен бірге техникалық дамудың саяси және қоғамдық және тұтынушылық қажеттіліктерге тәуелділігін ескере отырып олардың салдарын ашу.

- Қол жеткізілген білімдер негізінде мәселені шешуге бағытталған әрекеттер түрлерін дайындау: технологиялық дамуға немесе оған жауап беруге арналған интергративті стратегиялар, техникалық - саяси шешімдерді қабылдауға түрлі мүмкіндіктер, белгілі бір параметрлердің дамуына ары қарайғы жоспар немесе нақты қадамдар жасауға нұсқаулар.

Техникалық салдардың шеңберінде жүргізілетін мұндай зерттеулер пәнаралық тұрғыдан әрекет етуді талап етеді. Саяси, өндірістік, халықтық-шаруашылықтық, экологиялық, әлеуметтік, мәдени, техникалық, әлеуметтік-психологиялық және этикалық аспектілер біріктіріліп, техниканы жасауға қатысушылардың ғылымнан тыс "локальды біліммен" толықтырылуы тиіс [1].

Қазіргі ғылымның дамуында жаңа технологиялардың әлеуеті мен тәуекелдерін анықтау, оларды өмірге енгізудің әлеуметтік және экологиялық салдарын бағалаудың қажеттілігі анық байқалуда. Бұл ғылым және техника философиясының қолданбалы бағыты ретінде әлеуметтік бағалаудың негізгі мақсаты болып табылады.

Ғылыми-техникалық дамуды әлеуметтік бағалау бүгінгі күні батыс еуропалық Германия, Австрия, Швейцария сияқты дамыған елдердің көбінде жүргізілуде. Бұл елдерде осы мақсатта парламент немесе үкімет құрамына енгізілген арнайы институттар құрылған. Олар ғылыми-техникалық саясатта шешімдер қабылдауда мемлекеттік ғылыми қолдау жасап отырады. Техниканы бағалау пәнаралық сипатта бола отырып, біртіндеп жеке ғылыми пәнге айналып отыр. Бұл салада пәнаралық ғылымдар топтары жұмыс жасайды – жаратылыстану, қоғамдық, техникалық ғылымдар өкілдері. Олардың мақсаты қабылданатын шешімдерге ақпараттық қолдау жасап, парламент, ғылым, қоғамдық топтар арасындағы арақатынастың тиімділігін жоғалтпау [2].

Бұл қысқаша алғандағы инновациялық үдерістің әлеуметтік сипаттамасы. Белгілі болып отырғандай, инновациялық қызмет сияқты аса күрделі және кешенді процессте оның әр қатысушысының орындайтын әрекеті мен маңызы зор. Қазіргі таңда мемлекет экономикасын қарқынды дамытып, әлемдік экономикалық қатынастарға белсенді қатысу үшін ішкі инновациялық қызметті тиімді жолға қойып, жоғары нәтиже алу - тұтастай қоғамның негізгі міндеттерінің бірі. Тиімді құрылған инновациялық қызмет мемлекет экономикасының және оның әр азаматының әлеуметтік жағдайының, әл-

ауқатының, өмір сүру сапасы мен деңгейінің жоғары болуына әсер ететін бірден-бір фактор. Ал инновациялық қызметтің өзінің тиімді ұйымдастырылуы және нәтижелілігіне оны орындау үшін жұмылдырылған түрлі әлеуметтік күштердің жұмысының жоғары деңгейде құрылып, реттеліп, бақыланып, қажет болса жаңартылған кезде ғана жетуге болады.

Бүгінгі таңда қол жеткізілген жаңалықтар адам өмірінің көп бағыттарына жеңілдіктер мен жайлылық сыйлады. Жаңа ғылыми ашылуларға жол ашты. Болашақ ұрпақты бұл бағытта өте бай мұра күтіп тұр. Сонымен қоса қазіргі таңда адамзат болашақ ұрпаққа бұл салада көптеген күрделі проблемаларды қалдырып отыр. Қазіргі экологиялық ахуал, жер ресурстарының азаюы, жер климатының күрт өзгеруі, адам қолымен жасалынған түрлі техногенді апаттардың салдары, осылардан туындаған әлеуметтік шиеленістер мен қайшылықтар болашақ ұрпақ үшін көптеген мәселелерді тудырады. Сондықтан техника мен технологияларды әлеуметтік жобалау төңірегінде жұмыс жүргізу бүгінгі күннің талабына айналып отыр.

Әдебиеттер

1. Грунвальт А.Р. Роль социально-гуманитарного познания в междисциплинарной оценке научно-технического развития // Вопросы философии. - 2011. - №2. - 115 с.
2. Горохов В.Г., Декер М. Оценка социальных рисков технологических инноваций (обзор научной конференции в Берлине). // 2011. - №10. - 176 с.

СОУЧАСТИЕ В ПРЕСТУПЛЕНИИ ПО КАЗАХСКОМУ ОБЫЧНОМУ ПРАВУ

Фоминых В.В.

ВКГУ им. С. Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан

Актуальность темы исследования обусловлена необходимостью глубокого изучения не только в статике, но и в динамике столь сложного уголовно-правового института как соучастие, а также групповой преступности как явления повышенной общественной опасности и мер борьбы с ней, прослеживания эволюции и выявления истоковых форм данных правовых явлений, преодоления неполноты разработки этих проблем в историко-правовой науке Казахстана. Установить достоверно время возникновения института соучастия в обычном праве

казахов не представляется возможным. В эпоху децентрализованности государственной власти, нескончаемых междоусобиц и взаимной вражды целые группы из одного рода производили на аулы других родов грабительские набеги, вошедшие в историю под названием «ограбление народа, нарушение счастья» (1, с. 431). Они не подвергались правовому регулированию, а разрешались, как правило, «превосходством сил той или другой стороны» (1, с. 268). С некоторой, пусть относительной и фрагментарной, упорядоченностью правовых обычаев появился и институт соучастия. О том, что лица, уличенные в соучастии, подлежали осуждению, свидетельствует пословица: «Вор должен страдать вместе с соучастником, а грабитель – с сообщником» (1, с. 443). Участвовавшие или только заподозренные в совершении одного и того же преступления совместно с обвиняемым, отстранялись от свидетельствования в суде. Вместе с тем не выделялись ни общее понятие соучастия, ни его признаки. Ответственность соучастника определялась, исходя из конкретных обычаев, касающихся отдельных преступлений. Адату было известно, прежде всего, простое соучастие (соисполнительство). Каждый из соисполнителей признавался виновным – кунакером (от слова «куна», означающего «грех, вина») и наказывался наравне с остальными (1, с. 170), т.е. они уравнивались в ответственности. Еще дореволюционные авторы отмечали, что казахи не знали степеней участия в преступлении (1, с. 375), хотя адатом различались такие виды соучастников как азгырушы – подговорщик, подстрекатель и комекши – пособник. Встречаются утверждения, что они «несли равную ответственность» с кунакером (2, с. 85), однако основную ответственность всегда нес исполнитель, а подстрекатель мог и вовсе ее избежать: «Пострадает не тот, что посоветовал бить, а тот – кто бил» (1, с. 443). Исключение допускалось в следующем случае: если совершивший убийство по чьему-либо наущению предавался смерти, то заказчик выплачивал кун, причем не за жертву убийства, а за казненного убийцу. Мягче главных виновников (исполнителей) почасту наказывались пособники. Примером пособничества служит укрывательство преступника (как заранее обещанное, так и заранее не обещанное, поскольку соучастие в преступлении и прикосновенность к нему не разграничивались): скрывающий преступника «считается также вором», но наказывается родственниками тем, что «во общество не приемлется» (1, с. 63). Привилегированные слои общества могли укрывать преступников практически безнаказанно: чингизиды формировали из них дружины теленгутов, «многие почетные и богатые» особы укрывали «хищнические шайки», получая часть краденного от главных виновников, защищаемых ими своим авторитетом, лишь из-

редка уплачивая штрафы вместо них (1, с. 377).

Пережитки родовой коллективности способствовали распространению группового сокрытия сородичей-преступников, порождавшего кровную месть – одну из причин непрерывных кровопролитных распрей в степи. Попытка его ограничения предпринималась при хане Тауке: коллектив, оказавший покровительство провинившемуся сочлену, объявлялся «виновным и ответственным» в том же преступлении (1, с. 273). Одновременно вводилась система композиций, предполагавшая, в частности, взыскания с «ближних» за убийство, нанесение телесных повреждений, воровство, учиненные сородичем. В источниках имеется информация, что некогда, в стародавние времена, убийца подвергался казни, его аул разграблялся, а родственники платили кун, но, видимо, «тройное» наказание «никогда не имело места» (1, с. 374), поскольку главенствовал принцип: «с одного барана двух шкур не дерут» (1, с. 424). Родовой коллектив мог и вовсе избежать ответственности, выдав преступника «претенденту», имевшему право его убить, обратить навсегда в рабство и т.д., либо всенародно отрекшись от виновного и подвергнув его ostracism. Такие меры применялись по отношению к однообщинникам-беднякам, тогда как богатые и влиятельные лица всецело пользовались покровительством «рода», что при неразвитости административно-судебного аппарата приводило к бытовавшим по-прежнему «самоуправным» действиям (отмщение, барымта). Учитывая партикуляризм и противоречивость обычного права, следует отметить, что отзвуки архаичной покровительственной системы обнаруживаются и в позднейших обычаях, свидетельствующих, что сокрытие убийцы или беглого преступника с ведома всего аула не влекло никакого штрафа (1, с. 59, 62). Различение форм соучастия только намечалось, представления о них были довольно расплывчатыми. Отчетливо не распознавалось соучастие с предварительным сговором и без него, но российские комментаторы выделяли такую разновидность преступных формирований как шайка. Она состояла из лиц, занимавшихся преступлением как ремеслом, отличалась определенной организованностью и согласованностью действий, создавалась в точно очерченных целях, чаще всего, для захвата скота и другого имущества, грабежа купеческих караванов. Такие шайки именовались также «воровскими партиями» (3, с. 150). В роли жортуыл-басы (главы шайки) нередко находились представители социальных верхов, приумножавшие таким способом свои состояния, в т.ч. султаны и батыры, отличавшиеся «смелостью, сметливостью и умением владеть... вооружением» (1, с. 377, 382). Принадлежность таких руководителей к господствующему классу предопределяла их

фактическую недостижимость для правосудия.

